Возможности, которые появились с началом перестройки и гласности, привели авторов исторических романов к поискам исторической правды, сделали ее ведущим мотивом их творчества. Все это привело к усилению в исторической прозе документализма и более широкому использованию исторических гипотез. На основе вновь открытых документов и фактов писатели стремятся отстоять новые взгляды на исторический путь башкирского народа, его общественное и культурное развитие.

Ключевые слова: Роман, документализм, историческая гипотеза, исторический роман, историческая правда.

Summary

The opportunities that have arisen with the beginning perestroika and openness, led the authors of historical novels in the search for historical truth, have made it the leading motive of their creativity. All this led to an increase in the historical fiction documentary character and the wider use of historical hypotheses. The writers tend to defend the new perspectives on the historical path of the Bashkir people, his social and cultural development. On the basis of newly discovered documents and facts.

Keywords: Roman, documentalism, historical hypothesis, the historical novel, the historical truth.

Возможности, которые появились с началом перестройки и гласности, привели авторов исторических романов к поискам исторической правды, сделали ее ведущим мотивом их творчества. Все это привело к усилению в исторической прозе документализма и более широкому использованию исторических гипотез.

«Кровавый 55-й» Г. Хусаинова сочетает в себе черты таких жанров древней и средневековой восточной литературы, как тауарих, летопись, тахризname (письмо) и представляет собой оригинальное документально-художественное произведение. Его можно определить как историко-хроникальный роман. На основе документальных

* кандидат филологических наук, доцент Башкирский государственный университет, г. Уфа-Башкортостан.

Candidate of Philology, Associate Professor of Bashkir State University, Ufa-Bashkortostan.

источников середины XVIII века автор воссоздает объективную картину жизни Башкортостана той поры. В это время на землях башкир было построено множество заводов и крепостей. Проводилась политика насилиственной христианизации мусульманского и языческого населения края. Одной из главных причин восстания 1755 года было посягательство на духовную свободу народа. Стремление показать общественно-политическое развитие народа на основе нравственно-этических принципов стало для башкирской литературы новым достижением.

Роман отличается композиционным своеобразием: он состоит из двух относительно самостоятельных произведений. В отличие от классического романа-хроники, где временная последовательность соблюдается достаточно строго, автор позволяет себе нарушать естественное течение времени авторскими ремарками и отступлениями. Своеобразен и язык романа: стиль повествования произведения приобретает черты письма Батырши императрице, широко используются слова из арабского и персидского языков.

Использование в основе сюжета нравственно-философских принципов и подходов, преобладание нравственно-психологических конфликтов придает роману, наряду с указанными, социально-психологические черты.

Несколько позже романа Г. Хусаинова увидел свет роман Р. Баимова «Кречет мятеjный», также продолжающий традиции историко-документального романа. Роман Р. Баимова посвящен описанию одного из самых горьких и героических моментов истории башкирского народа – национальному движению 1917 – 1920 гг., а также деятельности одного из видных деятелей башкирского национального движения того времени З.Валиди. В источниках советского периода национальные и религиозные движения народов России начала XX века характеризовались как буржуазно-националистические, направленные против революционных устремлений народных масс. Р. Баимов в своем романе подвергает критике устоявшиеся представления и стремится восстановить историческую правду о событиях тех далеких уже лет. Не останавливаясь на деталях, автор ведет повествование на уровне идей и концепций. События развиваются в романе резко и стремительно. Вся сила устремлений писателя направлена на раскрытие истинной сути событий, восстановление исторической справедливости по отношению к деятелям минувшей эпохи.

Сложная и жестокая общественно-политическая борьба выводит на арену истории множество самых разных людей. Становление Заки Валиди, крупного исследователя истории, культуры и литературы восточных народов, в качестве одного из ведущих политических деятелей тюркских народов рассматривается Р. Баимовым как веление времени. Политическая деятельность Валиди направлена на построение федеративного государства, где национальные автономии имели бы реальную полноту власти.

Разделяя взгляды своего героя, автор отмечает, что проблема цивилизованного устройства государства всегда была в России одной из самых сложных и трудных. Нежелание русского государства предоставить хотя бы минимальную автономию национальным регионам, стремление всегда быть во главе и всем руководить рассматривается как одна из главных причин всех неудач государственного строительства.

Своим романом Р.Баимов показал всю пагубность для башкир политики классовости, партийности и тоталитарного режима России, деятельности партийно-правительственного аппарата России, основанного на принципах империалистического государства.

Автор в своем романе использует самые разнообразные литературно-художественные средства, что несомненно повышает интерес читателя. Это произведение своей яркой публицистичностью, эпичностью, остротой поставленных проблем стало заметным явлением башкирской литературы последних лет.

Ограничение рамками документа создает неимоверные трудности при воссоздании характеров и образов, описании внутреннего состояния героев, их психологии. Б. Рафиков такими своими романами, как «Карасакал», «В ожидании конца света» показал, что не только строгое следования историческим фактам, но и творческая фантазия играет огромную роль для создания полноценного художественно-исторического произведения.

Б.Рафиков получил широкую известность своими романами-гипотезами: «Оседланный конь», «Кунгак», «В ожидании конца света». Историческая гипотеза это такая форма жанра, при котором писатель имеет возможность по-своему трактовать те или иные события, обогащая их новыми данными, переставляя, следуя логике объективности, местами, додумывая там, где нет достоверных исторических свидетельств.

В романе «В ожидании конца света» к анализу событий начала XIII века автор подходит с историко-философских, социальных позиций, стараясь понять причины того, что башкиры, булгары, кипчаки, другие народы, находящиеся на разных ступенях исторического и культурного развития, оказались под властью татаро-монгол.

Особое значение Б.Рафиков придает образу выдающегося поэта средневековья Кул Гали, который играет значительную роль в композиционном построении романа, усилении конфликта романа. Гуманистические идеи, воплощенные в произведении Кул Гали «Киссаи Йусуф» находят свое воплощение в романе в описании исторического контекста эпохи, усилении драматического, психологического начала романа.

Широко используются и исторические свидетельства монаха Юлиана. С их помощью автор воссоздает картины жизни башкир того времени, данные глазами человека иной культуры, иного вероисповедания.

Достижение высокого уровня художественности в исторической прозе обычно становится актуальным в те периоды жизни общества, когда общественно-политические процессы начинают носить более спокойный характер. Тогда писатель имеет возможность более глубокого проникновения в описываемые им процессы и явления, стремится к художественно адекватному и полноценному их воплощению в ткани литературного текста, особое внимание уделяет логико-философскому и психологическому обоснованию поступков, мыслей и чувств своих персонажей. Примерами подобного отношения к описываемому историческому материалу служат произведения Б. Рафикова и роман Н. Мусина «Здесь покоятся кости батыров». По своим жанрово-стилевым особенностям роман Н.Мусина близок к роману Б. Рафикова «Карасакал». При создании образа Алдар батыра Н. Мусин не ограничивал себя требованием строгого соответствия историческим данным. Его задача – исследовать общественно-политическую деятельность тархана Алдара на возможно более широком социальном фоне, значительное внимание уделяется и психологическому обоснованию поведения героя.

Значительную роль в развитии литературно-художественных достоинства башкирской исторической прозы сыграло обращение к психологическим аспектам жизни людей того или иного общественно-исторического периода: особенностям мировоззрения и мироощущения, межнациональным и межэтническим связям и отношениям. Усиление этой тенденции ведет к необходимости выявления психологических аспектов поведения героя, особенностей его духовного мира.

ӘОЖ 818.992 71

**М.ДУЛАТҰЛЫ – ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТТАНУ ФЫЛЫМЫНА МОЛ
ҮЛЕС ҚОСҚАН ҰЛЫ ТҮЛҒА**

M.DULATULY - KAZAKH LITERARY SCIENCE MAXIMUM
CONTRIBUTION TO A GREAT PERSONALITY

Құдайберген МӘМБЕТОВ^{*}

Түйіндеме

Мақалада дарынды ақын, ағартушы, публицист М.Дулатұлұның жастарды білім-ғылымға шақырған лирикалық туындылары сараланды. Түрмис, салт-сана және оқу, ғылым туралы көсемсөздерінің бүгінгі таңда да барынша қажеттілікке айналып отырганы мақалада жан-жақты сараланып берілген. Соңдай-ақ олардың тәуелсіз Қазақ елінің тағдырымен, болашағымен байланысын айқындауға талпыныс жасалады.

Кілт сөздер: Алаш, оқу, білім, ғылым, көсемсөз, лирикалық туынды.

Summary

This article is an analysis on the lyrical work of a gifted poet, educator, essayist M.Dulatuly to encourage young people to know. The article details the life, habits, learning about science and journalism and the importance of it all. As well as its aspirations for the future of the independent Kazakh nation.

Keywords: Alash, training, education, research, publicity, lyrical work.

Алаштың арысы М.Дулатұлы – туған Қазақ елі үшін бүкіл өмірін құрбан етуге сәт сайын дайын тұрған күрескер ұлы ақын. Оның ел аудында жатталып, бүгінгі таңда да өзіндік құнын жоймаган «Таза бұлақ», «Мұн», «Арманым», «Сырым», «Қажыған көңіл», «Қиял», «Тан» өлеңдері – тәуелсіздігіміздің нығайып дамуына, Қазақ жүртіның өсіп, өркендеуіне, мәдениеті мен әдебиетінің көркеюіне мол үлес қосатын көркем туындылар.

М.Дулатұлұның:

Елең етер намысқа қызып жігіт аз,
Бұл не ғажап - жұрт керең боп қалған ба?
Мен не болсам, болайын саған садақа,
Сүйікті жұртым, қақпанға түсіп алданба! [1, 96] –

* филология ғылымдарының кандидаты, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті, Түркология ғылыми-зерттеу институтының ага ғылыми қызметкери Түркістан-Қазақстан

Candidate of Philology, International Kazakh-Turkish University named Kh.A.Yasawi, Senior scientist of the Research center of Turkology, Turkestan-Kazakhstan.

Мәмбетов Қ. М.Дулатұлы – қазақ әдебиеттану ғылымына...

деген өлең жолдарынан оның қарақан бастың қамын ойламай, өзін халқы үшін құрбан етуге дайын екенін көреміз. «Мен не болсам, болайын саған садақа» деп ел мұнын, халық мұддесін жеке өз басынан жоғары қояды.

Ақын «Шағым» өлеңінде «қалғанша жарты жаңқам мен сенікі», «пайдалан шаруана жараса Алаш» - деп нағыз қүрескер, халқын қапысыз сүйген, қазағының қайғы-қасіреті мен қуанышына ортақтаса білген ақын екендігін айқындай түседі.

М.Дулатұлының «Қазақ халқының бұрынғы һәм бүгінгі халі» атты туындысында қазақ халқының тұрмыс-тіршілігін, халықтың басындағы ауыр халді айта келіп, сол қасіреттен шығудың жолын лирикалық өлең жолдары арқылы көрсете отырып, қазақ халқына адал қызмет ету - әрбір саналы, оқыған азаматтың ең бірінші борышы, міндеті екендігін ақын былай толғайды:

Адасып қараңғыда сорлы қазақ,
Ай тумай, күн һәм шықпай, түр таң атпай.
Сөндірмей жанған өртті көрген адам,
Қалайша түру мүмкін жанға батпай [1, 21].

Ақынның бұл өлеңінің құндылығы бүгінгі тәуелсіздікке қол жеткізген Қазақ елінің жастарына да мол шуагын тигізетіндігі ақиқат. Ел басындағы отырган абзал азаматтарымыз М.Дулатұлының халқының болашағын, бостандығын жырлап өткен өлөндерін оқып, өздерінің болашағына айқын, тұра жол табары сөзсіз.

Патшалық Ресейге өз еркімен Қазақ елі қосылғанмен халық үміті ақталмағанын, қайта қараңғы қапаста қалғанын, одан құтылуудың жолы – бірлік пен ынтымақта, болашақты ойлаған саналы іс-әрекетте, өнер-білімге үмтүлған өршіл талапта екенін ұғындырган ақынның жан айқайы «Таршылық хәліміз хақында аз мүнәжет» өлеңінде айқын көрініс тапқан.

Жас орнына көзімізден қан кетіп,
Қолымыздан ата мирас заң кетіп,
Хұқім шаригаттың емес қолда,
Ғаділдікпен халық билеген хан кетіп.

Аяқ асты болып қазақ қалды ғой,
Құр әншейін рухы қалып, жан кетіп.
Шаһбазалар басшы болған милләтке.
Аяғына қан түсті ғой мән кетіп [1, 40].

Ұлтының келешегі үшін күш-жігерін аямаған, адасса халқымен бірге адасқан, сәулесі жарық жолға ұмтылса – ұлтымен қоса ұмтылған, өзінің білімін осынау қорланған, намысы тапталған, мусәпір болған халқына бағыштап қол ұшын беруді перзенттік парызым деп санаған Алаштың ұлы тұлғаларының бірі – Міржақып Дулатұлының әдеби туындыларын XXI ғасыр тұрғысынан қайта қарау – біздің қазіргі тәуелсіз кездің ғылымына қажетті іс.

Тәуелсіз қазақ елінің дамып өркендеуіне, тұғырының нығайып бекуіне М.Дулатұлының өлеңдері, көсемсөз, әдеби сын, зерттеу мақалалары – қазақ тілінде басылған туындылары орасан зор қызмет атқарады. Бүгінгі таңда да өзіндік құнын жоймаған ұлы туындылар.

Алаш азаматы М.Дулатұлы – қазақ әдебиеттану ғылымына нақты үлес қосқан ұлы тұлға. М.Дулатұлы өзінің «Үрпаққа хат» көсемсөзінде: «Ол жылдарда бізде жазба әдебиет жоққа тән еді, ал мерзімді басылым болмады. Не істей керек? Ойдана келе баспасөзде үн көтеруді жөн санадым. 1910 жылы «Оян, қазақ!» деген атпен өлең кітабым жарық көрді» [2, 8], – деп жазады. М.Дулатұлының «Оян, қазақ!» өлеңдер жинағы аз уақыттың ішінде татар баспаханасынан бірнеше мәрте басылғып шықты. «Оян, қазақ!» деп Алаштың ұранына айналған бұл өлеңдер жинағы қазақ даласын шарлап кетті.

Көзінді аш, оян, қазақ, көтер басты,
Откізбей қараңғыда бекер жасты.
Жер кетті, дін нашарлап, хал харам боп,
Қазағым, енді жату жарамас-ты [1, 13].

М.Дулатұлының алдына қойған мақсаты мен айтайын деген ойы төрт жолдық беташарға түгел сыйғызылған. Осы жинағы туралы автор: «Осының өзін көп көрді ме, қазақ кедейлерінің арасында төңкерісшіл әдебиет пайда болды деп, жандарм басқармасына ұзынқұлақ жеткізген үндеместер табылды. Ұстап, 1911 жылы абақтыға жапты» [2, 8], – дейді. Өзінің қайталанбас туындысы арқылы М.Дулатұлы қазақ ғылымына орасан үлес қости.

Алаш саясаткері, қогам қайраткері, әдебиет иесі, ғалым, ақын, тұнғыш қазақ романының авторы М.Дулатұлының әдебиеттанушылық мұрасын зерделеу өмір талабынан туындалп отырған дүние.

М.Дулатұлының «Октябрь төңкерісінің үшінші жылы» туындысында: «Ешкімге бағынбаған, тірі жанған жалынбаған, еркі өзінде ерке жауынгер, ержүрек, жігерлі, өзі көсем, серке еді. Ақ көңіл, ақ жарқын, уағдашыл, айтқан сертке берік еді.

Бұл кім десеніз?

Қазақ еді.

Сарыарқаны жайлаған, есепсіз мал айдаған, соны қоныс, тұнық су; шалғынға бие байлаған, көл жағалай ел қонып, ат шаптырып, той қыльып, мереке қызық құн сайын, жарыс салып жас ұлан, қыз бозбала ойнаған, уайым жоқ, қайғы жоқ.

Бұл кім еді десеніз?

Бұл қазақ еді!

Құл болды, қор болды. Жайылып жатқа бас ұрды. Басынан ерік, малынан билік кетті. Жер мен судан айрылды. Жігер қатты жасыды. Қоян жүрек қорқақ болды. Партия деген пәлеге жолықты.

Бұл кім?

Бұл да – қазақ,

Бірақ бұл орыс патшасына бағынып, өткен күнін сағынып, бір көруге зарығып, жарық сәуле көре алмай, қарандыда қамығып, жыламсырап қамыққан қазақ еді» [2, 9-10].

М.Дулатұлы қазақтың өткен өмірін шебер, шынайы суреттеген. Еркін өскен жауынгер, «ержүрек қазақ», «қоян жүрек қазақ», «қарандыда қамығып», «жайылып жатқа бас ұрған» қазақтың басынан өткен ауыр тауқыметті тұрмысын жазған, ашығын айтқан. М.Дулатұлының шығармаларын зерделеп таныған сайын оның нағыз терең ойлы ұлы ғұламағалымдығына көзің анық жетеді.

М.Дулатұлының «Тұрмыс, салт-сана, оқу» туралы көсемсөзінде: «қымыздан артық сусын жоқ», «шайнамның сүйкімдісі жылқы еті», «үй-ішінің қожасы - ерек», «әйел – еркектің ыңғайымен жүріп, айтқанын істейді», «баланың билігі әкесінде», «әкесінің сезін тыңдамаған бала – бейбастақтық, көргенсіз аталады», «ауылдың билігі ақсақалда, ақсақалға бағынбаған ауыл бетімен жайылған, бассыз, берекесіз аталады» [2, 71].

М.Дулатұлы әр елдің қолданған салт-санасы сол елдің кәсібімен байлаулы, яғни «салт-санасының әкесі – кәсіп» [2, 73], – дейді.

Сананы тәрбиелейтін – кәсіп пен оқу; санаға оқудан да кәсіптің әсері артық дегенбіз. Бұрынғы оқу кәсіпсіз құрғақ оқу болғандықтан, сананы кәсіптей тәрбиелей алмайтынын көргенбіз. Жаңа оқу – бұрынғыдай құрғақ оқу емес, кәсіпке, бейнетке баулып үрететін оқу. Сондықтан жаңа окудың салт-санага тигізетін әсері тұрмыстың, кәсіптің әсерінен артық болмаса, кем болмаққа тиіс» [2, 79] (Таймінер. «Қызыл Қазақстан» журналы, 1923 ж., № 15), – дейді М.Дулатұлы.

Ақынның бұдан 91 жыл бұрын айтқан «кәсіп пен оқу» туралы жазған көсемсөзі бүтінгі таңда енді ғана қолға алынып жатқан дүниелер. Білім мен кәсіпті байланыстыра оқыту мәселесін Білім және ғылым министрлігі дамыған елдердің тәжірибесіне сүйеніп қолға алды, бұрынғы өткен оқыған зиялы қауымдардың жазғандарына мән бермей, зерттеп, зерделемеудің салдарынан туындалап отырған мәселе.

М.Дулатұлы «Балалардың ақылына тоқыған білімін, құрғақ білім күйінде қалдырмай іске асырып, баланың ойымен түсініп, білгенін қолымен істеп, ... ғылымның түрлі заңдарын ақылына тоқып, жаттап алғанның үстіне, ол заңдарды іске асырып, өз қолымен іс істеп үйренеді. Мұнан: бала жасынан еңбекке үйреніп, бейнеттен жиренбей, бейнеттің адамгершілікке зияны жоқ екенін, тұрмысқа аса пайдалы екенін жан-тәнімен бірдей түсініп шығуы тиіс; Жасынан еңбек қылышп, еңбекті сүйіп үйренген баланың санасында еңбектен жиренетін теріс ұғым қалмасқа тиіс» [2, 79], – дейді. Яғни баланы мектеп табалдырығынан бастап еңбекке, кәсіпке баулу өте тиімді болмақ. Бүтінгі таңда «құрғақ білім күйінде» қалмай оқыту және кәсіпке баулу өмір талабынан туындалап отырған мәселе.

М.Дулатұлы «Ғылым төңкеріс» атты көсемсөзінде: «Ғылым төңкерісінің толқыны езілген халықтың дертіне ем болатынын халық сезуге тиіс, халық ақыны халық сезімін жырлайды; ғылым төңкерісін ақынның сүйгені – халықтың сүйгені!» деп ақын:

«Шар тараптан жиналсын,
Жаңа талап жас ұлан.
Ғылым туын қолға алсын,
Құттықтаймын бас ұрам» [2, 145], –

деп жастарды білімге, ғылымға, кәсіпке шақырады.

М.Дулатұлының көсемсөздерінің қай-қайсысын зерделеп, зерттесең де оның бойында бүтінгі тәуелсіз Қазақ елінің тағдырымен, болашағымен байланысын аңғару қыын емес.

Кейбір саясаткерлер Қазақ елінің мемлекеттілігін «егемендік алған жылдардан бастау алады» деген пікіріне М.Дулатұлының: «Қазақ - ғасырдың ар жағында көп заман бұрын өзінің хандығы болып, өзін-өзі билеген ежелден қазақ атанған түркі жұртының бір тарауы» [2, 82], - деген аталы сөзі дәйек болып табылады.

Қазақтың мемлекеттілігінің тарихы Керей мен Жәнібек 1465 жылы алғашқы хандық құрған кезден басталады. Бұл туралы Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Астана қаласы активімен кездесу барысында,

келесі жылы еліміз қазақ мемлекеттілігінің 550 жылдығын мерекелейтінін айта келип: «Керей мен Жәнібек 1465 жылы алғашқы хандықты құрды, қазақтың мемлекеттілігінің тарихы сол кезден бастау алады. Бәлкім ол бүгінгі шекарасындағы, бүкіл әлемге осынша танымал әрі беделді, осы ұғымның қазіргі мағынасында мемлекет болмаған да шығар. Бірақ бұлай деп сол кездегі басқа да барлық мемлекеттер туралы да айтуға болады. Ең маңыздысы, сол кезде оған негіз қаланды, біз бабаларымыздың ұлы істерінің жалғастырушыларымыз. Бүгіндегі біздің еліміз барлық таяу мемлекеттермен көпғасырлық достық және тату көршілік дәстүрлерін сақтап отыр. Осы қарым-қатынасты әрдайым сақтағанымыз жөн» [3, 1], – деді. Қазақ елі тәуелсіздігіне қол жеткізген соң ғана өзінің тарихын, мемлекеттілігін, дінін қалпына келтіріп, ата-бабаларымыз аңсан өткен армандарына қол жеткізді.

М.Дулатұлы әдебиет майданында Қазақ елінің тағдырына, болашағына, басын көтеріп, көзін ашып оянуына мол үлес қосқан Алаштың біртуар ардақты азаматы.

М.Дулатұлының «Қазақ тарихы» (Түрік баласы. «Қазақ», 22 март 1913 ж. №7) мақаласында «Алаш» туралы өз пікірін, ғылыми-зерттеуін ұсынған: «Қазақтың «Алаш» атанғаны хижреден (Мұхаммед ғалейін сәләмнің Меккеден көшіп, Мединеге барып кірген күнімен) алты жұз жыл өткен соң, Шыңғыс хан тұсында болды. Шыңғыс хан бүкіл мұліктен тәрт баласына беліп бергенде, Дешті Қыпшақты, Сібірдің күнбатыс жағын осы күнгі Сарыарқаны, Еділ-Жайық өлкесін үлкен баласы Жошыға беріп еді. Ол күнде Жошы ұлысына қараған алты рұлы ел бар еді. Сол алты рудың һәр-қайсысына бөліп алты ұран беріпті, һәр руға өзіне бөлек таңба, ағаш қос беріпті. Сол күнде бүкіл Жошы ұлысының ұраны «Алаш» болыпты. Жошы ұлысында алты ру болғандықтан, «Алты Алаш» болады. «Алаш» деген сөздің алғашқы мағынасы – Отан кісісі (Соотечественник) деген сөз болады. Мұны бір ақынның Абылайға айтқан өлеңінен білеміз:

Тақсыр-ау, ұнатсаңыз, қарашыңмын,
Ұнатпасаң, жай жүрген алашыңмын [2,8], – дейді.

Сол өлеңде «Алаш» отан кісісі мағынасында және қазақта «Алаң келе ме, Алаш келе ме» деген бір мәтел сөз бар. Сондағы Алаң – шет елдің кісісі, Алаш – отан кісісі мағынасында болады.

Сол күнде Жошы ханға «Алашы» деп лақап қойылады. Алашы – алаштың басшысы (глава отечества) мағынасында болады. Қазақтың

«алаш алаш болғанда, алашы хан болғанда» деген ескі сөзі сонан қалған.

Алаш қайраткері, ақын М.Дулатұлы өзінің пікірі арқылы Алаш сөзіне қатысты бүгінгі таңда да өзіндік құндылығын жоймаған ғылыми тұжырымдама жасаған.

М.Дулатұлының алаш жастарына арнап жазған «Өнерін халық пайдасына жұмсап жүрген оқығандарымызға», «Жастарға», «Насихат ғумумия», «Шатлық», «Жігіттерге», «Шәкірт», «Жас қазақтар, қайдасың?», «Алашқа», «Жаңа тілек» өлеңдерінде жастарды оқуға, өнерге, ғылымға, еліне қызмет етуге үндейтін. Бүгінгі жастарымызға да XXI ғасырда жөн сілтейтін құнын жоймаған туындылар.

Ақын өлеңдер жинағының «Сөз басында»: «Қой, бүйтпелік, һәр халықтың күші һүнер болса, ол һүнерге аллатагала қасында һиммәтіміз (ынта, талап) саясында біз, қазақтар да ортақ болсақ керек, соның үшін мұсылманиша ғылымдар оқып, дінімізді танып, надандардың көзін жойып, көңілін ашып, мұнымен ахиреттік файдамызды табалық» [1, 19], – деп, халықтың күші өнер, білім, ғылым, оқуда деп түйіндейді. Ақынның «Өнерін халық пайдасына жұмсап жүрген оқығандарымызға...» өлеңінде:

Жау жүрек, қыран көзді арыстаным,
Жан қиып халық үшін қарысқаның.
Қатардан қазақ сорды қалдырмасқа,
Бәйгеге ұлы дүбір жарысқаның [1, 36].

М.Дулатұлы оқыған көзі ашық жастарға халқынды қатардан қалдырмай, талмай халқына адал қызмет ет деп үндейді.

Ақынның «Жастарға» атты өлеңінде жастарды «жатырсың қазақ оянбай», «бар ма екен біздей ғафыл жүрт», «атырафқа көз салсан», «көзі іскенше үйқыға», «келе жатқан тоя алмай» деп оқымай, елге масыл болып жүрген жастарды сын садағына алады.

Сонымен катар ақын жастарға ақыл-кеңесін береді, халқына қызмет ет, елінді қараңғылықтан алып шық деп үн қатады.

Етемін уміт жастарым,
Мұрадын оңай кім табар,
Жар салып жүртқа қақсамай?

немесе:

Халыққа, жастар басшы бол!
Қараңғыда жетектеп.
Терен судан өтер ме,

Мың қойды серке бастамай? [1, 37]

М.Дулатұлының өлеңдерінің құндылығы сондай, жаңа Қазақ елінің көк туын желбірететін бүтінгі жастарымызға да арнап айтқанын аңғару қын емес. Қазіргі жастарымыз М.Дулатұлының туындыларын оқып, өмірлеріне мол азық етіп алса, ақын айтқандай «халыққа жастар, басшы болары» сөзсіз. Бүтінгі Елбасының көрегендік саясатымен құрылған «Болашақ» бағдарламасымен әлемнің түкпір-түкпірінде оқып жатқан жастарымыз, жалпы оқыған қазақ жастары болашақта ақын жырлағандай: «қараңғыда жетектеп», «терең судан өткізіп», «мың қойды серке бастамай?» кім бастайды, болашақ жастардікі, Қазақ елін әлемге танытып, нығайтып, дамытатын жастар. Міржақып Дулатұлының «етемін үміт жастардан», «жаңа гүл шашқан бақшадай» деп айтқан ақындық сөзі бүтінгі жастарға да айтылғаны ақиқат.

Ақын «Жігіттер» өлеңінде: «Ойын-құлқі жастықта гүл дейміз ғой», «Сауық-сайран етелік жүр дейміз ғой» дей келіп:

Тоқта, бірақ осыдан пайда бар ма?
Қатемізді өзіміз көрмейміз ғой.
Ұзын сөздің қысқасы, құрбыларым,
Өнер абзал бәрінен, білмейміз ғой [1, 58].

М.Дулатұлының өлең шумақтарынан «ойын-құлқі, сауық-сайран» салғаннан жастарға еш пайда болмайтынын, тек «өнерлі өрге жүзөр» дегендегі өнерлі жас елінің тірегі, болашагы деген ақыл-кеңес айтады.

М.Дулатұлының «Насихат ғумуия» атты өлеңі жиырма жеті бөлімнен тұратын (140 шумақ) осы өлеңінде автордың негізгі ақындық кредитосы, азаматтық платформасы баяндалған поэзиялық монолог деп бағалауға болады.

Қазақ елі Россияға өз еркімен қосылғанмен үміт ақталмады, құрамындағы әр түрлі ұлыс-ұлттармен бірге ел қатарлы тіршілік етерміз деген арман-мұдделері табан асты болып тапталды, бұратана халыққа айналды. Осыны көрген ақынның шерлі жүргегінен запыран болып өлең шумақтары төгілді. Ақын бұл қараңғы қапастан құтылудың бірден-бір жолы – бірлік, ынтымақ, саналы іс-әрекет, өнер-білім, ғылымға үмтүлған өршіл жастарда екенін халқына өлең жолдары, көсем сөздері, көркем шығармалары арқылы жеткізумен болды.

Базары өнер-ғылым ашылғанда,
Лайық емес сіздерге құр қалатын.

Жан фида ғылым үшін мал тәрк ет,
Артылсын күн-күн сайын мәгрифатың [1, 58].

Болашақты болжайтын көреген ақын өзінің насихаты арқылы бүгінгі тәуелсіздігіне қол жеткізген қазақ жастарына «базары өнер-ғылым ашылғанда», «лайық емес сіздерге құр қалатын», «мал тәрк ет» білім-ғылым жолында деп ақыл-кеңесін, насихатын уағыздап отырғаны ақиқат.

Бүгінгі қазақ жастары ғылымға көніл бөлуі абзal. Ол жаңа заманның өмір талабы.

Жігітке талаптанған мың рахымет,
Пайдасын ғылымының халыққа шашқан.
Жаны ашып нашарларға құрмет етіп,
Салса егер тұзу жолға болса адасқан [1, 59].

Ақын «шығады асыл – тастан, өнер жастан», «жігітке талаптанған мың рахымет», «пайдасын ғылымының халыққа шашқан» деп жастардың оқу-білім, ғылым арқылы еліне, халқына адал қызмет етуін армандаған. Бүгінгі таңда оқимын, ғылым жолына түсемін деген жастарға жарқын жол ашық.

Ақын «заманның кемшілігін айтқан зарлап», «үзілмей данышпандар шығып жатыр», «милләтке жаны ашып, ғамын ойлап» халқының қайғысы мен мүшкіл халдеріне жаны ашыған орыста Пушкин, Гоголь, Лермонтов, Крылов, Тургенев, Толстойлар бар десе:

Қазақта бұлар тендес бар гой шешен,
Халықтан мойны озып болған көсем.
Семейден шықты Ыбырай Құнанбаев,
Сөзінде хате бар ма сынап көрсөң?

Ақын аз Байтұрсынов Ахметтей,
Сөзі алтын мағынасы меруерттей.
Оқыған ғибрат альп жас жігіттер,
Нәммәсі өз халқына хызмет еткен.

Оралдан Әбубәкір молла шықты,
Омбыдан Қыпшақбайдай жорға шықты.
Торғайда Ақмолла мен Нұржан жатыр,
Шөже, Орынбай, Мәшіүр Жүсіп о да шықты [2, 76].

Ақын жастарға өздері өмір сүрген заманның кемшілігін зарлап айтқан ақын-жырауларды, данышпан тұлғаларды саралай келіп, «бұлардың әрбір сөзі файдага асқан», «іннерін хатқа жазып халыққа

шашқан», «мақтап өлең айтпаған нәрсе алуға», «ғажайып хикмәттің кілтін ашқан», - деп насиҳаттайды.

Жастардың М.Дулатұлының насиҳат өлеңінен алғын тибраттары үшан-теніз.

М.Дулатұлы үлтінің келешегі үшін қүш-жігерін аямаған, адасса халқымен бірге адасқан, сәулесі жарық жолға ұмтылса – ұлттымен қоса ұмтылған, қазақ халқының үлттық санасын ояту үшін «Оян, қазақ!» өлеңдер жинағын жазған, өз дәүірінің көкейкесті мәселелерін көтерді, ағартушылық идеяларын насиҳаттады. «Алаш» партиясының белсенді мүшесі болып халқына адал қызмет еткен ұлы тұлғалардың бірі.

Елбасы Н.Ә.Назарбаев «Тарих толқынында» еңбегінде: «XX ғасырдың басында қазақ қоғамында зиялды қауым қалыптасуының үрпақтар эстафетасы сияқты сипаты болғанын атап айтқан абзал. Ол тұста ой еңбегімен кәнігі түрде шұғылдану атадан балаға жұғысты болып отырған» [4, 296], - деп жазған.

Олар өз қызметінің басты мұраты қазақ халқының үлттық төлтумалығын сақтау, сонымен бірге оның тарихи өткенін қалпына келтіріп, үлттық санасын шындау деп санаған.

Осы мақсатта 1911 жылы Троицкіде М.Сералин мен Е.Әлімов ай сайын шығатын «Айқап» журналын, Орал облысында 1911 жылы «Қазақстан» газеті жарық көрсө, редакторлары Батырша Қайырниязов, Мұхаммед Қараша, Гұмар Қарашев болды. 1913 жылы Ахмет Байтұрсынов пен М.Дулатұлының бірлескен қызметінің нәтижесінде Қыр өлкесінің ағартушылық-демократиялық бағыттағы тұңғыш биресми басылымы «Қазақ» газеті жылдың басынан шыға бастады. «Қазақ» газеті алғашқыда 3 мың дана болып басылған, газеттің тиражы бір жылдың ішінде 8 мыңға жетеді. Оппозициялық газет бола отырып, «Қазақ» қазақ халқының үлттық сана-сезімін оятуға аз үлес қосқан жоқ, өз дәүірінің көкейкесті мәселелерін көтерді, ағартушылық идеяларын насиҳаттады, қозғалыстың және болашақ «Алаш» партиясының баспа органы болды. Жарияланымдардың отаршылдыққа қарсы сипаты өкімет орындарының наразылығын туғызды. 1913–1916 жылдардың өн бойында газет 26 рет жабылды, ал А.Байтұрсыновтың өзі әлденеше мәрте тұтқындалды (Қазақстан. XX ғасырдың басында. Алматы, 1994. 18-б.)

Қазақ халқын қараңғылықтан жетектеп жарық дүниеге шығаруға ұмтылған «Алаштың» ұлы тұлғалары жан-тәнімен газет-журналдар шығаруға барлық құш-қайратын жұмсады.

Алыстан Алаш десе, аттанамын,
Қазақты қазақ десе, мақтанамын,
Болған соң әкем - қазақ, шешем – қазақ
Мен неге қазақтықтан, сақтанамын [1, 108], –

деп жырлап өткен ақын М.Дулатұлының шығармалары, көсемсөздері, өлеңдері күні бүтін қазақ үшін қажетті, құнды қазыналар.

«Оян, қазақ!» деп ұлттының еңесесін көтерген Алаш ардақтысының ғылыми мұрасы бүтінгі Тәуелсіз қазақ елінің іргетасын нығайтуға, ғылым, білімнің көкжиегін кеңейтуге қосылған сұбелі үлес екені айқын.

Сондықтан М.Дулатұлының ой-пікірлерін, гибрат сөздерін іске асыру Қазақ халқына және жастарына үлкен сын.

«Жаңа тілек» өлеңінде:

Жаңа жылда жаңа тілек тілелік,
Ескі жылды ескере де жүрелік;
Кеп жүрмесін қайта айналып түнеріп,
Көзің жасты, көңілің қаяу, алашым.

Жұрт болудың ойланалық амалын,
Қамсыз жатар емес енді заманың.
Надандықтың қираталық қамалын,
Мақсатыңа ұмтыл таяу, алашым! [1, 108], –

деп М.Дулатұлы бүтінгі тәуелсіз елдің азаматтарына, халқына, жастарына арнап тұрғандай. «жаңа жылда жаңа тілек тілелік», «жұрт болудың ойланалық амалын», «қамсыз жатар емес енді заманың», – деп ақын жырлағандай, қазақтың жаңа заманы туды, ел болып, бірігіп, Тәуелсіз Қазақстанның дамуына барша жұрт үлес қосу керек. Қамсыз жататын заман емес, білім, оқу, еңбек ететін заман.

Бүтін халықтың қуанышы кең күні,
Күн менен түн – таразының тең күні.
«Құт-береке болмаса екен кем күні»
Деп тілелік қолың жай-ау, алашым! [1,108]

Алаштың ардақты ақыны М.Дулатұлының осы бір шумақ өлеңімен Қазақ елінің құт-берекесі арта берсін деген оймен сөзімізді аяқтағанды жөн көрдік.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Дулатов М. *Шыгармалары: өлеңдер, қара сөздер, көсем сөз*. Қазақ ССР Ғылым академиясы. М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты. Құрастырандар: М.Әбсеметов, Г.Дулатова. Алғы сезін жазған Ж.Ысмағұлов. –Алматы, «Жазушы», 1991. –96 б.
2. Дулатов М. *Бес томдық шыгармалар жинағы*. Үшінші том. Көсемсөз, әдеби-сын және зерттеу макалалары, қазақ тілінде басылған кітаптар көрсеткіштері // Құрастырандар: Дулатова Г., Ишанбаева С. –Алматы, «Мектеп» баспасы, ЖАҚ, 2003. 8-б.
3. Нұрсұлтан Назарбаев. *Қазақ мемлекеттілігі 1465 жылдан басталады*.// Қазақ үні. № 42. 28 қазан, 2014 ж.
4. Назарбаев Н. *Тарих толқынында*. –Алматы, Атамұра, 1999. –296 б.

СЫРБАЗ СЫНШЫ
ELEGANT CRITIC

Т.О. АРИПЖАНОВА *

Түйіндеме

Мақалада әдебиеттанушы, сыншы ғалым, академик Серік Қирабаевтың қазақ әдебиетінің өзекті мәселеріне арналған сын мақалалары мен рецензияларына шолу жасалған.

Кітт сөздер: С.Қирабаев, монография, сыншы, әдеби сын, сынни очерк.

Summary

This article is an overview on the reviews and an urgent problem to criticism akademik Serik Kirabayev.

Keywords: S.Kirabayev, monograph, critic, literary criticism and critical essays.

Бұгінде қазақ әдебиеті ғылымының көш басында тұрган қазақтың біртуар азаматы, ұлағатты ұстаз, еңбеккөр зерттеуші, салмақты сыншы, академик Серік Қирабаевтың шығармашылық өмір жолы кімге де болса үлкен өнеге болатыны сөзсіз.

Әдеби-көркем сын, әрине, көшпілік ой-пікірінің жемісі. Бұл салада өзінің бар қуат дарының әдебиет игілігі үшін сарқа жұмсайтын - сыншылар [1,140].

Сын - өнер, өнер болғанда да өте қын өнер. Белинскийден бастап бүгінгі белгілі сыншыларға дейін сыншы дарыны өте сирек кездесетін талант екенін, сыншы болу ең қын да жауапты әлеуметтік-эстетикалық міндет екенін, әрқашан қыл көпірмен жүргүре тұра келетіндігін айтқандар, жазғандар көп. Сондықтан елдің көңілін табу оңай емес және біреуге ұнай қояйын деп жарбақтау да шын сыншыға жат қылыш. Әдебиеттің өгей ұлы емес, бел баласы болса да оңайлықпен мойындала қоятын, оқығандар түгел қоя қоятын өнер емес, бойындағы дарын қуатын сарқа жұмсайтын, талас-тартыс, дау-дамайдың додасына түсіп, ой-пікір сайысында шындалатын өнер. Міне, С.Қирабаевқа тән қасиет [1, 148].

С.Қирабаевтың сыншылық және әдебиеттанушылық еңбектерінің басым бөлігі қазақ совет әдебиетін зерттеуге арналған. Әдеби сынға Абай атындағы педагогикалық институттың екінші курсында оқып жүргендеге жазған «Идеясыз жинақ» (Социалистік Қазақстан, 24.X.1948) мақаласымен келіп арапасқан С.Қирабаев өмір белендерін бүгінде өнімді еңбекпен алыш келе жатқан әдебиетші ғалым [2,157].

* Қазақстан инженерлі-педагогикалық Халықтар Достығы университетінің магистранты, Шымкент-Қазақстан.

Undergraduate, Kazakhstan Engineering and Pedagogical University of Friendship of Peoples, Chimkent-Kazakhstan.

Кемел ғалым сынды жасынан-ақ өндірте жазып, әдеби-мәдени үрдістегі алуан құбылыстардың, қыруар туындылардың көркемдік сипаттарын байыптауға дең қойды. Оның қаламынан шыққан 700-ден аса мақаланың салмақты бөлгі әдеби сынға тиесілі [3, 551].

Әдебиет тарихын жете білгендіктен, қай ақынның да шығармаларын немесе шығармашылығын әдебиет дамуының контекстінде қарастыру - өскен сыншылық шеберліктің, өскелен талғамның қуәсі. Мәселен, «Поэзиядағы азamatтық өүен» (1976) атты мақаласында тәжірибелі ақындардың «Жастардан бір ерекшелігі - өздері өткен өмір сырын бүгінгі шындықпен сабактастыра ойлану, уақыт пен адам өміріндегі жаңалықты бай тәжірибе арқылы қорыту өзгешелігінде» - дейді.

Ақындық алымы, мінезі әрқылды дарындарымыздың шығармаларының өмірлік негізі, нақты болмыспен тереңнен тамырласуы, заман мәселесін алға тартуы, тебірене бейнелеуі - әркез сыншы назарынан тыс қалған емес [3, 552], – деп жазады ғалым А.Ісмақова. С.Қирабаев «Шыншыл да сыршыл» (1973) атты мақаласында Қасым Аманжоловтың дарынды ақындық таланты мен содан туған жалынды жырларын ерекше бағалайды. Қасымның күшті талантын ол дүние жүзілік поэзияның озық үлгілерінен үйрену үстінде шындалып, жетілдірді» - деп «Фабидоллаға», «Фалияға жауап», «Тілеу тогай» т.б. өлеңдеріне өзінің ой-пікірін білдірген [4].

«Жырма бес», «Қазақстан» өлеңдерінде туған елдің өсу жолын, жаңаруын, жаңа адамның тууын ақындық шабытпен жырлады. Қазақ халқының жаңа тағдырын ол бүкіл совет халқының тағдырымен байланыстыра қарастырды.

Ақын өзінің ел арманын көксеген аталары Абай мен Қорқыт, Асандарға үн қатып, олардың тілегі совет заманында іске асқанын айттып, оларға бүгінгі Қазақстан жайында өлең арқылы әнгімелейді [3.552] - деп сыншы өз пікірін анық айтады.

Әр ақын шығармашылығын немесе жеке туындысын сол кездегі әдеби үрдіспен, өткен кезеңдермен салыстыра қарастыруы – сыншы көзқарасының кеңдігі мен терендігінің, біліктілігінің қуәсі [3, 552]. «Ақын тағдыры» (1993) атты мақаласында С.Қирабаев: «Қазақ өлеңдерінің тарихы қызық та ұзак, өрі терең. Оны ойласаң, көз алдыңа қазақ даласында кең жайылып жатқан өлең, жыр дариясы елестейді. С.Торайғыровтың «Алаш ұраны» өлеңінде патшалықтың құлауына, елдің дербес автономия алуына үн қосылғанын айтады. Өлеңде

Алаш ісіне адалдықты, оны қолдауды уағыздайды, бірлікке, ел тұтастығы үшін құреске шақырады» - деп пікірін білдіреді [5, 125].

Өлеңнің көркемдігіне, айтар ойының шұғыласына мән беру С.Қирабаевтың «Қазақ поэзиясының елу жылдығы», «Лирикалық поэзияның кейбір мәселелері», «Лирика және өмір», «Бейбіт өмір әдебиеті» т.б. көптеген сын еңбектерінен көрінеді. Демек, сыншы өлеңнен ең алдымен өз заманының өзекті мәселелері мен байланысқан ой-толғаныс іздейді және табады да [3, 554].

Сыншының пікірінше, «Бұгінде ақын жырының азаматтық өуенін тану – лирикалық өлеңдерде көрген нәрселерді, ел өміріндегі жаңалықтарды тізе білуінде, тіпті хроника жазуда емес, заман өзгерістерін бойына сіңіре отырып, ақындық шабытпен дәуірдің рухани атмосферасын көркем таныста білуде» [3, 553].

С.Кирабаев - әдебиет өнеріне жан-жақты дайындықпен келген адам. Сыншының таланты сирек кездесетін талант деуде де мән бар, өйткені біреуді жақсы жазуға үйрету, шұрайлы өріске нұсқау, озық үрдісті насиҳаттауға кеңес беру үшін де өзің қылыш мінезді, өмірді де, әрекетті де, ғылымды да, қоғамдық құбылысты, философияны терең білетін оның нәрін жан жүргіне сіңірген сөүлелі ақыл иесі болуың керек. Қирабаев «тайғақ та қатерлі жол» (В.Белинский) жауапкершілігін терең түсініп, мол дайындықпен, сынды өмірдегі кәсібім деп санайтын «нағыз жалын жүрек сыншы» (Қаратаев) дәрежесінде әдебиет майданына араласты [6, 157].

Алдындағы аға буын М.Әуезовтің – Абай, С.Мұқановтың – Шоқан, Б.Кенжебаевтың – Сұлтанмахмұт, Қ.Жұмалиевтің – Махамбет. Е.Бісмайловтың – Жамбыл жайындағы ізденісі, сынни очерк, монография жазу дәстүрін жалғастырып, отыз жылдың ішінде атақты «Ғабиден Мұстафин», «Спандияр Көбееев», «Сәкен Сейфуллин», «Жұсіпбек Аймауытов» атты сынни очерк, монографиялар беруі – сыншының үлкен табысы болды [2, 158].

Елуінші жылдары жаңа кезең әдебиеттерін зерттеу, насиҳаттау талабы қойылғаны баршамызға мәлім. Осы жылдары Мұхтар Әуезовтің басшылығымен «Қазақ совет әдебиеті очерктерін» жазу қолға алынады. Байсалды мақалаларымен, салмақты сөздерімен көзге түсіп жүрген, жасы әлі отызға жетпеген жас сыншыға ұлы жазушы үлкен сенім білдіріп, «Ғабиден Мұстафин туралы портрет жазуға үндейді. С.Смайловұлы бұл тапсырманы ойдағыдай орындалап, ғылым жолына түскен жылды «Ғабиден Мұстафин» (1956) деген атпен тұңғыш монографиялық сынни очеркі жарық көреді [3, 556].

Жұрт ашпаған жаңалықты алғашқы болып ашуға, бірінші болмаса да бірегейі болып ат салысуға жүрексінбейтін елгезек ғалым 1957 жылы Спандияр Қобеев жөнінде ғылымда мардымды тұжырым жасап, ең алғаш оны монографиялық тұрғыдан зерттең, тиянақты еңбегін жазып шығады [6, 160].

Алпысыншы жылдары жазықсыз жазықты болып, атылып кеткен Сәкен Сейфуллин, Бейімбет Майлип, Ілияс Жансүгіровтерден тартып, жиырмасыншы, отызыншы жылдары әдебиетімізге үлкен үлес қосқан үлкенді-кішілі дарындар өмірі мен шығармашылығына дең қойылған кезенде сыншы С.Қирабаев дауылпаз дарын иесі Сәкен Сейфуллиннің тағдырына ен тақты. Онда зерттеуші Сәкен Сейфуллин өмірін жеке дара алмай, өскен ортасы, қанат жайып қалыптастырыған қоғамдық әлеуметтік фактор, әдеби қаламгерлік ортамен сабактастыра қараған, бір ғана қаламгердің әдеби мұрасымен шектелмей, отыз-қырық жылдық әдеби өмірді бай қайшылығымен, табиғи қалпымен көрсететін табиғи еңбек [2,159-160].

Серік Смайылұлы Сәкен Сейфуллин өмірін, творчествосын зерттең жүріп, онан шыншылдықты, ездік астамшылық, аярлық, құлдық психологияға шекесінен қарайтын тәкаппарлығын үйренеді [6.158].

Бұл еңбек жазушының творчествоның жолын, шеберлігін байсалды зерттеген алғашқы үлкен еңбек болып табылады [7, 413].

Ұзақ жылдар шығармашылығы жабық жатып, кейін ақталған Ж.Аймауытов еңбектерін бастыру, зерттеу ісіне алғашқылардың бірі бол арапасты. Қирабаевтың басқаруымен жазушының бес томдық шығармалар жинағы басылады [7, 413]. «Жұсібек Аймауытов» атты зерттеуі жарық көреді. Бұл еңбек сыншылық сапта жазылған очерк. Басы шараға түсіп, тағдыры тәлкекке айналған жазушы әдеби мұрасы өлі түгел жинақталып жеткен жоқ. Ал қолға түскен, жинақталып жарияланған дүниелерді барша қауымға жорға стиль төгілген тілі, көркемдік нәрімен таң қалдыруда. Қандай көрнекті қаламгерден айырылғанын үлкен-кіші бүгінгі күні шамалауда. «Өмірінен деректер», «Алғашқы ізденістер», «Үлкен прозаның тұнғышы», «Ақбілек» секілді тарауларға жүйелене жазылған «Жұсібек Аймауытов» - алыштар тағдырына деген берекелі бетбұрыстың басы. Бұл еңбек – Жұсібектанудың алғашқы қазық-қадаларының бірі. Еңбектің бағалы бір сипаты ғалым жаңа зерттеуі тұсында өзінің ертеде айтқан пікірлерінің бірсынырасын қайта қараған. Айталақ бұрындары «Қалың малды» - қазақтың алғашқы романы ретіндегі қарайтын сыншы

бұл жолы райдан қайтады. Бұрындары «Тар жол, тайғақ кешуді» үлкен роман үлгісі ретінде қарайтын Серік Қирабаев «Бірақ, бұл тарихи – мемуарлық кітап» - деп, біріншілікті «Қартқожаға» ұсынады. Бұл жолдар мен ойларда өз пікір, көзқарасын қайта қараудан бастап, әдебиетшінің қазақ әдебиеті, оның роман жанры жөнінде ақ сөйлеуі, әділ байлам жасауы бар. Фалымның өз концепциясын қайта қарап отырған әділетті жүргегі көрінеді [2, 164], – деп ой қорытады профессор Қ.Ергебек.

Ұстазы Қайнекей Жармағанбетов сыншының сыншылық қабілетінің қалыптасуына, ғылымға келіп, әдебиет зерттеушісі болуына көп еңбегі сіңген болатын. Оның салып берген түзу жолымен жүріп, әдебиет әлеміне үлкен өзгерістер мен тың деректер әкеліп қости. Айтальық, «Өрлеу жолында» (1960), «Октябрь және қазақ әдебиеті» (1968), «Өнер ерісі» (1971), «Әдебиет және дәуір талабы» (1976), «Революция және әдебиет» (2 томдық - 1977), «Шындық және шығарма» (1983), «Талантқа құрмет» (1988), «Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері» (1995) атты сынни-зерттеу кітаптарының авторы [7, 413]. Осы сынни-зерттеулерінің ішінен «Әдебиетіміздің ақтаңдақ беттері» атты еңбегіне тоқталсақ. С.Қирабаевтың бұл кітабында жиырма бес мақала енгізілген. Еңбекте қазақ елінің тәуелсіздік жағдайында, ұзақ ғасырлар арасында жасаған мұрасын жинақтап, болашақ ұрпақтың игілігі үшін ауыз әдебиеті мен тарихи әдебиеттің ақтаңдақ беттерін топтастырган. Мұнда кірген мақалалар, ақталған жазушылар шығармашылығы жайында, бұрын аталып жүрген ақын жазушылардың еңбектерін бүгінгі түрғыда қайта бағалауға қатысты, олар туралы, жаңаша зерттеулер жасау мақстында жазылған жеке мақалалар мен зерттеулерді қамтиды. Сонымен бірге, оған соңғы жылдары аталып өткен мерейтойлар кезіндегі конференциялар мен жиналыстарда жасалған баяндамалар мен сөйленген сөздер де қайта қаралып, толықтырылып, мақала болып кірген [5, 3].

Жинақтағы «Әдебиет пен өнер – үлттық идеологияның маңызды саласы», «Әдебиет – үлттың рухани байлығы», «Қайта құру және әдебиеттану» секілді мақалаларында бүгінгі таңда әдебиет ісін қалай өркендетеміз, ғылымды қалай дамытамыз, әдебиетті қалай зерттеу керек? – дегендегі методологиялық мәселелері көрсетілген [2, 163].

Белгілі әдебиеттанушы, сыншы Қ.Ергебек «Сын мен ғылым сардары» деп аталағын еңбегінде академик С.Қирабаевты тұлғаға айналдырып түрған ерекшеліктерді атап көрсеткен. Олар мынашар: «1. Әділдігі. 2. Қимыл ілкімділігі. 3. Өзі жазып қана қоймай, белгілі бір

объектіні өзгеге тақырып етіп ұсынар кеңдігі. 4. Қазақ әдебиеті қазынасын орыс тілі арқылы кезінде үлкен аrenaға шығарған азаматтығы. 5. Әдеби процесті тұтас көргісі келетін алымдылығы. 6. Ақ деп таныса пікірін батыл қорғайтындығы, қажет пе, өз пікірін қайта қарауға баратын объективтілігі» [8, 338].

Бүгінде ғалымды Тұрсын Сыдықов, Сейіт Қасқабасов, Құлбек Ергөбек секілді замандастары мен құрдастары «Сераған» деп құрмет тұтса, ал оқырман шәкіртері сыншының бойындағы тұнып тұрған кемел қасиеттерінен үлгі-өнеге алады.

С.Кирабаевтың зерттеу, сын еңбектері көркем әдебиеттің сарқылмас қазынасы мен таусылмас байлығы болып қала бермек.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Кәкішұлы Т. Қазақ әдебиеті сынның тарихы. Алматы, «Білім», 2003.
2. Ергөбек Қ. Арыстар мен азыстар. Алматы, «Қазығұрт», 2003.
3. Ісімақова А. Қазақ әдебиеттану ылмының тарихы. Алматы, «ҚазАқпарат», 2008.
4. Қирабаев С. Әдебиет және дәуір талабы. Алматы, «Жазушы», 1976.
5. Қирабаев С. Әдебиеттің ақтаңдақ беттері. Алматы, «Білім», 1995.
6. Сыдықов Т. Талант тағымы. Алматы, «Арыс», 2005.
7. Қазақ әдебиеті энциклопедия. Алматы, «Білік», 1999.
8. Ергөбек Қ. Түркістан жинағы (Бесінші кітап). – Түркістан, 2013. –362 б.

УДК 818.992.71

**БЕЙСЕМБАЙ КЕНЖЕБАЕВ ҢӘМ ТӨРКИ ТЕЛЛЕ ХАЛЫҚТАР
ӘЗӘБИӘТЕ ФИЛЕМЕ**
**SCIENCE LITERATURE OF TURKIC-SPEAKING PEOPLES
AND BEISENBAI KENZHEBAIULY**

М.ИЗЕЛБАЕВ*

Резюме

Статья посвящена творчеству выдающегося казахского ученого и общественного деятеля – тюрколога, литературоведа, фольклориста, критика, переводчика, журналиста Бейсембая Кенжебаева. Его самоотверженная деятельность и смелые научные открытия в условиях советской идеологии в области истории казахской литературы и словесности тюркоязычных народов дали возможность ученым-тюркологам пересмотреть старые научные концепции и изучить древние и средневековые литературные памятник с совершенно новой точки зрения.

Ключевые слова: тюрколог, концепция, Бейсембай Кенжебаев, история казахской литературы.

Summary

The article is devoted to creativity of the outstanding Kazakh scientist and public figure – turkologist, literary critic, folklorist, critic, translator, journalist of Beysembay Kenjebayev. His selfless and courageous activities of scientific discoveries in the conditions of Soviet ideology in the history of Kazakh literature and literature of Turkic-speaking peoples have enabled scientists to reconsider old Turkologists scientific concepts and explore the ancient and medieval literary monument with a completely new perspective.

Key words: turcologist, concept, Beisenbai Kenzhebayev, history of Kazakh literature.

Башкорт әзәбиәте тарихы менән мин XX быуаттың 60 – 70-се йылдарында мәктәптә, югары укуы йортонда таныштым. Тарих тигәнem совет дәүерен генә үз эсенә ала ине. Э башкорт һәм тугандаш төрки халықтары һүз сәнгәте тарихының боронғо замандардан ук уртаң икәнлеген ни бары аспирантурала уқыған йылдардағының белдем. Бөгөнгөләй хәтеремдә, 1978 йылда Башкортостандың башкаланы Өфөлә элеккеге СССР-зың союздаш

* Доктор филологических наук, профессор, Башкирский государственный университет, Уфа-Башкортостан.

Professor, Doctor of philology, state university of Baskir, Ufa-Bashkortostan. E-mail: miraside@mail.ru

һәм автономиялы республикаларынан төрки теле халықтар әзәбиәтен өйрәнеүсе арзаклы фалимдар таташтырында халық-ара филми конференция узғарылды. Бындай кимәлдәге форумдар совет заманында бик нирәк үтә ине. Конференцияла күтәрелгән төп проблема ла быгаса һис тасан құзғатылмаған өр-яңы һәм үтә мәһим өлкәгә тағылышлы булды: төрки телле халықтарзың язма әзәбиәтен дәйем бер системала өйрәнеү. Тимәк, VI–Х быуаттарҙағы Йәнәсәй, VIII быуат башындағы Орхон язмаларынан башланған дәйем төрки комартқылары – күпселек төрки халықтары язма әзәбиәтенен шишилә башы, ә урта быуаттарзың хәзәр бөтә доңьяға билдәле булған мәшһүр әсәрләре – урта әк hazinaны икән.

Әлеге конференцияны үткәреүгә ул сақтағы СССР Фәндәр академияны Башкортостан филиалының Тарих, тел һәм әзәбиәт институты профессоры, шул институттың әзәбиәт бүлеге мәдире, арзаклы фалим Файса Батыргәрәй улы Хөсәйенов ژур көс налды. (Ул әле лә исән-hau, Башкортостан Республиканы Фәндәр академиянының академигы, Башкортостандың халық языусыны). Бөтә төрки доңьянының әзәбиәт филеме өлкәнендә ең һынғанып эшләгән үзе кеүек олуг белгестәрзә Өфөгә бергә йыя алды. Қазақстан республиканынан бер төркөм фалимдар менән филология фәндәре докторы, профессор Рахманкол Бирзебаев күлгәйне. Минә, ул сақтағы аспирантка, хөрмәтле профессордан интервью алып, «Совет Башкортостаны» гәзитендә бағстырыу бәхете тейзе.

Ни өсөн сығышымды ошо вакиғанан башланым? Шул заманды искә төшөрәйек. 1978 йыл, төрки теле халықтар әзәбиәтенен урта әк тамырзары тураһында һөйләшеу Башкортостан ерлекендә Ф. Б. Хөсәйенов башланғысы менән тәу башлап құзғатыла. Беҙ, филем һүкмәгина яңы аяқ бағсан бер төркөм йәштәр, бәләкәй халықтарға үззәренен революцияға тиклемге тарихын, һүз сөнгәтен өйрәнеү тыйылған шарттарза осталыбызың қыйыулығына һоқландық, уның менән горурландық.

Бақын, төрки филеме доңьянында совет дәүеренен аяуның шарттарында тарихи дөрөслөктө халықта еткеру өсөн үз-үззәрен аямаған тағы ла физакәрерәк шәхестәр булған икән. Шуларзың берене – казақ халқының бөйөк улы, мәшһүр фалимы Бейсембай Кенжебаев.

Б. К. Кенжебаев тураһында йәш сақтан уж ишеткәнен бар ине. Минең китапханала фалимдың 1959 йылда «Казахские писатели-

демократы начала XX века» тигән темаға яклаған докторлық диссертацияның авторефераты да һақлана. Был арзаклы шәхес менен яқындан қызығыныуым 2011 йылдан башланды. Шул йылдың апрелендә Қазақстан Республиканың Төркстан жалонына Евразияның төрки донъянынан «Едиге» эпосына арналған халық-ара филми конференцияға күп ғалимдар иштеп шылды. Тәүге көндөң кисендә қунақханала йәштән ғалимдар үз-ара танышын, һөйләшеп ултырған бүлмәгә теремек, абруйлы һәм зиялыштың киөфөтле бер ир-ат килем инде. Қунақтарзың қубеңе уның танышы икән. Шунда ук хәбәргә ихлас қушылды. Һүzzән һүз сыйып, ул Бейсембай Кенжебаев турашында һөйләп алыш китте. Минең қызығынып биргән һорау зарыма тулы яуап жайтарты. Әхмәт Йәсөүи исемендәге халық-ара қазақ-төрөк университеттерине, вице-президенты Құлбек Ергөбек Сәрсен улы булып сыйкты ул. Башкортостандан килгән делегация менен тиң арала уртақ тел тапты. Өс көн барған конференцияла Құлбек Ергөбек менен нығқлап таныштық. Өфөгә жайткастас, хәбәрләшеп торゾқ. Минең 2013 йылда ла Төркстанда Төркияттен сираттағы конгрессында жатнашуы бәхете тейзе. Был осрашыу бәззен аралығы бәйләнештә тағы да нығытып ебәрзе.

Мине Құлбек Ергөбектен кеше һәм ғалим буларак құркем сифаттары аранынан берөүін айырыуса хайран жалдырызы. Ул үзенең осталдарын, бигерәк тә – Бейсембай Кенжебаевты қүңел түрендә изгеләштереп һақтай, уның исемен һәм әшмәкәрләген килеме быуындарға еткерес өсөн етди хәстәрлек күрә. Минең белеуемсө, уның арзаклы ғалимдың үзенә генә арналған тиңтәләгән хәзметтәренең ин тәүгеләре ни бары 28–29 йәшендә генә язылған.

Хөрмәтле қазақ туғандар! Һең бөтөгез зә Бейсембай Кенжебаевтың тормош юлын һәм ысын мәғәнәһендә физакәрлеккә торошло ижадын минең тараганда күпкә якшырақ беләнегез. Минең был жаңта ентекләп һөйләп тороу урынның булыр ине. Бары тик бөйөк ғалимға булған мәнәсәбәттәнде генә һөзгә еткерергә теләйем.

Қазақ халқының бәхетенәлер, Хозай уға һигез тиңтә йылдан ашыу ғұмер биргән. Э ғалимдың ошо ғұмер эсендә үз туған халқы өсөн башкарған әштәре ژур бер коллективтың (филми институттың, тип әйтәйек) бер быуаттық әшениң торошло. Һөнәр өлкәләре, әшмәкәрлек йүнәлештәре, ижади табыштары, ғәйәт әһәмиәтле һөзөмтәләре менен ысынлап та бер генә кешегә бирелгән ғұмергә һайырлық түгел. Мәскәүзә һәм Тыуған илендә өс укыу йортонда белем алған журналист, республиканың ин абруйлы

гәзиттәренең, берләштерелгән дәүләт китап нәшириәтенең баш редакторы, Фәндәр академияныңдағы филиалы тикшеренеү институтының әзәбиәт һәм сәнғәт бүлеге мәдире, Әл-Фараби исемендәгі Казақ милли университеттың қазақ әзәбиәтте кафедраны мәдире, Мәскәүде СССР Югары Советы аппараты һәм уның органы булған «Ведомости Верховного Совета» бақылауының хөзмәткәре һәм башкалар. Дәүләт эшмәкәре, педагог, әзәбиәт филеме белгесе, доңыя һәм рус классик әзәбиәтте өлгөләрен қазақ теленә тәржемәсөнә, фольклорсы, публицист булараж үтеп инмәгән өлкәне юк.

Минең күз алдыма килтереүемсә, бындай шәхесте хөрмәтле Құлбек Сәрсен улы ла, Бейсембай Кенжебаевтың 50-тә якын шәкерттәре – фән докторлары һәм кандидаттары ла, барлық қазақ халкы ла оло форурлық менән күңдел түрәндә йөрөтә ала. 2004 йылда бейөк ғалимдың тыуынына 100 йыл тулыу үңайы менән академик Р. Нурғали «Алаш туы астында. Матқалалар менен зерттеулер» тигән ыйынтық өзөрләп нәшер итә. Үнда сығыш янаған утызсан ашыу автор Б. Кенжебаевтың үзен һәм ижадын төрлө һында күз алдына бағыттара. Мәткәләләренең исемдәренә генә иғтибар итеп қарайық – бөгөнгө қүрененекле қазақ ғалимдары өсөн Бейсембай Кенжебаев кем ул: Р. Бердибай – «Ғалим гибрәте»; М. Қаратаев – «Яқшы аға, изгелекле йән»; М. Серғалиев – «Ябайлық менән тақшамаслық»; Қ. Алдабиргәнов – «Бейөк шәхес»; Н. Төрекұлов – «Арыу белмәс осталаз»; Х Сүйншәлиев – «Оло хөзмәткәр, ғалим, осталаз»; Қ. Ергөбек – «Қүш жанат»; Қ. Сейдеханов – «Дүсلىқ дидары»; Т. Қожакеев – «Абзал азамат»; М. Қарақұлов – «Абзал шәхес, изгелекле аға»; М. Қараев – «Халық улы, ил тәзәрләне»; М. Мағауин – «Осталаз ұлафаты»; М. Шындалиева – «Журналистиканың бәйтерәге» һәм башкалар [3]. Үзәндән һүң килгән быуындың ошондай оло баһаына ирешеү өсөн кем булырға, ни эшләргә кәрәк?

Физакәр хөзмәт. Хөзмәттәге физакәрлек. Был ике тәшәнсә араһында уртақтық та, айырма ла бар. Һәр кем үзенең көндәлек әшенә яуаплы жарап, наилған һөнәренә озақ ыйлдар тоғро жалып, тырышлық нала икән – тимәк, физакәр хөзмәт. Ә физакәр хөзмәттә физакәрлек тұлсы һәр кемден жұлынан килмәй. Жұлынан килгән хәлдә лә, йөрөгө етмәй. Бейсембай Кенжебаевтың һанаң бөткөһөз хөзмәт қазаныштары араһынан мин уның айырыуса ике тәүәkkәл азымына баш әйер инем. Уларзың икеңе лә – қазақ әзәбиәтте

казақ өзәбиәте язмышығына түгел, ә барлық төркө халықтары һүз сәнғәтенен үткөне, бөгөнгөнде һәм киләсеге хөрмәтенә ысын мәғәнәненде физакәрлек қылышынан подвиг.

Был жаңта һүз алып барғанда башқорт өзәбиттәненең XX быуаттың утызынсы йылдары эсендәге хәле күз алдына баға. Милли мәзәнияттең иеziк қашы булған шәхестәр нахажкаға ғәйепләнеп, бер-бер артлы түлға алына. Уларзың қубеңе кире әйләнеп жайта алмай. Ф. Амантай, Т. Йәнәби, Д. Юлтай, А. Таһиров, Б. Ишемғол кеүек классиктар матбуатта революцияға тиклемге язма қомартқылар жаңында һүз құзғаткан өсөн генә баштарын һала. Барыбыз за беләбез, бындай бәлә илден, төрлө тәбәктәрендә хөкөм һөрзө, озат жәшүсән булды. XX быуатта бары тик совет дәүере өзәбиәтен генә өйрәндек. Совет осоро идеологияны буйынса, илдәге бәләкәй халықтарзың язмаһы да, өзәбиәте лә булмаған, уны Октябрь революциянығына алып биргән, тип белә инек. Фалим F. Хөсәйенов етәкселегендә башқарып сығылған алты томлық «Башқорт өзәбиәте тарихы»ның революцияға тиклемге өзәбиәткә арналған томдары үн йылдан ашыу нәшиәттә ятып, ни бары 90-сы йылдағы да онъя күрә алды. Бәлки бөтөнләй күрә алмаған да булыр ине...

Бейсембай Кенжебаев шул репрессиялар йылдарында ук XIX быуат азагы – XX быуат башы қазақ языусы-демократтарын өйрәнә, ә 1959 йылда, Алма-Атала үткәрелгән халық-ара фильм конференцияларзың берендендә, төрлө жаңтан йыйылған фалимдарзы хайран қалдырып, зур асышқа торошло доклад менән сығыш яһай: Йәнәсәй-Орхон текстарынан башланған дәйем төрки язмалары – төрки телле халықтарзың уртақ хазинаһы, уларзың һөр жайыны был қомартқыларзы үз ерлеге һүз сәнғәтенен шишимә башы тип өйрәнә ала. Арзаклы фалим қазақ һәм төрки телле туғандараш халықтар өзәбиәте тарихының дәүерзәргә бүленешен дә өр-яңыса тәжидим итә. Үнда V–XV быуаттар дәйем төрки дәүере тип күрһәтелә.

Бер ниндәй жаңы асыш та тотқарлығыныңғына тормошқа ашырылмай. «Күпселек фалимдар қазақ өзәбиәте тарихын төрки халықтарына уртақ дәүерзән башларға көрәк тигән Б. Кенжебаев тәжидименә жаршы сықты», – тип яза профессор Қ. Алпысбаев үзенен бер хөзмәтендә. Артабан уның төрлө жаршылықтарзың еңеп, мақсатына ирешеүен қазақ өзәбиәте ғилеменде яңы мәктәп барлық-ка килтереүене тиңләй: «Остаз - фалимдың үз мақсатына

етеү юлындағы журкыу белмәс нытқышмаллығы, шәкерттәренең арымай-талмай эзләнеүе, бөтмәс энергияны, егәрлелеге һөзөмтәһендә «казақ әзәбиәте 18-се быуаттан башлана» тигән җағиҙә ютқа сыйғарылып, казақ әзәбиәте тарихы мен ярым йыл саманы вакытта ары шылдырылды... Шулай итеп, казақ әзәбиәтен өйрәнеү филемендә Б. Кенжебаев мәктәбе җалыплашты». Был һүззәргә тағы ла шундай асықлық индерергә мөмкин. Беренсенән, Бейсембай Кенжебаев җатмарлы заманда ауыр кәртәләрзе йырып ярган юлға бер аз һуңлабырақ бақсан төрки телле башка халықтар фалимдары артық ауырлық кисермәне, сөнки был юл арзаклы казақ фалимы һәм уның шәкерттәре тарафынан таζартып қуылғайны. Икенсенән, Б. Кенжебаев булдырыған мәктәп казақ фалимдары өсөн генә түгел, ошо юлды наилған барлық фалимдар өсөн дә уның уртақ мәктәбе булды.

Бер нисә тиңтә халықтың әзәбиәте тарихын нигезенән үзгәреш индереп ебәргән доклад менән конференцияла бер тапкыр сыйыш янау үзә генә лә һәр кемдең ғилми биографияныңда онотолмағылк подвиг булып җалыр ине. Э. Б. Кенжебаевтың ошо 1959 йылғы халық-ара конференцияға тиклемге әшмәкәрлекке лә, унан һунғыны ла бер-бер артлы подвигтар тәзмәненән тора. Филем доңъянына иғлан иткөн яңылықты югары фәнни кимәлдә исбатлау өсөн ул ифрат зур көс нала, шәкерттәрен дә үз артынан әйзәй. Боронғо һәм урта быуаттар дәйім төрки язма комартқылары – хәзәрге төрки телле халықтар һүз сөнгөтәнен нигез ташы икәнен рақлау йұнәлешендә казақ ерлекендә күп һанлы мағәләләр, тематик ыбыйынтықтар, конференциялар материалдары, монографиялар, хрестоматиялар доңъя күрә, казақ һәм рус телдәрендә күп томлық казақ әзәбиәте тарихы языла. Улар тәрзәш телле күрше тәбәктәр фалимдары өсөн дә таяныс, сыйанат ҳәзмәтен үтәй. Мин дә аспирант ылдарынан башлап уларзы иркен қулланым, ә тәүгеләрен – 1967 йылда Б. Кенжебаев, Х. Суыншалиев, М. Жолдасбеков әзәрләп бағтырыған «Боронғо казақ әзәбиәте хрестоматиянын», 1982 йылда сыйқан «XV–XVIII быуаттарザғы казақ поэзиянын», М. Фабдуллиндың 1974 йылғы «Казақ халқының ауыз әзәбиәтен», 1975–1985 йылдарザғы 4 томлық «Казақ кульязмаларының ғилми сифатламаһын», М. Ауэзовтың, Е. Исмаиловтың, М. Магауиндың, К. Әмирәлиевтың боронғо комартқыларға арналған китаптарын шәхси китапханамда қәзәрләп нақтайым, ә казақ һүз сөнгөтән өйрәнеү торошон Ч. Вәлиханов, И. Алтынсарин, Б. Кенжебаевтарザан башлап бөгөнгө

К. Ергөбеккә, уның быуындаштарына һәм шәкерттәренә тиклемге хәзмәттәрзән қызыгынып күзәтеп барам.

Арзаклы М. Ауэзовты телгә алғас, уның үлемдәз «Абай юлы»на қағылмау мөмкин түгел. Был эпопеяның ике китабы ла XX быуаттың 50–60-сы йылдарында башкорт телендә донъя күрзә, башкорттар таафынан яратып кабул ителдә. Тәржемесе – Нәҗип Иżelбаев (Ул минең фамилиялашым. Һуңғы вакытта мин дә бер аз қазақ теленән башкортсаға тәржемә менән шөғөлләнәм. Қызығанысткамы, бәхеткәме – Нәҗип аға Иżelбаев «Абай юлы»н алдарақ тәржемә итеп өлгөргөн, икенсе Иżelбаевка қалдырмаған). Ул йылдарза туған телендә тарихи өсөр укуу үтә һирәк тәтегән башкорт «Абай юлы» өсөн кемгә бурыслы? Һәр кемдең күз алдына, әлбиттә, ин алда автор менән тәржемәсө килеп баşa: Мөхтәр Ауэзов менән Нәҗип Иżelбай. Қызығаныста қаршы, укуусы ошо китаптың донъя күреүе өсөн физакәрлек түлған тағы бер кешенең ер йөзөндә барлығын да белмәй. Егерменсе быуаттың 40-сы йылдарында Қазағстандың Берләштерелгән дәүләт нәшриәтендә баш мөхәррир булып эшләгән Бейсембай Кенжебаевтың, барлық қаршылыктарға жарамай, «Абай юлы»н нөшер итейүзе үз өстөнө алдыны языусы Жолтай Жумат «күрәләтә башын түмәргә һалыу» тип атый [2]. Азак М. Ауэзов менән Б. Кенжебаевтың тақшамас дүсlyғына, «Абай юлы»ның донъя күреүенә арналған күп кенә хәзмәттәр басылы. Бөгөндө қазақ ғалимдарының раслауынса, шулар араһында ин тулыны һәм тиммәтле – Кулбәк Ергөбәктең «Арыстар мен ағыстар» исемле китаптары сериянына ингән язма булып сыға. Шул ук Жолтай Жумат «Күлбәк Ергөбәк хәтирәләренең тиммәтө -- бәззен өсөн сиккез» тип баһалай [2]. Билдәле булыуынса, қазақ халқының бөйөк языуыны М. Ауэзовтың эпопеяны бөтә донъяла танылыу тапты.

Минең хәтергә ошоға откыш тағы бер вакыфа килеп баşa. Уны әзәбиәт донъянында жайнағандарзың барыны ла якшы белә. XX быуаттың 1950–1954, 1958–1970 йылдарында «Новый мир» журналының баш редакторы булып эшләгән күренекле шағир А. Т. Твардовский Александр Солженицындың «Один день Ивана Денисовича» тигән повесын бағыттырып сығара. Азак был хакта бөтә донъяға шаулайзар. Бейсембай Кенжебаев подвигы ла унан һис кенә лә кәм түгел, хәүефлелеге яғынан бәлки байтақта югарырақтыр. Ул да бөтә донъяның белеүенә лайык. Етмәһә,

Изелбаев М. Бейсембай Кенжебаев һәм төрки телле халықтар...

Бейсембай Кенжебаевтың, был изге эше – уның бик күп подвигтарының берене генә. Уның бөтә ғұмере физакәрлектәрзән тора.

Мин был мәткәләлә ХХ быуат қазақ әзәбиәте һәм әзәбиәт филеменең бөйөк һәм трагик язмышлы бер генә физакәр вәкиле хатында һүз түзгаттым. Уның кеүектәр қазақтар араһында күп булған. Тарих фәндәре докторы Бөркитбай Аяган үзенең «Тоталитаризм в духовной сфере» тигән мәткәләһендә шул ук Мөхтәр Ауэзов, Петр Галузо, Есмагамбет Исмаилов, Хажым Джумалиев, Ауелбек Конратбаев, Эминә Маматова, Тимерғәли Нуртазин һәм башкаларзың исмдәрен күлтерә [3]. Қарзәш телле күрше халықтарза ла – шул ук хәл.

Кем белә, әгәр ошондай бөйөк һәм трагик язмышлы шәхестәр булмана, бөйөклөккә дәғүә иткөн төрки телле халықтар әзәбиәте лә, ХХ быуат сиктәрендә бикләнеп қалып, трагик язмышта дусар булыр ине.

Әзәбиәт

1. Аяган Б. *Тоталитаризм в духовной сфере* //Ленинская смена, 2015, 13 марта.
2. Жумат Жолтай. *Тихий подвиг, или Как увидела свет первая книга эпохи*. М. Ауэзова «Путь Абая» //Казахстанская правда, 2013, 13 июля.
3. Нурғали Р. *Алаш туы астында: Макалалар менен зерттүүлөр*. – Алматы, 2004.

ҚҰДАЙЛАР ДӘУІРІ
ERA OF GODS

Қойшығара САЛҒАРАҰЛЫ*

Түйіндеме

Автор мақалада ежелгі көне халықтардың қай-қайсысының да бастау тарихы сол халықтың өзінің ауызша тарихының дерегі арқылы өрілуі қажеттігін ескере отырып, мифтік аныз-әнгімелер берер мәліметтердің де соған қызмет ететіні және тарихтық, деректік мәні бар екеніне жалпы жұртшылық назарын аударуды мақсат еткенін айтады. Ежелгі грек мифологиясындағы құдайлар есіміне тұлдік жағынан талдау жасайды. Және осы есімдердің ежелгі түрктекtes халықтардың тілімен тамырлас екенін дәлелдеуге мүмкіндік бар деген қорытындыға келеді.

Кілт сөздер: миф, мифология, құдай, Деметра, Гея, грек мифологиясы.

Summary

The author provides that the origins of the history of ancient peoples for each shall be drawn up based on the historical oral histories including legends and mythical stories. The author draws attention to the importance of oral history sources. Makes analyzes on anthroponomy gods in ancient Greek mythology and concludes that these anthroponomy correspond to the languages of the Turkic peoples.

Keywords: myth, mythology, god, Demeter, Gaia, Greek mythology

Дүниежүзі халықтарының мифтерін салыстыра зерделей сүзіп шыққан кісіге мына жарық дүниенің дидарын алғаш көрген адамдардың ес жиып, етек жаба бастаған сонау бастапқы кезеңінде-ақ өздерін қоршаған ортаның құпиясына үціліп, кімнің, нениң қалай пайда болғанын өзінше танып-білуге ұмтылғанын ангару онша қызындық туғызбайды. Күнделікті күнкөріс тірліктері барысында ештеменің өз-өзінен жоқтан бар бола қалмайтынына көз жеткізген олар көктің де, жердің де, ондағы бар жанды-жансыз дүнилердің де, негізі беймәлім түрлі құбылыстардың да жаратушы өз иесі бар деп «танып», солардың әрқайсысына өздерінің дүниетанымдық деңгейіне қарай ат (*atay*) беріп, қиялдан тольш жатқан құдайларды тудырганы байқалады. Тауратта әлемді жаратушы Бір Құдайдың Адамды жаратарда: «И бог сказал: соторим человека по образу нашему, по подобию нашему», - дейтіні секілді, алғашқы адамдардың да әлгі көп

* филология ғылымдарының кандидаты, Түркология ғылыми-зерттеу институтының жетекші ғылыми қызметкері, Астана-Қазақстан.

Candidate of Philology a leading scientific researcher in the scientific research center of Turkology, Astana-Kazakhstan. E-mail: K.Salgara@mail.ru

Салғараұлы Қ. Құдайлар дәуірі.

құдайды өмірге әкелгенде оларды өздерінің бейнесіне, өздеріне ұқсатып жасағандары да зерде мойындар шындық. Оған сол бір көне заманның көзіндегі болып біздің заманға жеткен, кейінгі көнегрек мұсіншілері жасаған ескерткіштердегі грек мифологиясындағы құдайлардың дene бітімінің, кескін-келбетінің кәдімгі адамдарға, дәлірек айтсақ, сол гректердің өздеріне ұқсайтындығы да күәлік беретіндей. Болмысы адамдық танымнан негіз алғандықтан, бұл құдайлар тек кескін-келбетімен ғана емес, көп жағдайда іс-әрекеттерімен де адамдардың өздеріне ұқсан жатады.

Әлем халықтарының бұл күнге жеткен, қағазға түсіп, хатталған мифтерінің берер дерегіне жүтінсең, адамзат баласының ғаламды жаратушы бір құдышреттің барын түйсіті арқылы түйсініп, оны танып-білуге деген ұмтылысы олардың алғашқы жаратылған кезеңінде емес, одан көп кейін, олардың ұрпақтары өсіп-өніп, жершарының әр өніріне кеңінен қанат жайып, тараганынан соң болған секілді. Егер көп құдайдың пайда болуы алғашқы адамдар өсіп-өніп, әр тарапқа шашырай тарап, өз алдарына жеке-жеке тайпа, халық болып кетпей, бір өнірде жүрген бастапқы кезеңінде жузеге асса, онда олардың кейінгі ұрпақтары кезінде ата-бабалары «ерекше құдышрет» деп танып, табынған құдайлардың аттарына да, іс-әрекеттеріне де өзгеріс кіргізе алмас еді, басқаша айтқанда, бүтінгі таңда миф деректері арқылы біліп отырғанымыздай, әр халықтың өзіне тән есімі бар өз құдайлары болмас еді. Адамзат баласының дүниетанымында құдай болмысын қалыптастыруға ықпал етіп, бағыт-бағдар беретін дін ілімі әлі пайда болмаган ежелгі заманда әлемнің әр түкпірінде жеке-жеке тайпа, халық болып ұжымдастырып, өмір сүріп жатқан адамдардың тәу еткен көп құдайларының арасында бәріне бірдей танымдық ортақтастықтың жоқтығы, олардың әрқайсысының іс-әрекетінің сол халықтар мекен еткен өнірдің табиғатына орайласа жасалуы, есімдерінің әртүрлілігі осындағы ойға жетелейді. Егер осы пайымдауымыз шындыққа келетін болса, онда құдайлар тарихын зерттең, олардың есімдерінің сөздік төркінін (этимологиясын) анықтау арқылы қай халықтың ежелден бар көне халық екенін және олардың қайсысының кімнен кейін пайда болғанын, яғни кімнің кімнен бөлініп шыққанын ажыратуға мүмкіндік тумақ.

Бұл мүмкіндікті пайдаланып, бәрін танып-білу, әрине, қазіргі таңдағы жекелеген зерттеушілердің қолынан келмейді. Оған оның ғұмыры да жетпейді. Бұл осы бағытта мақсатты жұмыс жасайтын толып жатқан ғылыми зерттеу институттары мен зерттеу орталықтарының білікті мамандарының ғылымның соңғы жетістіктеріне сүйене отырып, уақыт талабына сай бірлесе еңбектенуін тілейді. Сонда ғана ойдағыдай нәтижеге көл жеткізуге болады. Сондықтан да біз өз мүмкіндігімізге орай, ежелгі көне халықтардың қай-қайсысының да бастау тарихы сол халықтың өзінің ауызша тарихының дерегі арқылы өрілу қажеттігін ескере отырып, мифтік аныз-әңгімелер берер мәліметтердің де соган қызмет етерлік қауқары және тарихтық, деректік мәні

бар екенине жалпы жұртшылық назарын аударуды ғана мақсат еттік. Соған орай, бұл арада, алғашқы құдайлар тобының көпке мәлім кейбіреулерінің есімі мен іс-әрекеттеріне ғана тоқталмақпзы.

Мұнда әр халықтың өз мифологиясының дерегі арқылы бүгінге жеткен әр атаудың, әр ұғымның түпмәнін ашатын негізгі жалғыз айғақ - тілдік көрсеткіш болмақ. Басқаша айтқанда, бір халықтың мифінде кездесетін мифологиялық атау сол халықтың өзінің тілінде сөздік мағынасын, ұғымдық мән-мазмұнын еркін, жан-жақты анып берे алса, ол сол халықтың тел танымының жемісі, өз туындысы. Ал олай болмай, керісінше болса, яғни атау сөздің төркінін әлгі халық өз тілінде талдап таныта алмаса, онда ол бұл атауды басқа халықтан алған, басқа тілден ауысқан болып шыгады. Олар оның, яғни мифологиялық атаудың тек мазмұндық мағынасын ғана біледі. Демек, ол атауды өмірге әкелген басқа халық, бұларға солардан ауысқан. Ал бұл, өз тараپынан, әлгі атауды өмірге әкелген халықтың өзінен атауды алған халықтан бұрын да бар халық екенин айғақтайды. Олай болса, біріншілік те осы авторлыққа ие халықтың еншісінде екені даусыз.

Осы заңдылық бойынша мифология деректері арқылы қай халықтың бұрын, қайсысының кеш пайда болғанын анықтауға талпынсақ, ең алдымен, адам баласының бастапқы саналы дүниетанымын танытатын әлемнің жаратылуы жөніндегі мифтерге үңіліп, соларды талдаудан бастауға тұра келеді. Бұл ретте, жүгінеріміз, әрине, бұқыл окулықтар мен әдебиеттер «көненің көнесі» деп бала күнімізден санамызға сінірген ежелгі гректер мен ежелгі ұнділердің мифтері болмағы заңды.

Бұл ретте грек мифологиясы не дейді?..

Өте ежелгі ескі заманның адамдарының таным-түсінігі бойынша: әуелде аспан мен жер біртұтас дүние делінген. Кейін осы тұтастық космогониялық үдерістердің нәтижесінде екіге бөлініп, аспан мен жер бір бірінен бөлініп, ажырап шыққан. Бұл түсінік тек грек мифологиясына ғана емес, көптеген мифологиялық дәстүрлерге, оның ішінде түріктер мифологиясына да тән. Осы біртұтастықтан бөлініп шыққан аспанның құдайын гректер – «Уран» деп, ал жер құдайының атын – «Гея» деп атайды.

Ежелгі грек мифологиясының негізгі танымдық-сюжеттік жүйесін құдайлар дәуірі құрайтыны белгілі. Жалпы грек мифологиясындағы құдайлардың билік ету дәуірі үш кезеңге бөлініп қаралады.

Осының ең ежелгі дәуірі – жаңағы айтылған Уран дәуірі. Уран – жоғарыда айтқанымыздай, аспан құдайының аты.

Ураннан билікті баласы Кронос (*Крон*) тартып алады. Бұл – екінші дәуір, Кронос дәуірі.

Кроностан билікті баласы Диос (*Зевс*) тартып алады. Бұл – үшінші дәуір, баршамызға белгілі олимптік құдайлар дәуірі.

Біз, әдетте, мұндай жағдайда қалыптасқан жалпы түсінік бойынша, миф гректердің болған соң, ондағы құдай аттарын білдіретін сөздерді де грек тілінің туындысы деп қабылдаймыз. Солай болуы заңды да. Бірақ, солай дей тұрғанмен, кей жағдайда, ондай атаулардың басқа тілден енген сөз болу мүмкіндігін де жоққа шығара алмаймыз. Бұл да өмір шындығы. Сондықтан мифтік атаулардың нақты қай тілдің «тумасы» екенін білу үшін олардың жеке сөз ретінде шыққан төркінін (*этимологиясын*) талдап, мысалы, біздің жағдайымызда, грекше не мағына беретінін анықтау қажет. Бұл арада, айталық, ең бастапқы жаратылыс бастауында тұрған аспан құдайының атын – «Уран» дейді дедік. Ал осындағы «уран» сөзі есімдік мағынасынан басқа нені білдіреді? Грек тіліндегі сөздік мәні қандай? Өкінішке қарай, мифтанушылар бұл сауалдарға нақты жауап бермейді. Тек дәстүрлі ұндіеуропалық мифтану ғылымы «уран» сөзін ұндіеуропалық ортақ ұғымды білдіретін сөз деп танып, оған лингвистикалық-мифологиялық негіз ретінде ұндіиран (*арий*) мифологиясында Варуна, анатолиялық ежелгі халық – хеттердің (*хаттардың*) мифологиясында теңіз құдайы – Аруна образдарының барлығын айғақ етіп, алға тартады. Осыған орай «Уран», «Варуна», «Аруна» сөздері мен образдарының бірtektilіgі мойындалып, «**Әлем халықтарының мифтері**» атты энциклопедиялық жинақты құрастырушылар: «Само имя Варуны исследователей сопоставляли с хетским морским божеством Аруной, с древнегреческим богом неба Ураном, наконец, славянским Волосом (*Велесом*), литовским Велясом и т. д. Поэтому при сохранения ряда неясности индоевропейские параллели к этому имени несомненны» [1, 218] деген тұжырым жасалынады.

Алайда бұл арада мифологиялардың «ұндіеуропалық екі не үш тілде бар, дыбысталуы бір-бірімен өзара ұндастарын сөздерді теріп алғып, автоматты түрде «ұндіеуропалық ортақ сөз болады» дегенге саятын мұндай қағидалары барлық жағдайда дұрыс бола бермейтінін, олардың кейде жалған ортақ сөздерді туғызу мүмкіндігінің де барын ескермегендіктегі байқалады». Өйткені грек, ұнді, орыс, иран тілдерінде кездескен ұндастарын сөздің барлық кезде міндетті түрде ортақ ұндіеуропалық бір сөз болуы екіталай. Себебі, мұндай ортақ делінген ұндіеуропалық сөздің әлгі аталған халықтардың тіліне тарихи-әлеуметтік түрлі жағдайларға байланысты кезінде басқа, екінші бір бөгде тілден енуі де мүмкін ғой. Мұндай мүмкіндікті және ешкім терістей де алмаса керек.

Бұлай ойлауға ғалымдардың «варуна» сөзінің, оның басқа да ұндіеуропалық параллельдерінің («уранның», «арунаның») этимологиясын «жалпыұндіеуропалық тубір» деп саналатын **ueg** – «окружать, охватывать, огораживать» түсінігінен шығаратындығы да септігін тигізеді. Бұл орайда, алдымен, белгілі ғалым А. Акишевтің мұна пікіріне назар аударған жөн. Ол: «Характерно, что значение имени Варуны восходит к общеиндоевропейскому корню **ueg** – «кружить» и т. д., а принадлежностью его является **аркан**. Окружение ассоциировалось с сотворением, приданием хаосу формы, превращением его в космос» [2, 16], - дейді. Осыған байланысты қазақтың мифтанушы ғалымы С. Қондыбай: «бұл жердегі «ортақ тубір» әртүрлі ұндіеуропалық тілдердегі ұқсас сөздің ұқсас «ықтимал» тубірін кездескен сөздің мағыналарына қарай реконструкциялаудың нәтижесінде анықталып отырылғанын, басқа тілдерде де бұл сөздердің параллельдерінің болу мүмкіндігінің ескерілмегенін» айтады [3, 144]. Расында да, айтылғандарды зерделей сараптасақ, осы ғалымның пайымдауында шындық бар. Өйткені, әңгіме өзегі болып отырган мифтік есім сөздерге де, ұндіеуропалық ортақ тубір сөзге де түрік (*türk*) тілдерінде параллель ұғымдар бар. Нәқтырақ айтсақ, мысалы, ежелгі гректердің Уранына «Оран» сөзі, ұндіеуропалық ортақ тубір **«ueg-те»** **«ор, ир»** сөздері дыбыстық ұнdestігі жағынан да, мағыналық ұғымы жағынан да тікелей түріктік параллель болып табылады.

Уран – грек мифологиясындағы ең ежелгі дәуірдегі аспан құдайының аты екенін айттық. Галымдар, жоғарыда айтқанымыздай, Уранның атаулық мәнін айтқанымен, сөздік төркінін саралап нақтыламайды, тек ұндіеуропалық ортақ тубір **«ueg»** (*ver*) сөзінің негізінде пайда болған дегенді аңгартатын емеурін ғана танытады.

Ал түріктік «Оранға» келсек, ол – жерді қоршап жатқан алып жыланның аты, су иесі. Этимологиялық түрғыдан талдасақ, оран – түрік тілінің сөз жасау заңдылығына сай – «ор» және «ан» деген екі сөзден құралған. Мұндағы «ор» көне түрік тілінде *су* деген ұғымды білдірген. (*Кейін аққан су тіліп, жырып кеткен жерді де «ор» деп ауыспалы мағынасында қолданған. К.С.*). Архаикалық мифтерде «жерді ғаламдық су қоршап жатыр және оны алып жылан қорғайды» деген түсінік болғаны белгілі. Осыған орай, яғни жерді су қоршап жатыр деген түсінікке байланысты *ор* сөзі кейін *қоршау*, *орау* деген мағына беретін сөздердің туындауына негіз болған. Ал «ан» – көнетүрік тілінде **мекен, мекен иесі** (мысалы: *Тұран* – *тұрлардың мекені*,

Британ – бриттердің мекені. Қ.С.) деген ұғымды білдірген. Осы *ор* мен *ан* сөздерінің бірігүйен пайда болған *Оран* сөзі мифтік түсініктегі жерді қоршап жатқан судың иесі, қорғаушысы жыланның балама атына айналған¹. Жалпы *жылан* ежелгі түрік халықтарының, оның ішінде аргықазақтардың (С. Қондыбай) сенім-нанымдар жүйесіндегі басты күлттүк мақұлыштардың бірі, басқаша айтқанда, жылан күлті – мифологиялық танымның негізі болған. Түрік халықтарының кейбірінің жыланды кие тұтып, үйге кірген жыланның басына ақ құйып, құрметтеп шығаруы, немесе оны бүкіл бір тайпаның тотемі етіп, халықтық атауга (этнонимге) айналдыруы (*Оран*, Қай, *Оранқай*) осының дәлелі. Мысалы, XIII ғасырда шығыс терістікten келіп, Хорезм жерінде өз билігін жүргізген қыпшақтың іргелі бір тайпасы «Оран» (*орыс деректерінде «уран», осыдан шығарып қазақ тарихшилары оны «уран», «уран қыпшақ» деп алып жсур. Қ.С.) деп аталған. Тарихқа белгілі монгол шапқыншылығы кезінде Отырар қаласын қорғаушылардың көсемі – атақты Қайыр хан (*төл есімі: Алдерек. Қ.С.*) осы оран-қыпшақтың перзенті, атақты Қыран қыпшақтың немересі болатын. Сондай-ақ шығыс теріскейдегі тұтас бір жүрттың атының «Оранқай», мекенінің «Оранқай өлкесі» деп аталатыны да белгілі. Христиан эрасынан кейінгі XIII ғасырдың әлемге әйгілі тұлғасы – Шыңғыс ханның Еуропаны жаулаған бас қолбасшысы Сүбедей осы оранқай халқының перзенті екені баршага белгілі. Мұндағы *оранга* бірігіп тұрған *қай* сөзі де көне заманда *жылан*, *су*, *дария* деген ұғымды білдірген. (Қайдың «кебіс» деген омонимдік мәғынасы да бар (М. Қашқары). Мысалы, *қай+ық* – су кебісі; *құд+ық* – құт су және т.б.). Осыдан келіп ұндиевропалық мифтану ғылымы «ортак ұндиевропалық тубір» деп танылған «окружать, охватывать, отораживать» деген мәғынаны білдіретін *ier (вер)* сөзінің де (*вар, вир, вал, вел* нұсқаларын қоса алғанда) *ор* (*orau, қоршау, орам*), *өр* (*өру, өрмек*), *иір* (*иіру, жинау*) секілді ежелгі түріктік ортақ тубір-етістіктермен тамырлас, туыстас екенін де ажыратуға мүмкіндік тудады.*

Мұның бәрі сайып келгенде, *оран (уран)* сөзінің басқа тілден түрік тіліне ауысқан кірме сөз емес, өзінің ежелгі төл перзенті екенін айтақтайды. Бұған өте ежелгі таным-түсінік бойынша біртұтас делінген дүниенің екіге бөлінгенде жоғары бөлегінің – «*аспан*», тәменгі бөлегінің – «*жер*» аталуы да қосымша күәлік бергендей.

¹ Түрік халықтарының кейбіреулерінде «оран»: «оран-төлөгей», «орай», «уранг», «ормеген» және басқа нұсқалары кездеседі (Канаев И. «Ногайские мифы, легенды и поверья». М. 2012. Стр. 189).

Өйткені мұндағы «аспан» сөзі де, «жер» сөзі де түрік тілінің төл «перзенттері». Этимологиялық тұрғыдан талдағанда: Аспан – *аспа* және *ан* сөздерінің бірігуінен жасалған, «**жоғары асылған мекен**», «**жоғары ілінген мекен**» деген мағынаны білдіреді. Ал жер – *же* және *ып (р)* сөздерінің бірігуі арқылы жасалып, «**коректендіруші**», «**асыраушы**», «**ырыздық, несібе беруші**» деген мағынаны білдірген. Мұндағы же де, *ып (р)* да адамзат баласының бастапқы танымындағы ең көне ұғымдар. *Же* сөзі бүгінгі «қорек», «азық» деген мағынаға ие. Қазіргі қазақ тіліндегі «**же-м**», «**же-міс**», «**же-м-тік**» тәріздес біраз сөздер осы *же* түбірінен туындаған. Сол секілді *ып-да* (р-да) ең көне сөз. Ол бүгінгі ұғымдағы «несібе» сөзімен мазмұндас, тамырлас. Қазіргі қазақ тіліндегі «**ып-ыс**», «**ып-ыздық**» тәріздес сөздер осы *ып* түбірінен туындаған. Осыған қарағанда, жердің әуелдегі ең бастапқы атауы: «**же**» болған, ал «**Жер**» деп уақыт өте келе мағыналас екі ұғымның, яғни *же* мен *ырдың* бірігіп, бір мәнге ие болуынан кейін аталғанға үқсайды.

Мифологтар аспан құдайы Уранның өзінің жұбайы жер–Геяға қарағанда **екінші, туынды образ** екендігін атап көрсетеді. Демек, **Жер – өзінен аспанды бөліп шығарған басты тұлға, ондіруші, асыраушы аналық тұлға**. Олай болса, жер–Геяның есімі де үлкен мәнге ие. Бірақ, өкінішке қарай, ғалымдар «*гεя*» сөзін грек тілінің еншісіне бергенімен, оның этимологиясын сараламайды. Біздің пайымдауымызша, Гея – ежелгі көне түрік тілінің *же* және *ұя* деген екі сөзінің бірігуі арқылы жасалған, «**же-мекен**», яғни «**жер мекен**» деген мағынаны білдірсе керек. Гректер «*ж*» дыбысын «*γ*» деп қолданатындықтан, (*Тюркое ж (дж) ... которое в греч. передается обычно через «γ»*. Закиев М. З. Татары: проблемы истории и языка Казань. 1995 стр. 22) және түріктік «*ұ*», «*ы*» дыбыстарын айта алмайтындықтан, Же-*ұя* грекше **Ге-ұяға (Гεя-γα)** айналып, сол дыбысталуда бүгінге жеткен сияқты. Ежелгі түрікттер қазіргі «мекен», «*үй*», «*баспана*» деген ұғымдарды отырықшыларға байланысты айтса: «**ұя**» деп, ал көшкіншілерге қаратып айтса: «**ан**» деп пайдаланған [4. 130]. Осы ретте Геядан кейінгі екінші «**жер анасы**» деп аталатын Уран мен Геяның кенже қызының есімінің басқаша емес, «*Рея*» («*ып+ұя*», «*p+ұя*») деп аталуының мәні де айқындала түседі. Ал бұлардан соң кезегімен «**жер анасы**» аталған үшінші эйел-құдайдың есімінің «**Гера**» аталуы, жоғарыда айтылған, «*же*» мен «*ыр*» атаулары бірігіп, бүтінгі ұғымдағы «**жер**» («*гер*») деген түсініктің қалыптасқанынан кейін пайда болғанын айғақтайды. Мұнда да ежелгі гректер түріктік «*жер*»

атауындағы «ж» - ны өз тілдерінің мүмкіндігіне қарай «г» -ге айналдырып («Гер») және сөзді текке (*родка*) бөлөтін дәстүрлеріне сай атаудың әйелге қатысты екенін білдіретін (женской родтың) «а» жалғауын қосып, «Гера» деп өзгерткен. Бірінен кейін бірі «жер анасы» аталған алғашқы әйел-құдайлардың есімдерінің өзара сабактаса жалғасқан осындай сөз жасаудың бір заңдылығы бойынша өмірге келуі, қалай дегенде де, жай кездейсоқтық еместігі аян. Бұл да біздің талдау түсінігіміздің дұрыстығын көрсетсе керек.

Егер осы пайымдауымыз шындық болса, онда *оран* сөзінің де гректерге ежелгі түріктілдес халықтардан ауысқанына құдік қалмайды. Бар айырмашылық «о»-ның «у»-ға айналуындаған. Олай болса, бұл өз тарапынан түрік халықтарының тым көне заманнан бар, байырғы халық екеніне қуәлік берер бірден-бір айғақ болмақ. Ал «оран» сөзі грек тіліне қашан, қандай жағдайда ауысқан дегенге келсек, ол өз алдына басқа арнайы зерттеудің үлесі (*Бұл арада гректердің де түп тамырының ежелгі түріктемен сабактасып жаратынын есте ұстаган жөн. К.С.*). Тіпті, бұл сөздердің грек тіліне ежелгі түрік тілінен ауыспады дегениң өзінде, адамзат баласы танымындағы бастапқы ұғымдардың көне гректердегідей түріктерде де болуы және мифологиялық бастапқы ұғымдарды білдіретін сөздердің осы екі-үш сөзбен ғана шектелмейтіндігі – бұл халықтың, яғни түріктектестердің бүгінгі тарих ғылыми мойындағандай х.э. кейінгі VI ғасырда пайда болған жас халық еместігін толық дәлелдей алады деп білеміз.

Бұл ретте осы айтылғандардың негізсіз, жалаң қиял жемісі еместігіне көне заманның күәгері, тарих атасы Геродоттың мына сөздеріне зерделей назар аударған жан да көз жеткізе түседі деген ойдамыз. Тарих атасы: «Вообще почти все имена эллинских богов происходят из Египта. А то, что эти имена варварского происхождения, как я полагаю, скорее всего – египетского, это я точно установил из расспросов [5, 116-117], – дейді. Ал Геродот болса х.э. дейінгі V ғасырда, яғни көп құдайға табынушыларға бізден гөрі табаны күректей **2500 жыл!** жақын өмір сүрген адам. Осы адам және қатардағы жай адам емес, тарих атасы атанған адам, бүгінгі біздің «грек құдайлары» деп жүргендеріміздің бәрі де олардықі емес, «египеттік жабайылардың (варварлардың) құдайлары» деп күәлік беріп отыр. Демек, бұл куәландыру, өз тарапынан, әлті құдайлардың есімдері египет жабайыларының сөзі, грек мифологиясындағы құдайлардың есімінің ешқайсысының да шыққан тегін грек тілі

негізінде анықтауга болмайды дегенді айғақтай алады. Геродоттың бұл тұжырымы жаңағы айтылған гректердің ата құдайы – Уранға да қатысты. Олай болса, біздің гректің бас құдайының «Уран» деген есімі түріктің «ор» және «ан» деген екі сөзінен құралған «Оран» сөзінен шыққан деуіміз де шындыққа шет болмаса керек. Мұндағы түрік тілінің сөз басында келетін «о» дыбысын «у» дыбысы арқылы беру бүкіл ұндиеуропа тілдердің бәріне ортақ жай. Мысалы: Орал – Урал, Орақ – Урак, Өсер, т.б. деген сияқты.

Гректердің бас құдайының есімінің дыбысталуы мен ұғымдық мағынасының ежелгі түріктің «оран» сөзімен бұлай үйлес келуінде әлдеқалай болатын кездейсоқтық емес, ортақ негіз, тілдік заңдылық жатқанын гректің көп құдайларының ең көнесінің бірі – әйел құдай Деметра есімінің және оның культіне байланысты атаулардың шығу тәркіне ұніліп, этимологиялық талдау жасау арқылы да көз жеткізуге болатын сияқты.

Грек мифологиясында Деметра – жоғарыда айтқан аспан құдайы Уран мен Геяның баласы Кронос пен оның әйелі Рейның қызы, табиғатты жаңартушы, өліні тірілтіп, өсімдікке жан бітіруші, егіншіліктің құдайы. Оны «жер анасы» деп те атайды. Әйел құдайдың құдайлышы қызметіне қарап, оның адамзат баласы терімшіліктен шығып, егіншілікті құнкөріс кәсібіне айналдырган кезінде өмірге келгенін аңғару онша қындық туғызбаса керек.

Мифологиялық Сөздікте: «Деметра» атауының мағынасын «жер-анасы» (грекше: *da, de, ge* – «жер») деп көрсетілген [6. 181]. Ал жекелеген мифтанушы ғалымдар тарапынан бұл құдайдың атына талдау жасап, оның не сөздік, не есімдік, не атаулық мәнін ашып, қай халықтың тілінің «перзенті» екенін анықтаған зерттеу еңбектерді кездестіре алмадық. Тек Джордж Томсонның «Исследования по истории древнегреческого общества» деген еңбегінен: «Каждый афинский гражданин официально был известен под своим личным именем, за которым следовало имя отца и название его **dēma** («*demos*»). **Дем** представлял собою городской или сельский район, в списки которого заносили при рождении. В других государствах мы находим вместо отечества наименование рода» [7. 106] деген жолдарды оқып, автордың гректің «дем» сөзінің тек (*фамилия*) атауы ретінде қолданылатынына мән беру арқылы, нақты ашып айтпағанымен, Деметра есімі осы «дем» сөзінен шыққан болар ма деген емеурінің аңғарғандай болдық. Бірақ зерттеушінің келесі кезекте Деметраның түптегінің Египеттен шыққанын құптауына қарап, оның

бұл емеурінің «дем» сөзінің «үй», «отбасы-отаны» деген мағынадағана екенін анық көруге болады [7, 128]. Өйткені зерттеушінің Деметраның Египеттен шыққанын құптауы, жоғарыда тарих атасы Геродот айтқан: «... все имена эллинских богов происходят из Египта» деген тұжырымды растайды. Олай болса, бұл - «деметра» сөзінің төркінің грек тілінен емес, египеттік жабайылардың тілінен іздеу керек деген сөз.

Бұл орайда ғылыми ортаға әлі аты-жөні белгісіз қазақстандық жас зерттеуші Амантай Айзахметовтың¹ ізденіс жолы тым ерекше көрінеді. Біздің пайымдауымызша, оның бұлайша тыңдан жол салып, өзіндік зерттеу тәсілін алға тартуы ежелгі дүние тарихын зерттеушілердің де, мифтанушылардың да назар аударуына тұратын елеулі талпыныс. Оның ежелгі дүние тарихын танып-білуде бұған дейінгі қалыптасқан зерттеу ізімен кеппей, ескі сүрлеуден саналы түрде бас тартып, өз соқпағын салуы – жаңалық! Ол есте жоқ ескі замандардан жеткен антропонимдердің, этнонимдердің, топонимдердің осы күнге дейін белгісіз болып келген мән-мағынасын айқындауда өзіндік тәсіл қолданады. Жас зерттеушінің бұл орайда жасаған тұжырымдарының бәріне бірдей келіспегенімізben, оның көне тарихтың көмескі тұстарын ашуға талпынған жаңалықты ізденістері алдағы уақытта білікті мамандар тарапынан лайықты бағасын алады гой деген сенімдеміз. Оған ресейлік зерттеуші Ю. Н. Дроздовтың осы тәсілді өз тарапынан жетілдіре жағастыруы кепілдік бергендей.

Міне, осы А. Айзахметов өзінің «Рождение тюркского мира» атты соңғы еңбегінде грек мифологиясындағы «жер анасы» деп аталған әйел құдай Деметрага жеке тарау арнаған. Сонда ол Деметра есімінің сөздік төркінін: «В казахском языке слову «деметра» тождественным по со звучанию и смыслу является словосочетание «dem eti tiri», что означает буквально «живость духа и тела» [8, 48], - деп түсіндіреді. Зерттеушінің бұл түсіндіруі грек мифологиясындағы Деметраның «богиня плодородия и земледелия» [1, 364] деген құдайлық міндетіне сай өліні тірілтіп, есімдікке жан беретін қызметіне

¹ Амантай Айзахметов - әуескій зерттеуші. Негізгі мамандығы – журналист, орыс тілінде жазады. Тараз каласында тұрган. Сырт естуімше жастай қайтыс болған көрінеді. Бірақ соған қарамастаң ежелгі өркениет тарихын тануда, көне заманын көп құдайларының, сондай-ақ Троя, Микен патшаларының есімдерінің этимологиясын анықтауда өзіндік тәсіл қолданып, елеулі із қалдырган зерттеуші. Оның зерттеу тәсілі өзге бірде-бір галымға ұқсамайды. Жас зерттеушінің осы тәсілін арада бірнеше жыл өткеннен кейін ресейлік зерттеуші галым Ю. Дроздов «Тюркская этноНИЯ древнеевропейских народов. М. 2008» атты көлемді еңбегінде қайталады. Біздің пайымдауымызша, біріншілік А. Айзахметовтің, ол осы тәсілмен жазылған алғашқы зерттеуін өткен ғасырдың тоқсаныныш жылдары, Ю. Дроздовтан оншақты жыл бүрүн жариялаган.

орайластырған талдау секілді. Бірақ, солай дей тұрғанмен, автордың «деметра» сөзінің түпкі тегі түрік тілінен шыққан деген тұжырымға келуі және оны өз тараапынан кешенді талдауы кім-кімді болсын ойландырып қана қоймай, сонымен бірге жаңа ізденістерге жол сілтейтін тәрізді.

Мәселеге осы тұрғыдан келгенде, шынында да ойласатын, көңілге құдік келтіретін жайлар бар сияқты. Оған бірнеше себеп те бар. Соның алғашқысы – х. э. дейінгі V ғасырдың авторының, яғни тарих атасы Геродоттың жоғарыда айтылған ойға айғақ ретінде келтірілген: «Вообще почти все имена греческих богов происходят из Египта. А то, что эти имена варварского происхождения, как я полагаю, скорее всего – египетского, это я точно установил из расспросов [5. 116-117], деген тұжырымды пікірі. Егер Геродот айтқандай, грек мифологиясындағы құдайлардың есімдерінің бәрі шынымен египеттік жабайылар тілінің «жемісі» екені рас болса, онда олардың төркінін грек тілінен іздеу, содан шығаруға әрекеттенну - агаттыққа ұрындырмақ. Бұл ретте, алдымен, Геродот айттып отырған «египет жабайылары» дегеннің кімдер екенін анықтап алу шарт.

Екіншіден, «Мифологиялық сөздіктегі» «деметра» сөзіне берілген «жер анасы» деген анықтама миғтанушы ғалымдардың сөздің төркінін тілдік тұрғыдан талдап, жан-жақты қозметкізуі емес, Деметра құдайдың құдайлық қызметінің мағынасына қарап жасаған тұжырымдаулары ма деген ой келеді. Өйткені миғтанушы ғалымдар мұның алдындаған осы Сөздікте Деметраның әжесі, жер құдайы Геяны да: «в греческой мифологии мать-земля» [6, 153], - деп түсіндірген болатын. Осы секілді «жер анасы» деген ұғым Деметрадан кейін пайда болған, соның құдайлық қызметін әрі жалғаушы әйел құдай Исидага да арнап айтылады (*Исида есімі туралы сәл кейінірек арнайы сөз болады. К.С.*). Осыған қаралғанда, «жер анасы» ұғымы Геяға да, Реяға да, Деметрага да, Исидага да ортақ, олардың егіншіліктің қамқоршысы құдайлық қызметін көрсеткенімен, осы үш әйел құдайдың есімдерінің сөздік төркінін анықтауга бәріне бірдей негіз бола алмайтыны анық.

Осы айтылғандарды сараптай келіп, біз өз тараапымыздан, бұл әйел құдайдың әуелгі төл аты – **Деметр** болуы керек деген тоқтамға келдік¹. Мұндағы әйел құдай есімінің соңындағы «а» жүрнағын сөзді

¹ Армян мифологиясында осы құдайдың атының «Деметр» аталуы да біздің тұжырымының дұрыстығын күзлендіргандай. Миғтанушылар бұл ретте: «Имя Деметр, восходит к имени богини Деметры (называвшейся иногда армянами Сандаламет)» деген түсінік береді. Сандаламет –армянша «жер», «жер байлығы» дегенді білдіреді (*Мифы народов мира. Т. I. М. 1991. Стр. 364*).

аталық, аналық текке («мужской», «женской» *род* «*деп*») бөлетін гректер кейін қосқан. Ежелгі түріктерде де, қазіргі түріктерде де сөзді ондай текке (жынысқа) бөлу болмаған. Сонда «деметр» - түріктің «дем» және «етір» («еттір») деген екі сезінен құралып, «тірілгүші», «дем салушы», «жан бітіруші» деген мағынаны білдіретін атаулық мәнге ие болған. Бұл және құдай әйелдің мифологиядағы құдайлыш міндеттімен де үйлесіп, оның қызметінің мән-мағынасын да дәл береді. Мұндағы «жан» деген ұғымды білдіретін «дем» сезі де, бұйрық райлы «ет», «еттір» етістігі де түрік халықтарының, оның ішінде қазіргі қазақ халықының да тілдік қорында бар, күні бүтінге дейін осы мағынасында қолданылып келе жатқан сөздер. Кешегі ауылда білімді дәрігерлердің тапшы кезінде есінен танып, талып қалған адамды молдалар мен бақсылардың қалай **дем** салып, ес жигызығанын, сонда осыны көрген үлкендердің «тірілті», «жан бітірді», «дем алдыры» *деп* қуанысқанын өзіміз де талай көрдік. Түптеп келгенде, мифологиядағы Деметраға қатысты айтылатын аңыз-әңгімелердегі оның құдайлыш қызметі де осы: өліні тірілту, өсімдікке жан бітіру ғой. Мұны бір деп қоялық.

Бұл ретте, қалай дегенде де, бірігіп бір ұғымды білдіріп тұрған ежелгі түріктердің дербес екі сезі дыбысталу үндестігімен де, мағыналық мазмұнымен де «деметр» сезінің мәнін ашып, дәл беріп тұрғанымен, тарихи санасы қазіргі реңи тарих арқылы қалыптасқан оқырманның біздің бұлайша түсіндіруімізді бірден қабылдай қоюының қын екенін де ескермеске болмайды. Өйткені реңи тарихтың түрік халықтарын **«христиан эрасынан кейінгі алтыншығасырда Алтайда пайда болған жас халық»** деген ғылымда орныққан тұжырымдамасына қалтқысыз сенген оқырманның христиан эрасынан сан мындаған жылдар бұрын Африкада пайда болған құдайлар есімінің этикологиясын **«жеше ғана пайда болған»** түрік тілі арқылы талдаудың өзін «миф» санауы әбден мүмкін. Тіпті олай болмаған күнде де көне заманың мағынасы белгісіз атауларының төркінін анықтауда өзге тілде кездесетін соған ұқсас сөздің дыбыстық үндестігіне алданып, ғылымда жасалына беретін көп жаңсақ тұжырымдамалардың біріне жатқыза салулары да ғажап емес. Сондықтан «деметр» сезінің төркін тегін анықтауда ондай кездейсок ұқсастықты малданбағанымызды дәлелдеу мақсатында грек мифологиясындағы осы әйел құдай Деметраның құрметіне сол замандарда жасалынған ғұрыптық жоралардың (*обрядтардың*), діни жоралардың (*ритуалдардың*) атауларына да талдау жасау арқылы

көрсете кетуді қажеттілік деп білдік. Өйткені бұл атауларда да сөздің дыбыстық үндестігімен бірге түріктік ұғым, түріктік мазмұн толығымен беріліп, қайталанып жатса, біздің «деметр» сөзінің тәркінін ежелгі түрік сөзінен шығаруымыздың тарихи негізі бар заңдылық екеніне ешкімнің күдігі қалмаса керек. Себебі, бір тілде бар сөздің екінші тілдегі бар сөзben дыбыстық ұқсастығы кездесіп қалатыны болғанымен, олардың ұғымдық мәні ешқашан бір болмайтыны белгілі. Ал екі тілде бар сөздің айтылудағы дыбысталуы да, беретін ұғымдық мәні де бір болса, онда ол сөздің қай тілдің құрамында жүргеніне қарамастан, түпкі шыққан тегінің бір екенін көрсетеді. Соның үшін Деметр есімінің ежелгі түрік тілінің сөздік қорынан шыққанын одан әрі дәледей тұсу үшін осы әйел құдайдың культіне байланысты жасалатын ежелгі діни жоралардың грек мифологиясындағы атауларына да талдау жасап көрелік.

Ежелгі египеттіктер еккен егінін жинап алғаннан кейін тұқымға қалдырыған дақыл дәндерін әуелгі кезде терең қазылған шұқырларға (*дереккөздерінде: «құдыққа» делінген. К.С.*) сақтайтын болған. Бірақ ондай шұқырларға ылғал өтіп, дән бұзылатын болған соң, кейін су жетпейтін таудың, болмаса биік қыраттардың беткейінен терең ор қазып тұқымдық дәнді сонда сақтаған. Сондай-ақ ежелгі египеттіктерде осы орга тұқымдық дәнмен бірге өлген адамның денесін де бірге қойып сақтайтын дәстүр болған. (*Египеттіктердің танымында қайта қөктеп өнгенге дейін тұқымдық дән де өлі зат. К.С.*). Осы ордың жыл сайынғы бетін жабу да, тұқым себер кезде қайта ашу да Деметра құдайға арнап құрбандық шалып, арнайы діни жоралар жасау арқылы өткізілген. Ондағылары өліні тірілтетін, өсімдікке жан беретін құдай «өлген» дәнге жан бітіріп, биылғы егініміздің өнімін мол етсін, өлген адамның рухын тірілтіп, ұрпағымызға қолдау көрсетсін деген наным-сенімдерінен туған. Міне, осы діни жораның жасалынатын орыны - «orgia», ал діни жораның өзі - «orgas» деп аталған. Осының алғашқысы ежелгі түріктің «ор» және «қия» деген екі сөзінен құралып, «орқия», «өрқия» деген ұғымды білдіріп тұр. Сол секілді, діни жора рәсімінің аты «orgas» та ежелгі түріктің «ор» және қас (3) деген екі сөзінен құралады. Мұндағы «қас» сөзінің қазіргі қазақ тілінде бірнеше мағынасы бар. 1) қас – адамың қасы (брю); 2) қас – ердің қасы (лука седла); 3) қас – жау (враг); 4) қас – өлім әкелуші, өлік; 5) қас – нағыз, ерен (соңғы екеуі ауыспалы мағынада). Бұл жерде ор–мен біргіп тұрган «қас» төртінші мағынаға келеді. Кейде түріктің «з» дыбысы өзге тілде «с»-та айналып кететіні

де бар. Діни жораның аты «orgas» өзге тілде сондай өзгеріске түсken атау деп қабылдасақ, онда «орқаз» да қазіргі қазақ лексиконында бар «ор қаз» ұғымын білдіреді. Бұл сөздер түрік халықтарында, оның ішінде қазіргі қазақ халқында да жекелеген «ор», «қия», «қаз» күйінде де, біріккен «орқия», «өрқия», «орқас(з)» күйінде де күні бүгінде баяғы Деметра құдайға арналған жорада қолданылған мағынасында, сол ұғымда қолданылады. Қазақстан жеріндегі «Орқас», «Орқаш», «Орқаз» деп аталатын жер атаулары (топонимдері) де дәлелдей түседі. Мұның бәрін кездейсоқ ұқсастыққа жатқызуға болмаса керек. Өйел құдайдың есімі түрік халықтарының, оның ішінде қазіргі қазақ халқының тілінде бар «дем» және «ет, еттір» деген екі сөздің бірігуінен шыққан атау деуіміздің мәні де осында. Мұны «екі» деп қоялық.

ауқымында біріктірумен байланысты деп білді. Қазақ бірлігі мәселесінің мемлекеттілік арқылы шешілуі керек екендігін тереңнен үқты. Әрине, бұл ретте қазақ қайраткелерінің көбі РК(б)П ОК-інің және Лениннің Түркістанның Өзбекстан, Қыргызстан және Түркменстан сияқты өлкелерінің картасы жасалынын және оларды ажырату шарттары анықталсын деген ұсынысын ұлттық мемлекетті жасауға мүмкіншілік тудыратын жол деп білген және сенген еді. Содан соң бұл бағытта алғашқы қадамдар жасалына бастады. Бірақ бұл қадамдар большевиктердің Орталық үкіметінің және басшыларының кесірінен тиянақсыз аяқталды. Солай болуға тиіс те еді. Өйткені, олардың Түркістан халықтарына жартылай автономия беруге де ықыласы болмаған. Бұл – жай ғана қиял еді. Мұны сол жылдардағы елдің өмірін тозақта айналдырған большевиктердің әрекеттері көрсетті ғой. Әрі қарай ашаршылық, зорлық-зомбылық, репрессия, азып-тозу жалғаса берді.

Межелеу үдерістері мемлекет жасаудың басы еді. Күн. Жер. Су. Ауа – тіршілікті тіреп түрған төрттағандар. Сонымен бірге олар этностық топтасудың алғышарттары саналады. Осылардың негізінде Алаш баласының басын қосу арқылы мемлекеттіліктің негізін қалауға болар еді. Бұл тек ұлттық мемлекеттің ғана қолынан келетін іс. Келепекте мұндай құрылымның негіздерін қалыптастыруды, бәлкім кейінгі ұрпақтар қолдарына алар.

Қазіргі уақыттағы әлеуметтік-экономикалық сәйкесіздіктер, халыққа жат құндылықтарды тұтыну, мемлекеттік тілде хабар тарату, сейлесу, білім алуы жағынан да қазақтардың іштей болінуі советтік режимнің нәтижесі және сол режим қалыптастырған жергілікті кадрлардың қүйігінен болыш отыр. Егер бұған қазірдің өзінде тосқауыл қойылmasa, тұтастану мүмкіншілігінен біржолата айрылып қаларымыз хақ. Олардың басын қосатын кез келді және лайықты қайраткерлер баршылық. Бұл үдеріс біздің «Нұрлы жолдан» басталмақ. Бұл ретте қазақ қоғамы тұтастырының алғышарттарын айқындау мақсатында оның ішкі жағдайына байышты барлау жасау керек. Барлық әлеуметтік топтар арасында, әсіресе жастардың тәрбиесі мен адамгершілік қасиеттерін анықтау мақсатында социологиялық зерттеу жұмыстарын жүргізу ләзім. Анау айтты, мынау айтты екен дег, жел сөзге иланbastan осынау мәселені кейбір шенеуніктер мен өтірік патриоттардың қолына шешіп бер дег беруге де, сенуге де болмайды.

Қожанұлы «Тез орындалмақты» деген мақаласында:

«1897 жылғы санақта қазіргі Қазақстан жеріндегі халықтың 42 проценті орыс екен.

Әзіргі Түркістан жеріндегі халықтың 6 проценттейі орыс екен... 1920 жылғы санақта әзіргі Қазақстанда 53 процент орыс бар, Түркістанның қазақ облыстарында 25 процентке дейін орыс бар. Осы сандар басып келе жатқан күштің қай жақтан, қалай бет алғып келе жатқанын көрсетіп тұр», - деп жазды [11]. Бүкіл Қазақстан халқының 47 процент жарымы ғана қазақ екен [12, 62]. Демек, «сол кездегі Қазақстанда қазақ емес ұлттар – көпшілік. Ұлтар – орыс пен ногайға үқсаған шаруасы мықты, мәдениеті жоғары, жұртшылығы орнықты, саясатқа қазақтан ғөрі жетік халықтар. Ал біз қазіргі Қазақстандағы орыстілді қазақтар мен қазақтардың арасындағы арақатынасына қарап күштің қай жақтан, қалай бет алғып келе жатқанын бағамдауымыз керек. Өйткені, қолда бар нақты фактілер мен нәтижелердің қазақты қуанта алмайтыны жөнінде ойлануымыз керек. Әрине, бұрындары қазақ басқа халықтан таяқ жеп, беті қайтқан, құндылықтарынан, ата дәстүрлерінен баз кешіп, шегініп баруға мәжбүр болған ұлт еді. Енді, міне тәуелсіздіктің тірегі берік қолда.

Сонымен, межелеу кезіндегідей, қазіргі уақытта да демографиялық жағдайдың мемлекеттілікті, елдікті орнықтыруда қуатты фактор екендігі алға тартылады. «Сөйтіп, Қазақстанда, – деп жалғастырады ойын Қожанұлы, – ұлт мемлекетін жасау мәселесі өлі түгел шешілмеген. Қазақ ұлт мемлекетін жасау біткен жоқ – бұл алдымыздың іс» – деп ашыныңқырап айтады. Ұлттық мемлекет құрылмай қазақтың ешқандай ісінің бітпейтінін бұкпестен жайып салды. Әрине, бұл алдағы тарихи іс. Оның орындалуымен, сөзсіз, қазақ Аймақта нағыз көшбасшы бола алар еді. Және басқа түрік республикаларының локомотиві ролін де атқара алар еді.

Қожанұлы Орта Азияны ұлттық-территориялық межелеудің өзіне қарсы еді және межелеуден кейін де бұл өнірді мекендерген халықтардың араларының мұлде алшақтауына келіспеушілігін білдірген. Ол «Қазақстан мен Қырғызстан ынтымағы болсын!» атты мақаласында тұрмыс-тіршілігі, құнкөріс көзі үқсас, шаруашылықтары шақтас болғандықтан бұл екі жұртқа ара ажыратып, бас бөлектегеннің тиімсіздігін дәлелдеген. Автор Орта Азия мен Қазақстан халықтарының федерализм негізінде бірігуін құптаған. Федерация – бұл өзінің территориясына, өзінің конституциясына, азаматтығына, өзінің жеке заңдарына, жоғары мемлекеттік органдарына және т.б. ие мемлекеттер немесе мемлекеттік құрылымдардан – федерация субъектілерінен құралатын мемлекеттік үйімның түрі. Әрине, мемлекеттің мұндай саяси-территориялық үйімінің түрін сол кездегі

Әбушәріпұлы С. С. Қожанұлының мемлекетшілік туралы көзқарастары...

Ресейдің қол астындағы түркі халықтарының өкілдері, мысалы Башқұртстан лидерлері де (А.З. Уәлиди Тоған) құптаған болатын. Ленин және басқа большевиктер осының өзін түріктерге көп көрді ғой. Олар түркі халықтарының федерациясын өнді түгіл, түсінде де елестете алмаған еді. Соңдықтан бұл туралы сөз қозғаудың өзін артық санағандықтан, Қожановтар амалсыздан барып басқаша жолды ұстанған-тын. Яғни шекаралардың ажыратылуын қазақтардың топтаса мемлекет құрылудың алғышарты ретінде пайдалану керектігін үқтырган-тын. Бұл реттегі өкінішін оның мына сөздерінен-ақ білуге болады: осы күнге дейін бір болып келген, - деп жазады ол «Дау тоқтап, іс басталсын!» атты мақаласында шаруа жағынан жігі ашылмаған Түркістан ұлттық-территориялық межелеудің нәтижесінде енді тозып, төрт-бес мемлекет болып отыр [2, 320-321]. Арапары ашылмаған өлкелер алшақтап кетті. Ал шекаралар бөлінісіне қазақтар шала-шарпы әзірлікпен келгендіктен, көп азап шекті. Иә, Қазақстанда аяқ-астынан басталған өзгерістердің нәтижесінде халық мал-мұлкінен айрылып, құр қалды.

Алайда, жер-су реформасының нәтижесінде үрей үстінде ұсталған алаш халқының өз жеріне өзі толығымен ие болу үміті ақталмады. М. Қойгелдиев жазғандай, «тіптен кеңес өкіметі тұсында ішкі Ресейден қазақ жеріне қоныс аудару бұрын болмаған қарқын мен ауқымға көтерілді. Мәселен, Жетісу облысы тұрғындары құрамындағы орыстардың үлесі 1920-1924 жылдар аралығындаған 14,4 проценттен 28 процентке өсті [13,49]. Жер мәселесінің жеткілікті шешілмеуіне қазақтардың саяси тәжрибесінің саяздығы да әжептәуір өсер етті. Қазіргі уақытта да штетлік компаниялармен келісім-шарт жасасқанда өзіміздің есемізді жіберіп алып отырған жоқпыш ба?

Жер-территорияның анықталуына орай мемлекеттіліктің атрибуты саналған Астананың географиялық орны мәселесі туындаиды. Бұл ретте Қожанұлы Астананың орыс ішінде және айналасы орыстілділермен қоршалған ортада орнауын құптаамады. «Мемлекет астанасының жүртшылығына сүйеніп іstemесе, бас хұкіметтің ісі оңбайды» (Ақ жол, 1924, 12 қараша). Ол астананың қазақ ұлты жүртінә жуық болуы керек. Орыстілділердің қазақ ұлт мемлекетінің ұлтшылдығына (ұлтжандылығына деп оқу керек) орда болуына қисыны жоқтықтан жарамайды деп түйді ойын. «Қазақ ұлт мемлекеттілігіне әдемі қала, ыңғайлы (көркем көшелер мен ғимараттар – автор) керек емес, жаман да болса, өз ордасы болуы керек. Ол болмаса қазақ ұлтының ішкі тіршілігі ондалыш, қазақ еңбекшілерінің көшпілігінің қамына керекті шаралар іс

жүзінде істелуі қын («Ақ жол», 1924, 16 желтоқсан). Өз ордасы деген сөзді қазақша өүен, сөз, жүріс-тұрыс және қазақи бітім-болмыс мағынасында түсінген. Астана Ұлытауға немесе басқа бір қалаға көшірілсе де, егер ол жерге аппарат орыс тілділерімен бірге көшіп барса, этностық орта болмағандықтан, ақпараттық кеңістік, тіл мен мәдениет саласындағы керекті шаралардың істелінуі қын болар еді. Қазіргі уақытта, ресми қазақ теледидарының хабар таратқанында, жүргізуіші диктордың айтуынша, Астана қаласында қазақ балаларының 47 %-і орыс мектерінде білім алып тәрбиеленуде екен [14]. Бұдан тысқары, Ақмоланың кезінде Тың-тыңайған өлкенің орталығы болғаны, ол жерде орыс туының тігілгені де белгілі.

Халықтың басын қосу мәселесі, Н.Ә. Назарбаев айтқандай, экономикаға тікелей байланысты. Әрине, шаруа қамы бірікпей, яғни аймақтар мен қалалар арасында инфраструктуралық және экономикалық қатынастар орнатылмай, ел мен халық арасы жақындастып бір мемлекет құрылмайды. Сондықтан да «Нұрлы жолдың» негізгі бағыттарының бірі – инфраструктураны дамыту болмақ. Ел экономикасы көтерілмей (әл-ауқаты, тұрмысы) адамдардың, жалпы халықтың пейілі дұрысталмақ өмес. Еуропа және басқа шетелдік компаниялары жер байлығын сауын сиырдай пайдалануда. Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына арналған жиында Н. Назарбаев: «оның қызығын шетелдіктер көріп келді. Тек шикізат экспорттаймыз. Енді шикізатты өндійтін өндірісті қолға аламыз», – деді [15]. Және де жер байлықтарын қымбат бағамен өткізуі де ұмытпауымыз керек. 90-жылдары Қазақстанда жүргізілген реформалардың зардабынан жұрт қаңғып кетіп, енді есін жия бастады. Ол өзгерістер өте қажет еді. Бірақ та миллиондаған қарапайым халықтың қыншылықтарды бастан кешіруіне тұра келді. Дегенмен де халық әлі күнге дейін олардың зардаптарынан толықтай айыққан жоқ. Шашылып жатқан дүниенің есебінен байлыққа батқан банкирлерге, Ұлттық банктің есебі бойынша, тұрғындардың берешек қарызы бұл күнде 2 триллион 600 млрд. теңгені құрайды екен [16, 3]. Олар несиенің есебінен автокөліктер алады, той жасайды, үй салады, шетелдерге барып қыдырып қайтады. Бірақ «Хабар» телеарнасынан «Көзқарас» айдары бойынша Әсель Акбарова жүргізген «Несие туралы әнгімеде» драматург досымыз банкирлер несиені шетелдерден 2 % үстемесімен алып халыққа 20 %-пен беріп жатыр деді [17]. Осынау

деректі алға тартқан ол, банктөрді несие пайызын төмендетуге шақырды.

Қожанұлы мемлекетке негіз бола алатын мал шаруашылығы және диқаншылыққа көніл бөлгенді жөн көрді. Мұны да бір мемлекет болудың жолы деп қарастырды. Кеңестік кезеңнің бастапқы жылдарында дәстүрлі шаруашылықтың тоз-тозы шығып еді, енді бұл салалар күштейтілуі керек, дейді. Ал қазіргі Қазақстанда Тәуелсіздік алғанымыздан бері 20 жыл өткен кезде ғана мал шаруашылығы мен диқаншылыққа көніл бөлініп, инвестиция тартыла бастады. Біздің жалғыз мықты брендіміз, мақтанышмыз боларлық әлемге еліміздің атын да, даңқын да шығарып танытатын сол шаруашылық түрлері қолға алына бастады. Алматы, Астана және т.б. қалаларының маңында азық-түлік белдеулер құру ісі жоспарланып жатыр. Бұған да шүкіршілік етейік. Сөйтіп, қазақ еңбекшілерінің қолында өзгеріс әкелген бостандық жемістерінің бірі де жоқ деп ауызды құр шөппен сұртуге болады ма? Қөрмес түйені де қөрмес. Шешімін күтіп жатқан проблемалар бар. Бұлардың жаңа экономикалық саясат аясында шешілгүіне күмән жоқ. Қазақстанның кең-байтақ жері, топырағы, таутасы өзен көлі – бәрі қазақтікі, деді емес пе Н. Назарбаев.

Рас, қазақ мінезіндегі міндердің ішінде парақорлық пен рушылдықтың қоңсы қонатындығы белгілі. Парақорлық жайлаған жерде экономиканың желге ұшатындығы тағы белгілі. Сондықтан күрес халық, қоғам тарапынан бакылау орнатылуына байланысты, бұл ретте БАҚ-тың рөлін күштейту қажет, өйткені жемқорлық, негізінен мемлекеттік органдарда әуіж алуда екендігі жалпақ жүртқа мәлім. Мұны органдардың өзіне ғана сеніп тапсырып қоюға болмайды. Жекешелендіру оларға қол келіп жатыр. Стратегиялық маңызды нысандар мемлекеттің қолында-бақылауында болуға тиіс. Жалпы олигархтардың бауына жағдай жасап, көбейте беруге болмас, ақыры не болды: 1650 дәулетті елін тастап шет жерге шығып кетті емес пе? Олигархтардың бірсыптырасы халықтың жағдайын және мемлекеттік мүддені ойлайды дегенге сену қын. Экономика социалдық ориентир, яғни әлеуметтік бағытпен сипат алып дамымаса, теңсіздік белен алғып, дағдарыс пен тұрақсыздық бола береді.

Қожанұлы мемлекеттің іргетасын құруда істі сайдың тасындағы өзіне қарасты жұмысты мемлекеттік мүддемен ұштастыратын таза, адамгершілігі биік, ұлтжанды азаматтарға сеніп тапсыруға болады дейді. Мұндай жандар Ұлттық болсын, Мемлекеттік болсын, әрбір мәселені қазақтың тұрмысы, мәдениеті және дәстүрлеріне жанастыра

іске асыру жағын ойлайды. Демек, осындай кадрлар бәрін шешеді. Міне, қазіргі уақыттағы ойланатын маңызды мәселе осы.

Алайда, мемлекеттілікті қалыптастыру бағытында бұдан да маңызы бір кем емес фактор бар. Ол – мәдениет саласы, ағарту ісі, ұлттық кадрларды дайындау мәселесі. Мәдениет – тәуелсіздіктің тірегі, құралы, қорғаны болғандықтан, ол халық денесінің өзінен есіп шығуы керек.

Демек, мемлекеттілік те, тіл де, мәдениет те халықтың өз денесінен өсіп шығуы керек деген тамаша идеяны да айтқан сол Қожанұлы. Ол, өсіресе тіл жөнінде байыпты әңгіме қозғаған: «Ата-ана, бауырластары далада көшіп жүрген, өзі қалада орыс мектебінде ... тәрбие алғып, далада бір тиынға аспайтын қылқима «интеллигенттер» қыргыз-қазақ жас буынына идеал емес. ...қала «интеллигенттері» күшімен ел іші мектебі тууы қын... Мәдениет кесегі ел ішінен қалансын». «Ұлт мәдениетінің ошағы – ұлт мектебі жоқ». Мектепті жүртқа жуықтатып-жақыннататын – оқыту тілі. «Қыргыз-қазақ халқының бір заманда қолы жетіп, бір жөнді мектептері бола қалса, олардың барлығында оқыту тілі – ана тілі болуы міндет...Қыргыз-қазақ еңбекшілерінің балалары тегіс өүелі ана тілі мектептерінде тәрбие алуы тиіс. Мезгілсіз жат тілге байланып, мың қате болып сорлағаны дұрыс емес. Білім – тілде емес, түсініктерде, тәрбие – орысша шүлдірде емес, жақсылыққа жаттығуда. Бұлар жас балаға ана тілінде оқытатын ұлт мектебінен табылады, - деп байлам жасаған. Қожанұлы мынадай мәліметті де келтіре кетеді: «...Перовскіде 1 орыс, 1 қазақ және 2 өзбек мектебі бар. Менің ойымша, Перовскіде өзбек көп деп ешкім айта алмаса керек, бірақ сонда да мектебі екеу. Ал қазақтарға арналған мектеп біреу-ақ. Міне, саясаттың сиқы осы!» [2, 334]. Салыстырып көрініз, қазіргі уақытта да қазағы қалың қоныстанған жердің өзінде қазақ мектебі 100 % өсіп-өркендеп жатыр деуге болады ма? Мысалы, 140-мындағай тұрғыны бар Түркістанда орысты көрмейсіз, бірақ Некрасов, Никитин атындағы орыс мектептері жұмыс істеуде. Бұған қоса № 15 аралас мектеп және бар. Ал Астанада қазақтар саны көбейді деп мақтанамыз, бұл қалада қазіргі уақытта орыс мектептерінде оқытын қазақ балалары 47 % екен. Мәдениет пен ағарту майдандарындағы мұндай өрескел жөнсіздіктер мен жолсыздықтарға қашан тосқауыл қойылар екен.

Қожановтың «Оқу жұмыстары жүртшылықтың туы, жүртшылыққа құрал болуға тиіс», «Қазақ-қыргыздың ұлт мектебін жасауға

Әбушәріпұлы С. С. Қожанұлының мемлекетшілік туралы қөзқарастары...

кірісіндер!» секілді мақалалары бүгінгі қазаққа арналып жазылғандай, бұларға жедел жауап беруді талап еткендей.

Адам қай тілде оқып, білім алса, сол тілдің ыңғайына қарай тәрбиеленіп, қалыптасады. Орыс мектептерінде өтілетін пәндер бойынша мындаған ұғымдар мен терминдер, мысалдар мен сөз тіркестері, ассоциациялар мен насиҳаттар және т.б. – бәрі орынша қабылданатындықтан, балалардың ойлау жүйесі өзгеріске ұшырап, мұның этникалық педагогика мен тәрбиеге тигізетін әсері ұшан-теңіз екені айтпаса да түсінікті. Осыны біле-көре тұра қозғалмайтынымызға не жорық? Мәдениеттің түп қазығы, жұртшылықтың, елдіктің тірегі, тәуелсіздіктің шын құралы мен қорғаны – ұлттық мектеп пен жоғары оқу орындары. Ж. Аймауытов былай деп айтқан екен: Ана тілін жақсы менгеріп алмай тұрып, өзге пәндерді түсіну мүмкін емес. Ана тілі – жүректің терең сырларын, халықтың басынан кешкен дәуірлерін ұрпақтан-ұрпакқа жеткізіп, сақтап отыратын қазына. Біздегі шенеуніктердің осындағы түсінігі болса, балабақшадағы 2 жастағы балаға, мектептің 1-сыныбының оқушыларына ағылшын және орыс тілдерін қоса оқытуға құмартпас еді гой. Ұлы философ Г. Гегель «білімділіктің ең басты факторы туған тілінде сөйлеу мен оны сыйлаудан басталады» демеп пе еді ? Ұлы педагог К.Д. Ушинскийдің сөздеріне құлақ турелік: «Туған тіл – ақыл-ой дамуының негізі және барлық білімдердің қазынасы [18, 6].

Кез келген оқиға немесе құбыльстың түрік тілінде толық бейнелеуге болатынын, мемлекет, поэзия-әдебиет, ғылым тілі болған түрік тілдерінің байлығы мен қарымы таңқаларлық екендігін өз кезінде-ақ Қашқари мен Науай жазып кетті емес пе? Тіпті біздің көршілес славян, иран, индия елдерінің тілдеріне енген қаншама түрік сөздері бар десенізші! Әмір Нәжиптің «XI-XV ғасырлардағы түркі тілінің тарихы туралы зерттеуінде» XIV ғасырдың басында Үндістандағы Дели сұлтанатында Бадыр ад-дин Ыбырайымның бірнеше тілдің түп-тамырын талдайтын парсы тілінің лұғаты жасалған. Мұнда түркі тілі де қамтылады. Шығарма – «Ауызекі лұғат, зерттелетін дүние» деп аталады. Бұл шығарманың қолжазбасы ТашМУ-дың қолжазба қорынан табылған. Оның лұғатындағы түрік сөздерінің көпшілігі бүгінгі қазақ сөзінен айырғысыз. Демек, Бабыр барғанға дейін де Үндістанда түркі тілі халықтар арасындағы қарым-қатынас тілі болған [19, 9-10]. Ал біздердің қазақтар арасындағы қарым-қатынас тілі рөлін қазақ тілі қашан атқарар екен деумен күніміз өтіп барады.

1990-шы жылдары жан сақтау, қарын мәселесінен жұрттың басы босамады, әрине. Ал қазір мектепті түзеу керекті істің ең керектісі. Ендігі жерде мұғалім мәртебесінің биіктегі түрү керектігі жөнінде айтыла бастады. Бірақ, нәтиже күтілгеніндей емес. Мемлекеттің де, халық мәдениетінің де түп қазығы, жұрт тірегі, тіпті тәуелсіздіктің тағдыры да – мектеп пен тәлім-тәрбие ісін дұрыс жолға қоюға, ата дәстүріміздің сақталуына тікелей байланысты.

Тағы да Қожанұлының сөздеріне құлақ асайық. Ол ағарту ісін алға жылжытуды үлкен мақсат етіп қойған және оны мемлекеттік құрылымның негіздерінің бірі деп білген. Мұғалімдердің адамгершілігі, кескін-келбеті, ой-өрісі, педагогикалық біліктілігі мен этикасы қандай болуы керектігі жайында «Соқырдың тілегені – екі көзі» атты мақаласында таратып айтады. Халықтың салт-санасын, тұрмыс-тіршілігін, бір сөзбен айтқанда тарихы мен тағдырын толық түсініп-түйсінетін, туған топырағынан кінді (генетикалық коды) ажырамаган жан ғана айналасына сәуле-шұғыласын себе алады. Мұның мемлекет басшылары мен қызметкерлеріне де тікелей қатысы бар. Қожановша айтсақ, орысша сөйлем, орысша ойлайтын, орыс мектебінде оқыған «қылқима» интеллигенттердің, қала интеллигенттердің күшімен ел іші мектебі тузы қын, елді жөнді басқару да қын. Ол мәдениеттің кесегі ел ішінен қалансын, мемлекет кесегі ел ішінен жасалсын, ал қазіргі уақытта Ұлт мәдениет ошағы – дерлік ұлт мектебі жоқ, дейді. Бұдан мағлұм болды: елді қазақша екі ауыз сөзді құрап сөйлей алмағандар емес, ел тәрбиесін көргендер басқаруы тиіс деген қорытынды шығады.

Сонымен, Қожанұлы еңбектерінде оның таным кеңістігі мен сол XX ғасырдың басындағы қазақ халқы тұрмысының жағдайлары сипатталынады. Оның дәстүрлі танымды бойына сініргендігін және сол заманындағы өзгерістердің лебін білдіреді. Ол қайраткер ғана емес, қазақтың жанашыр ғалымы да. Оның шығармалары қазақтың халық ретіндегі табиғаты мен тағдырынан туындаған дәстүрге негізделген. Жан-тәнімен қазақ қоғамы ғимаратының қалай да дұрысырақ салынуын қалаған жан.

ӘДЕБИЕТТЕР

1. Эрназаров Т.Э., Акбаров А.И. *История печати Туркестана*. Ташкент, 1976, 288-бет. Қарандызы: Амантай Шәріп. *Сұлтанбек Қожанұлының қайраткерлік және қаламгерлік қызметі* (Талдаулар мен түсіндірмeler) // Сұлтанбек Қожанов. Шығармалары. – Алматы: Арыс баспасы, 2009. – 289 бет.
2. Сұлтанбек Қожанов. *Шығармалары* (Құрастырган проф. А.Шәріп). – Алматы: Арыс баспасы, 2009. –10 бет.
3. Георгий Сафаров. *Түркістан* // Правда, 1920, 20 маусым.
4. Георгий Сафаров. *Түркістан* // Правда, 1920, 24 шілде.
5. Сұлтанбек Қожанов. *Құжаттар мен материалдар*. 1-том. – Алматы: Жалын баспасы, 2013. – 383 бет.
6. Е. Көшербай. «*Нұрлы жолдардың*» бәрі *Мәскеуге апарады* // Жас Алаш № 102, 23 желтоқсан 2014 ж., 2 бет.
7. *Best Countries for Business*. Forbes (28 июня 2007 г.). [Израиль — Википедия ru.wikipedia.org/wiki/Израиль](#)
8. Александр Шульман. *Ядерный меч Израиля*. [Израиль — Википедия ru.wikipedia.org/wiki/Израиль](#)
9. [Сингапур — Википедия ru.wikipedia.org/wiki/Сингапур](#)
10. Малайзия бойынша: ↑ *Country Comparison :: GDP (Purchasing Power Parity)*. CIA. Проверено 1 июля 2011.
11. Ақ жол, 1924, 12 қараша.
12. «*Қазақ улт мемлекеті жасасын!*» Сұлтанбек Қожанов. Шығармалары (Құрастырган проф. А.Шәріп). – Алматы: Арыс баспасы, 2009. –62 бет.
13. Қойғелдиев М. *Отарышылдыққа қарсы құрес кезеңдері* // Қазақ тарихы, 1993, № 1, 49-бет.
14. 24 кz телеарнасы, 02.12.2014.
15. *Елдің әлеуметтік-экономикалық дамуына арналған жиында Н. Назарбаевтің сөзі* // Қазақстан ұлттық телеарнасы, 15.01.2015.
16. «*Nесиеси жоқ қазақ – қазақ емес*» // Қазақ үні, № 46 (654), 18 қараша, 2014, 3-бет.
17. «Хабар» телеарнасы, 14.01.2015.
18. Қосымова Г., Дәuletбекова Ж. *Қазақ тілі*. 2-басылымы, өндөлген. – Алматы: Атамұра, 2005, 6 бет.
19. *Бабырнама*. Алматы: Жалын баспасы, 1990, 445 бет.

ӘОЖ 958.4

**XIX ФАСЫРДЫҢ СОНЫНДА ПАТШАЛЫҚ РЕСЕЙДІҢ
ҚАЗАҚСТАННЫҢ ОҢГҮСТІК ОБЛЫСТАРЫНДА ЖУРГІЗГЕН
ҚОНЫС АУДАРУ САЯСАТЫ ТАРИХЫНАН**
OF POLITICAL HISTORY ON THE MOVE IN SOUTH KAZAKHSTAN
REGION FOR THE ROYAL RUSSIA IN THE LATE XIX th CENTURY

Л.ДИНАШЕВА^{*}
Н.АБДУРАХМАНОВА^{**}

Түйіндеме

Мақалада патшалық Ресейдің XIX ғасырдың соны - XX ғасырдың басында Түркістан өлкесіне қарасты қазактар орналасқан Сырдария және Жетісу облыстарын отарлау және мұнда орнығу мақсатында жүргізген қоныс аудару саясатының барысы зерделенеді. Отарлық биліктің орыс шаруаларын өлжениң қожайыны ету үшін оларға түрлі артықшылықтар берумен қатар егінге қолайлы, онтүстік өлкеде онсыз да тапшы құнарлы жерлерді қоныс аудару қорына алынуы зерттеледі. Өлжені басқару Ережесіне сәйкес көшпенді дег есептеп бұл уақытта отырықшы тұрмысқа етіп, егін салып күн көріп отырган қазак отбасыларына қарасты жерлердің тартып алынуы, қазактардың орныққан жерлерінен шел және шелейт жерлерге күйлуы, немесе иелігіне бөліп берілген жерлерді игере алмаған орыс-казактарынан жалға жер алыш күн бағуы, басқа ұлт өкілдеріне карағанда үкіметтің бұл саясатынан қазак шаруашылықтары көбірек зардал шеккендігі сараландады.

Түйін сөздер: Сырдария, Жетісу, қоныс аудару, отарлау, орыс-казактары, жер.

Summary

The article discusses the resettlement policy of tsarist Russia held inhabited by Kazakhs Syradian and Jetisyareas in Turkestan region. To make immigrants from the owner of the territory, the colonial authorities were selected from the local population suitable to agriculture land. As in the South of the fertile land was scarce, on the basis of the Position of the control edge of the local authorities were to take the Fund for the resettlement of the land of nomads. At this time in the South of the Kazakh economy were no longer nomads and were engaged in farming. On the Status Kazakhs were considered nomads, and therefore were selected exactly the Kazakh lands. Forced redistribution arable, irrigated and friendly agriculture land in favor of Russian villages bad affected the state economy Kazakhs. And the Kazakhs forced were move from their homes in desert and semi-desert or remaining to live there has leased the land from the Russian Cossacks who were unable to master.

Keywords: Syr, Zhetisu, resettlement, colonization, Russian Cossacks, land.

* тарих ғылымдарының кандидаты, доцент, К.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазак-түрік университеті. Түркістан-Қазақстан.

Candidate of History, Assosiated professor, International Kazah-Turkish University named K.A.Yasawi. Turkistan-Kazakhstan.

** К.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазак-түрік университетінің магистранты. Түркістан-Қазақстан.
The postgraduate of K.A.Yasawi International Kazakh-Turkish University, Turkistan-Kazakhstan.

Ресей империясы құрамына ертеректе қаратылған және халқы сирек қоныстанған Сібірге қарағанда, әлі де болса жергілікті тұрғындардың тұтанып кетуге дайын тұрған қарсылықтарын басып отыруды талап ететін, көп ұлтты, халқы тығыз орналасқан Түркістан өлкесі метрополия әкімшілігіне сақтықпен қарауды, ерте заманнан өндеге қолайлы жерлерге орналасқан, отырықшы егіншілермен санасуды талап етті.

XIX ғасырда 60-90-жылдары патша үкіметінің Оңтүстік Қазақстандағы саяси билігін артыру мақсатында жүргізген барлық саясаты, оның Орта Азиядағы әскери-стратегиялық жоспарына бағындырылды. Дүнгендердің көтерілісі, Құлжа мәселесі, ағылшынорыс бақталастығы - мұның барлығы осы аудандарда өзінің позициясын нығайту қажет екендігін көрсетті.

Мұны жақсы түсінген патша үкіметі Қазақстанды отарлаудағы ең сенімді жол - Орталық Ресейден орыс шаруаларын қазақ жеріне қоныс аудару саясатына көшті. Мұндай жоспарды бастай отырып, ол өзара байланысты екі түрлі мақсатты көздеді. Ол, біріншіден, 1861 жылғы Ресейде крепостниктік құқты жою туралы Ереже жариялануынан кейінгі уақыттарда империяның өз ішінде қалыптасқан әлеуметтік шиеленісті бәсендету үшін орыс мұжықтарын отарлық тәуелділіктең аймақтарға қоныс аударту болды. Себебі ірі латифундиялардың помешиктер қоластына шоғырлануы салдарынан миллиондаған шаруалардың отбасын асырап отырған жерлері азайып, ондай шаруалар көп жағдайда жерсізденіп қалған болатын. Екіншіден, қоныс аударушы орыс және басқа да европалық нәсілдегі шаруаларды жаңадан жаулап алған Түркістан аймағына орналастыру арқылы оларды бұл өлкеде өзінің әлеуметтік-саяси тірегіне айналдыру еді.

Оңтүстік Қазақстан территориясына орыс мұжықтарының алғашқы легі келгенге дейін патша әкімшілігі қазақ даласын әскери-казак-орыстардың отарлауымен шектеді. Түркістан өлкесінде казак-орыстардың алғашқы тұрақтары Жетісу облысында ғана пайда болып, оның тұрғындарының саны уақыт өткен сайын өсіп отырды. Ал басқа облыстарда казактар өлкені патша әскерлері толық жаулап алған 1865 жылға дейін салынған қамалдарда ғана тұрды.

Жетісу казак әскері 1867 жылы Сібір казактық әскери базасы негізінде пайда болды. Қазан революциясына дейінгі 50 жыл ішінде казак әскерлері өлкені отарлауда метрополияның екпінді құші рөлін атқарды.

Жетісу казачествоның тарихшысы Н.В.Леденев қазақ даласы мен Орта Азияны отарлауда әскери қызметке жарамсыз шаруалар арқылы ғана отарлау мүмкін емес еді деп жазды. “Мұнда,- деді ол,- кез-келген уақытта тойтарыс бере алатын әскер-егінпі қажет” және де бұл талапқа Сібір казагы жауап бере алды. Жат өлкеде “...тек қана өнегелі және физикалық өндекпен шынықсан қатқыл, жаңа жерлерде жарқын болашақ туралы тынымсыз арманмен еліккен өз еркімен келгендер ғана оларға артылған міндетті орындан шыға алады” [1, 88].

Облысқа орыстардың ені 1831 жылы Жетісуға таяу жерде Сібір гарнизоны орналасқан Аяғөз приказдығының құрылуымен басталған еді. Казак отрядтары өздері орналасқан мәңдағы аймақтарды барлауға, мұндағы қазақтарды патшаға ант беруге шақыруға және олармен жан-жақты қатынас орнату үшін үнемі жіберіліп отырылды.

1847 жылы жұз басы Абакумов 200 казакпен бірге Қапал өзені бойында жаңа қамал - Қапалдың негізін қалады. Аяғөз бен Қапал қамалдары аралығында жолды күзету мақсатында 12 бекет салынды. Осы кезден бастап, Қапалға 9-Сібір полкі казактары келіп, қамал маңындағы станицаны негіздеді. Патша әскерлерінің Жетісудағы жылжының келесі нысанасы Іле өзені бойы болды. Орыс әскерлері іштерілей отырып, мұндағы өздеріне қарсы шыққан қазақ ауылдарын қатығездікпен талқандап отырды. 1853 жылы Қапалдан бүкіл Іле өлкесін жаулап алу мақсатымен арнайы экспедиция шығып, маусымтамыз айларында өлкеде тірек орталығын салуға қолайлы жер іздестірілді. Қамал тұрғызу үшін сұы мол, жері құнарлы, құрылыш жүргізуге қажетті қалың орманды Үлкен және Кіші Алматы өзендері аралығындағы көң дала таңдалып, мұнда 1854 жылы Заилийское деп атаптап бекініс салынды. Ал келесі жылы бұл елді мекен Верный форты деген атпен өзгерілді. Қамалға таяу жерге Іле өлкесіндегі алғашқы орыс поселкесі болып табылатын Алматы казак станицасының негізі де осы жылы қаланды. 1856 жылы мұнда тағы да 139 казак және 200 шаруа отбасы Томбы және Тобыл губернияларынан, Воронеж губерниясынан 242 шаруа отбасы келіп қоныстанды. Талғар, Есік, Қаскелең және Шамалған өзендері бойында да жаңа казак және шаруа поселкелері пайда бола бастады.

1855 - 1860 жылдар аралығы жаңа Іле өлкесін игеру кезеңі болды. Бұл уақыт аралығында жаңа бекіністер, поселкелер, байланыс жолдары салынды. Бұл патшалық Ресейдің, казактар мен олардың сонынан ерген шаруаларға сүйене отырып, бүкіл қазақтың жер жаннаты болып табылатын Жетісуға аяғын нық басып тіреген кезеңі еді.

Империя шекарасы оңтүстікке: Лепсіден Ілеge, одан соң Шу өзеніне қарай жылжы берді. 1855 жылы Үржар және Лепсі станицалары, көктемге қарай Талғар өзені бойында Софийская станицасы құрылды. 1858-1860 жылдары Наджинская, Любавинская, Кексу, Сарқан, Қаскелен, Арасан, Қарабұлақ және тағы басқа да станицалар салынды [2, 120].

Осылайша, арнайы бұйрықпен және жеребе бойынша Жетісу облысының Солтүстік бөлігіне келіп орналасқан Сібір казактары өлкенің алғашқы отарлаушылары болды. Казактар мұнда басқа да өлкедегілер сияқты, 1861 жылы азамат Евдокимовтың атына берілген Император II-Александрың реєскриптыңда (өкімінде) көрсетілгендей өздерінің “тарихи миссиясын” орындағы. Онда: “Казак сословиесі, мемлекеттік өмірде, дүшпандық пифылда және жайсыз орналасқан тайпалардан империяның шекараларын қорғауға, сондай-ақ олардың жерлерін тартып алып орналасу мақсатында тағайындалған. Әрине, біздің шептеріміздің алдында қоныс аудару қындықсыз мүмкін емес. Алайда, бұл қоныс аудару Отан итілігіне адап берілген азаматтардың өз жанын құрбандаққа шалуы болып табылады” [2, 121], - делінген еді. Дегенмен, бұйрықпен келген отарлаушы-казактар азшылық болғандықтан, жоғарыда баяндаганымыздай, 1854 жылдан Жетісуға Сібірден жер аударып барған қоныс аударушылардың “жақсы тәртібімен” көзге түскендері және әртүрлі феодалдық салықтарды өтей алмаған “жөнге келмейтін” шаруалар көшіп келе бастады. 50-жылдардың сонына қарай келімсектердің қатарын Еуропалық Ресейден келіп казактық сословиеге тіркелген орыс шаруалары толықтырып отырды. Бұл жәнінде Телжан Шонанұлы былай дейді: “Үкімет әуелі, қылмысты болып, жазаға бұйырылып, Ресейге зияннан басқа пайда тигізбейді деп түсінген, шіріген жұмыртқаға есептелген адамдарды қазақ даласына орнықтыруға ұмтылды. Өлім жазасына кесілген және саяси өлімге арналғандарды жіберді. Екінші, тіпті салық төлемей шаруашылық күші үзіліп, Ресейге пайда келтіруден қалған мұжықтарды көшірді. Бұларды атты казак қызып жазды. Үшіншіден, бұрыннан басы бос жауынгер атты казактарды орналастырды, жауынгерлігінің үстіне казак-орыс бұрыннан қазақпен соғысып үйренген” [3, 116].

Жаңа жерлерде орнығу үшін үкімет оларға бірқатар женілдіктер мен артықшылықтар берді. Мысалыға, 1859 жылы Томбы губерниясынан келген 300 отбасына 55 сомдық күміс ақша бөлді, азық-түлік үлесін тағайындағы, әр түрлі салықтардан босатып, 30

десетинадан жер бөліп берді [4]. Мұндай жағдайлар өлкеге өртүрлі дүшпандық пиғылдағы элементтердің көніл аударуына мүмкіндік туғызды. Нәтижесінде 1867 жылға дейін Жетісуда құрылған 14 казак поселкелері мен станицаларында 14648 адам өмір сүрді. Келімсектер мұндағы қазақтардың өндөлген ең құнарлы егіс алқаптарын, су жүйелерін, мал жайлымдарын тартып алғып, халқымыздың дәстүрлі мал және егін шаруашылығының дамуына орасан зор нүксан келтірді. Бұл жағдайды тіпті патша шенеуніктерінің өздері сол кездің өзінде-ақ мойындауға мәжбүр болды. Жетісу казак өскерінің басшысы, генерал майор Г.А.Колпаковский Түркістан генерал-губернаторына жазған ресми хатында: “Жетісу облысында орналасқан алғашқы қоныстанушылар арнайы шақырумен және жеребемен келгендер еді. Мұнда, үйсіз-күйсіздер, күдік тудыратын саяси сенімсіз, өз еңбегінің жемісіне емес, үкімет тарапынан берілетін жәрдем ақшага, қырғыздардың (қазақтардың) егістік жерлері мен дайын су жүйелеріне сенген адамдар келді” [5] - деп жазды. Хатта казақтардың жеке бастарына да мінездеме беріп, оларды “зерек және түсінігі бар”, сонымен бірге олардың “азғындық, араққорлық, дөрекілік, жалқаулық, шаруашылыққа селқостықпен қарау” сияқты жаман әдеттеріне ерекше тоқталып өткен. Осы хатта көрсетілгендегі, казак-орыстар қазақтардың шаруашылығының дамуын тежеп қана қоймай, сонымен бірге үкімет тарапынан берген түрлі артықшылықтарға сүйеніп, қазақ жұртына зорлық-зомбылықтар жасап отырған [6]. Ресейдің Орта Азиядағы отарлау саясаты бойынша белгілі маман М.А.Терентьевтің дәл атап көрсеткеніндей, казактар қазақ жері табиғатына немқұрайлы қарап, ормандарды ысырапсыз пайдаланып, біразын жоқ етті, жергілікті халықтан тартып алған егіншілікке жарамды жерлерді аз уақыт пайдаланып, тастап, жаңа жерлерге кетіп жатты [7, 268]. Сол кездегі баспа беттерінде де казақтардың барлық жеңілдіктерді қолдана отырып, өздеріне берілген жерлерді өндеудің орнына, жерлер тартып алғынған, шаруашылығы күйзелген қазақтарға жалға жер беріп, пайда тауып жатқандығы жайлышы мақалалар жарық көрді [8, 192].

Сонымен қатар архивтік құжаттар мұнда ертеден мекендерген тұрғындарды ығыстыру нәтижесінде иеленген үлкен құнарлы аудандарды игеруге келгенде казактар көп жағдайда жоғары егіншілік мәдениетін таныта алмағандығын дәлелдейді. XIX ғасырдың 70-жылдары Жетісудағы патша әкімшілігі облыста тұратын казак-орыстардың шектен тыс жер иеленіп отырғандығын, ал ол жерлердің игерусіз екендігіне аландаушылық білдірді. Соңдықтан да 1875 жылы

казак-орыстарының иелігіндегі 214511 десятина жерді алғыш, оның 7529 десятинасын қалаларға және 260983 десятинасын қазақтарға қайтарған, мұнымен бірге, қазақтар бүрін өз еріктерінен казактар пайдасына тартып алынған жайылым жерлердің бір қатарында малдарын жаюға рұқсат алған [9]. Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы К.П. Кауфман бұдан кейінгі уақытта Жетісуда қазақтың отарлау процесін тежеу қажет деп санады. Ол егін егуге, шаруашылықты дамытуға барлық жағдайлар жасалынған казактардың 22376 десятина өндөлген жерді меншіктең отырып, 8 жылдан соң осы жердің тек 1526 десятинасында ғана егін еккендіктерін өзінің қызметі жөніндегі есебінде баяндады [10, 151-159 б.].

Генералдың бұл ойын Жетісу облысы әкімшілігі қолдап, өз кезегінде, өлкенің ауыл шаруашылығын, сауда қызметін, өндірісін дамыту үшін казак-орыстарға қарағанда жерді аз мөлшерде талап ететін, егін егуде тәжірибелі орыс шаруаларын бұл аймаққа қоныстандыру тиімдірек деп санады [9].

Осындай қалыптасқан жағдайда патша үкіметі, өлкеде өздерінің ұстемдігін нығайту мақсатында, Батыс Сібір генерал-губернаторы Дюгамельдің әскери министрлікке жазған пікіріндегідей, ең баянды және тіпті нағыз жол - орыстардың егінші мұжықтарын жаңа жаулап алынған жерлерге қоныс аударту болып табылатынын жақсы түсінді [11].

Жалпы патша үкіметінің XIX ғ. соны - XX ғ. басында Оңтүстік Қазақстанда жүргізген қоныс аудару саясатын әлеуметтік-экономикалық және саяси сипаты жағынан өзгешеленетін 4 кезенге бөліп қарасты болады.

Бірінші кезең (1867-1897 ж.) - бұл уақытта үкімет қоныс аударудың кең өріс алудына жан-жақты қолдау көрсеткен жоқ. Осы кезеңдегі патша әкімшілігінің басты міндеті, жаңа жаулап алынған территорияларды, өлкеге келген қоныс аударушы шаруаларға әр түрлі женілдіктер беріп орналастыру арқылы бекіту еді.

Екінші кезенде (1897-1905 ж.) Қазақстанға өз еркімен келген шаруалардың отарлауы күштейді. Ресейдің Орталық аудандарында шаруалар қозғалысы өрістеуі себебінен үкімет қоныс аудару қозғалысын қолдауға мәжбүр болды.

Үшінші кезең (1906-1911 ж.) елде 1905-1907 жылдардағы революция мен Столыпиннің аграрлық реформасынан кейін қалыптасқан жағдайға байланысты, “мазасыз” шаруаларды Еуропалық Ресейден шет аймақтарға жоспарлы түрде көшіруімен сипатталады.

Үкіметтің ойы бойынша қоныс аудару Орталық Ресейдегі жерге деген мұқтаждықты жойып, соның нәтижесінде революциялық қозғалысты әлсіретуге ықпал жасауға тиіс еді.

Төртінші кезең 1910 жылғы 19 желтоқсанда қабылданған заңнан соң басталды. Онда Түркістанды генерал-губернаторлығын басқару туралы өреженің 270-бабына енгізілген қосымшада: “көшпелілер үшін артық болуы мүмкін жерлер мемлекеттік мүлік министрлігінің басқаруына өтеді” делінген еді. Яғни, қазақтар иелігіндегі жерлерді қоныс аудару мекемелерінің ашық түрде тонауы заң жүзінде бекітілді. Бұл “жаңа бағыт” деп аталынатын, Түркістанда “мықты” шаруашылықтарды құру кезеңі болды. Осы кезең қазақ жерлерін күшпен тартып алудың күшнейуімен, шаруалар қобалъкуларының көбейуімен сипатталады.

Қоныс аудару қозғалысының алғашқы кезеңінде помещиктер арзан жұмыс күшінен айырылып қалудан қауіптеніп, шаруалардың шет аймақтарға көшуіне әр түрлі кедергілер қоюмен болды. Қоныс аударуға тек қана арнайы рұқсат қағазы барлар және үкімет тарапынан женілдіктер мен көмек ақша алғандар ғана бара алтын болды.

Патша әкімшілігі қоныс аударылып келген шаруалар өлкеде орыстандыру саясатын жүргізіп, отарлаушы әскерлерді толықтырудың негізі болады деп сенді.

Бұл пікірді Түркістан өлкесінің генерал-губернаторы фон Кауфман қолдай отырып: “Өлкеде орналастырылатын орыс қоныстары кең тарап, өзара тікелей байланыс орнатқан жағдайда ғана олар нағыз маңызға ие болып, үлкен күшке айнала алады. Осы негізге сүйеніп, облыста жаңадан құрылып жатқан орыс селоларын қазақ қоныстарымен және қалалармен біріктіріп, мүмкіндігінше отырықшы селолардың біртұтас жүйесі бола алатындей етіп орналастыру қажет” [12], - деп жазды.

XIX ғасырдың 60-жылдары сонына қарай келген орыс, украин, белорус шаруаларын Оңтүстік Қазақстанға қоныстандыру Жетісу облысынан басталып, кейінірек одан өзгеше түрде Сырдария облысына тарады.

Генерал-губернатор фон Кауфманның нұсқауымен Жетісу облысының әскери губернаторы Колпаковский облысты орыс шаруалары арқылы отарлаудың жоспарын жасап шықты. Онда Жетісудың 5 уезінде жалпы саны 1345 отбасы болатын 33 поселке, бұдан бөлек 47 жол бекетінің әрқайсысында 10 отбасынан тұратын поселкелерде 470 отбасын орналастыру көзделді [13,196].

Г.А.Колпаковский бұл ойын баяндай отырып: “Жоспарда көрсетілген поселкелер орналасу тиіс жерлерде, қазіргі уақытта казактардың егістік алқабы немесе қыстаулары, кең көлемде жайылып орналасқан сұландыру жүйелері бар. Егер осы жерлердің барлығы мемлекет меншігінде болғанда өкімет ешқандай кедергісіз-ақ казактардың пайдалануынан алып қоя алатын еді” [14,196], - дейді. Шындығында, жоғарыда баяндағанымыздай, бұл уақытта Жетісу облысы өкімшілігі басшылыққа алатын 1861 жылғы “Уақытша Ережеде” жерге мемлекеттік қозқарас анықталмаған болатын [15]. Сондықтан да Г.А.Колпаковский қазактардың жерін тәркілеу үшін заңдық негізді қазақ жерлері мемлекет меншігі деп жариялаған 1861 жылғы “Орал, торғай, Ақмола және Семей облыстарын басқару жөніндегі уақытша ережені” басшылыққа алды [16, 323-340]. Алайда генерал Колпаковский жерінен айырылған қазақтардың наразылығының өсуі Орта Азия шекараларында саяси қындық туғызады деп қауіптенді. Сондықтан өзі жазған “Жетісу облысында шаруаларды қоныстандыру туралы уақытша ережеде” бұл мәселеге сақтықпен қарап, жері орыс шаруаларына тартып алынған қазақтарға сондай көлемде басқа территориядан “сыйға” жер берілсін” [17], – деді. Бірақ Колпаковскийдің бұл ойына Ташкенттегі штаб бастығы қарсы шығып, ескерту хат жазып, онда былай дейді: “Күндердің күнінде, өзімізге, біздің ісіміз-бірінші кезекте орыстық, ұлттық орыс-мұддесі, қазақтар мекендеген жерлер олардың меншігі емес мемлекеттік екендігін мойындауымыз керек. Отырықшы орыстар қазақтарды өлкеден ығыстырып шығаруы немесе түгел көшіріп жіберулері қажет. Ашығын айтқанда, отырықшы тұрмыс салтына және егін шаруашылығына қолайлы жерлерден олар, жарамсыз жерлерге ығыстырылады. Бұл біздің орыс шаруаларын қоныс аудару саясатын дамыту үшін өте қажет” [18].

Хатта империя шенеунігі патшалық Ресейдің Түркістандағы “тариhi миссиясының” шын мәнін, яғни отарлаудың нағыз өзі екендігін ешқандай бүкпесіз баяндаған. Өлкеде өздеріне саяси - әлеуметтік тірек жасау мақсатында қазақтардың ата-мекен жерінен таулы-тасты, тұзды, шөл жерлерге көшіруде қолданған шаралар шектен шыққан сорақы, терең шовинистік саясат болды. Бұл жолға өздерінің барлық іс-шараларын бағыттады.

1869 жылы генерал Колпаковский жасап, генерал-губернатор Кауфман бекіткен ережеде орыс мұжықтарының жағдайын женилдестуді қөздеген бірсыныра шаралар белгіленді: әрбір ер адам

басына 30 десятинадан жер берілді, қоныстанушылар 15 жыл мерзімге салықтардан және рекурдтық (әскери) міндеткерліктен босатылды; мұқтаж отбасыларына 100 сомға дейін қарыз ақша берілді [19].

Кауфман-Колпаковский жоспары 1882-жылы асыра орындалды. Сол жылғы “Жетісу облысына шолу” жинағында жоспарланған 1375 отбасының орнына 1718 отбасы қоныс тепкендігін, олардың мүшелерінің 7398-і ерлер, 6219-ы әйелдер екендігі жазылған [20,3]. Бұл есепке демалысқа шыққан төменгі шендеңі қоныс аударушылардың 152 отбасы мен 2041 казактар саны кірмегеннің өзінде облысқа келген келімсектердің аз ғана уақытта осындай көлемде келуі патша әкімшілігінің Жетісу өнірін отарлауды аса күшті қарқынмен жүргізгендігін көрсетеді.

Бұдан кейінгі жылдары да Жетісу облысына орыс шаруаларының келіп қоныстануы толастамады. Ресей помециктерінің арзан жұмыс күшінен айырылып қалу қаупінен қорқып, жаппай қоныс аударуға қарсы болғанына қарамастан көшіп келе берді. Ресей шаруалары тұрмыс жағдайының ауырлығы соңшалық, қоныс аудару қозғалысындағы мұндай екпінді тоқтату мүмкін болмады.

“Әрбір көктем сайын Орал жоталарынан асып, - деп жазды елдегі қоныс аудару қозалысының тарихын революцияға дейін зерттеген И.Гейер, - бірде ат, бірде өгіз жеккен арбалар ұзыннан ұзақ шұбырып жататын. Мұндай арбалы керуендерді жан-жағынан шаршап-шалдыққан, шаңға бөгіп, қүнге күйген қалың топ қоршап келе жатады, ал кенеп пен жәке жабылған жаппалардың тесіктерінен толып жатқан “көгілдір”, “көкшіл”, “тұз” көздер сығалайды, бұл келе жатқандар - қоныс аударушылардың қырық құрау армиясы. Оларды алыста өгей ана болып қалған туған жерлерінен әлде бір жерде, сонау алыста орыс деревнясының тұрғыны білетін тар көкжиектен әрі жатқан беймағлұм елде ұшы қырысyz кең дала, ертегілерде ғана айтылатын мол астық туралы сыйыстар еліктіре, ентелетіп келе жатыр. Туған жердің күннен күнге асқына түсken қатал экологиялық жағдайы мен дәрменсіз күресте қалжырап, өз семьясының бүкіл қажетіне жететіндей астықты әйтеуір бір алу жөніндегі үмітін үзіп, асыраушы жердің іске жарайтын қыртысын табандары тозғанша қопарып, олар ет жүрегі елжірей қоймаса да, есқі күл-қоқыс орындарын тастанап, еркін жер, арзан нан іздел жолға шықты” [21, 6].

Азып тозған шаруалар жол-жөнекей адам айтқысыз қынышылықтарды бастан кешірсе де, бұл оларға бөгет бола алмады. Қоныс аудару дегеніміз “шындығында байырғы Ресейден Орал тауы

жотасынан әрі қарай ағылған әлдебір орасан зор адам өзені. Суық түсісімен топ-топ болып тізбектеліп, теңіздердің арғы жағындағы жылы жаққа іркілмей, бет алатын жыл құстары сияқты, туған жерлерінде ашығып, қайыршыланған шаруалар да беймәлім өлкеде кеңшілік пен молшылық іздеуде” [22, 2], - деп суреттейді орыс, украин, белорус шаруаларының қоныс аударуы мәселесін зерттеген А.Глебов.

Жетісу облысы 1882-1895 жылдар аралығында Дала генерал-губернаторлығы қарамағына қараған болатын. Сондықтан облыс 1891-жылғы “Ақмола, Семей, Жетісу, Орал және Торғай облыстарын басқару туралы ереже” бойынша басқарылды. Ереженің 120-бабындағы 1-қосымшада: “Көшпелілер үшін артық болуы мүмкін жерлер мемлекеттік мүлік министрлігі қарамағына өтеді” - делінген еді. Яғни, бұл қазақтардың мекендеген, ата-бабасынан мұралыққа алған жерлерін, қажет болса тартып алып қоюға болады деген заң еді. Мұндай қосымша Сырдария облысын басқаруда басшылыққа алынатын 1886 жылы 12-маусымда қабылданған “Түркістан өлкесін басқару Ережесінде” болмады. Сондықтан да Сырдария облысына қарағанда Жетісуды ресейлік шаруалар арқылы отарлау әлде қайда нәтижелі болды.

XIX ғасырдың сонына қарай үкіметтің арнайы шақыруымен салыстырғанда өз еркімен қоныстанушылар саны көп еді. Профессор А.А.Кауфманның дерегіне қарағанда, олар, жалпы қоныс аударушылардың 60 - 85%-тін құраган [23, 31].

Генерал Кауфман өзінің жасаған жоспарының асыра орындалғанын, яғни өлкені казактық отарлаудан славян шаруалары арқылы отарлау мен алмастырып, олардың санының күннен күнге артуын үлкен жетістік деп санады. “Әрбір орыс адамы өлкеде Ресей империясының мықты тірегі болады” [10, 186], - деп сенді.

Кауфман-Колпаковский жоспары орындалғаннан кейін де қоныс аудару үлкен қарқынмен жүрді.

Патша әкімшілігінің XIX ғасыр сонында Жетісу облысында жүргізген қоныс аудару саясатын қорыта айтатын болсақ, 1900 жылы облыста казак-орыстардың 11 станицасы мен 17 поселкесінде 30223 тұрғын өмір сүрді. Ал қоныс аударушы шаруалардың бірінші поселкесі 1867 жылы құрылды, 1869 ж. 2 поселке, 1870 ж.- 6, 1871 ж.-8, 1872 ж. - 4, 1874 ж.-3, 1877 - 1878 ж. және 1883 жылы бір-бір поселкеден, 1893 ж. 2 поселке құрылды. Осылайша, 1900 жыл 30 шаруа поселкесінде 39750 адам өмір сүрді [24].

Қоныс аударушыларға арналған участекелердің тапшылығынан 1897 жылы Жетісу облысы көлімесектер үшін жабық деп жарияланғанымен бұдан кейінгі жылдары да өз еркімен қоныстанушылар легі толастамады.

Ал Түркістан өлкесіне қарасты Сырдария облысында қоныс аудару қозғалысы, жоғарыда айтқанымыздай, Жетісу облысына қарағанда кешірек басталды және одан өлде қайда баяу жүрді. Мұнда, бекіністердегі тұрақты армия солдаттарын есептемегендеге казакорыстардың поселкелері болмады [24]. 1866 жылы 16-маусымда Сырдария облысына орыс шаруаларын орналастыру мәселесі алғашқы рет күн тәртібіне қойылды. Ташикенттен нұсқау алған Түркістан облысы (бұл уақытта әлі облыс) оң жақ флангасының бастығы облысқа қарайтын әскери бекіністердің коменданктарына орыс шаруаларын өздерінің қарамағындағы жерлерге қоныстандыруға қалай қарайтындығын сұрап, теллеграмма жіберген еді. Бұл сұраққа тек қана Жүлек бекінісінің бастығы: “Қоныс аударушылардың 100 отбасына Жүлектің маңында бос жерлер жеткілікті” [25], - деп жауап берді. Ал басқа бекініс коменданктары бұл саясатқа қарсы екендігін білдірді. Мысалы, Перовск қамалының коменданты былай деп мәлімдеді: “Орыс шаруаларын орналастыру арқылы бұл жерлерді отарлаудың тіптен қажеті жоқ. Себебі бұл жерлердегі қазақтардың мал шаруашылығы да, егін шаруашылығы да жақсы дамыған. Олардың өнімдері жергілікті әскерлерді қамтамасыз етуге де, тамақтарын асырауға да жеткілікті. Егер бұл жерге орыс шаруаларын орналастыра болсақ, олар егін егудің орнына тиесілі жерлері мен ұрықтық дәндерін қазақтарға беріп, өнім жинағанда оның жартысын иеленетін болады. Барлық енбекті қазақтар істеп, олар орыстардың қызметшісіне айналады” [26]. Осындай мазмұндағы жауап хат Әулиеата мен Шымкенттен де жіберілді. Мұндай мазмұндағы хаттардан біз тұрақты армия офицерлері Жетісудағы жағдай бұл аймақта қайталануынан қауіптеніп, үкіметтің қоныс аудару саясатына теріс көз қараста екендігін, жергілікті халықты өз жайлауларынан ығыстыру империя үшін де, жергілікті тұрғындар мұддесі үшін де зиян екендігін түсінгендігін көреміз. Олар егерде орыс шаруаларын қоныстандыру қажет болса, онда тек бос жатқан жерлерде ғана орналастыру мүмкін” [26, 24 п.] , - деп жазды.

Бірақ бекініс коменданктарының бұл ойын патшалық Ресей әкімшілігі қолдамады. 1867 жылы генерал Кауфманның Түркістан генерал-губернаторлығы қызметіне келуімен өлженні отарлау тіптен

басқа бағытта жүргізілді. Осы жылдың шілде айында поручик Маев Кауфманға өзінің әскери-саяси мақсатта жазылған Сырдария облысын Ресей шаруалары арқылы отарлау жоспарын ұсынды. Маев, отставкадағы солдаттарды шаруалармен араластырып, Ор мен Ташиент қалалары арасында, одан соң Шымкент және басқа қалалар аралығында бір-бірімен жалғасып жатқан, Жетісу облысындағы казакорыс поселкелері сияқты, орналастыру қажет деді. Ол, басым көпшілігі отырықшы тұрмыста өмір сүріп, Орта Азия мемлекеттерімен шектесіп жатқан көп ұлтты Түркістан өлкесінде саяси жағдайың шиеленісіп кетуінен қауіптенді. Сондықтан Жетісуда патша үкіметінің әскери тірегі болып отырган казактар сияқты, мұнда қаруланған солдаттар мен шаруаларды араластырып, бір-бірімен байланысып тұратындей жол бойында орналастырган жағдайда ғана поселкелер империяның күшті саяси тірегі бола алады деп баяндады [26, 4 және 8-п.].

Маевтың бұл стратегиялық жоспары Түркістан әкімшілігінің қоныс аудару мәселеіндегі бағдарламаға айналды.

Дәл осы уақытта, нәтижесі бізге белгілі Түркістан өлкесін басқару туралы Ереже жасалынып жатқан еді. Бұл туралы 1910 жылы Түркістанда тексеру жүргізген Н.Гаврилов былай дейді: “Көшпендерлер орналасқан болыстарда ереже бойынша (270-бапта) барлық жерлер көшпенді қазақтардың пайдалануына берілген еді және заңда олар қолданбайтын, мал жаюға қажеті жоқ бос жерлерді алу туралы ештеңе айтылмады” [28, 6]. Патша шенеуніңі баяндаған қазақ шаруаларына “қажет емес” жерлер шындығына келгенде жоқ еді. Ал, егер де бар болса, ол жерлерді көшпендерлер тұрмысына зиянын тигізбей алу мүмкін емес еді [29]. Ол үшін, яғни егіншілікке қолайлы жерлерде қоныс аударушыларды орналастыру үшін, мемлекетке ете қымбатқа түсетін суландыру жүйелерін жүргізу қажет болды” [30]. Бірақ бұл жұмыстарды жүзеге асыруға патша үкіметі ешқандай қаржы бөлмеді. Осылайша, екі жол - Сырдария облысында мекендереген қазақ жерлерін күшпен тартып алу немесе жергілікті халықтан жерді жалға алу ғана қалды. Бұл облыста орналасқан өзбек, татар және т.б. ұлт өкілдері отырықшы егіншілер деп саналды. 1873 ж. генерал Кауфман ұсынды, 1877 ж. бекітілген заң бойынша отырықшы егіншілер мекендереген жерлер олардың жеке меншігіне берілген болатын [123,141]. Сондықтан да патша үкіметінің қоныс аудару саясатының бірден-бір құрбаны, көшіп қонып отырган жерлері мемлекет меншігі деп саналатын көшпендер қазақтар болды. 1910 ж. 19 желтоқсанда “Түркістан өлкесін басқару туралы Ереженің” 270-бабына

көшпендердің жерін мемлекет меншігіне алу туралы қосымша енгізілгенге дейін Сырдария облысын отарлау Жетісуға қарағанда өзгеше түрде жүргізілді. Қоныс аударушыларға жерлер қазақ тұрғындарымен, ауылдарда ұстемдік ететін әлеуметтік топтармен келісім жүргізу арқылы жалға алынды. Бұл жөнінде Н.Гаврилов: “Әр бір поселкені құру үшін орыстар көшпендермен келісімге келулері қажет болды. Ал кейбір жағдайда алатын жерін ақшаға сатып алды” [28, 41]- деді. Сол үшін жергілікті әкімшілік орыс шаруаларына мемлекеттік қазынадан арнайы ссуда бөлді. Мұнда, жердің құнына, тек арықтардың бағасы және осында орналасқан құрылыштарды бұзуға жұмсалған шығын ғана кірді. Заң жүзінде жерді сатуға немесе сатып алуға тыйым салынғанмен, іс жүзінде бұл процесті Түркістан әкімшілігі қолдады. Мұнымен бірге, қоныс аударушылардың өздері де қазақ байларына жасырын пара беру арқылы өз дегендеріне көндіріп отырды. Бұл жөнінде 1912 жылы Түркістанда болған жерге орналастыру және егіншілік Басқармасының Бастығы Кривашеин былай дейді: “Алғашқы құрылған поселкелердің басқасының барлығы өз бетімен келген шаруалардың қолдарымен жасалды. Олар Сырдария облысының солтүстік уездеріне келіп, қазақтармен жерлерін жалға немесе сатып алу туралы “заңсыз” шарттар жасады” [32,16].

Патша әкімшілігінің қоныс аударуға деген қатынасы елдегі нақты жағдайларға байланысты өзгеріп отырды. Алғашқыда 1861 жылғы реформадан кейін помециктер арзан жұмыс күшінен айырылып қалудан қорқып, қоныс аудару қозғалысына әр түрлі кедергілер жасап отырды. Деревняларда әлеуметтік жіктелу күшейіп, жерсіз шаруалардың көбеюі үкіметті еркін қоныс аудару туралы заңды шығаруды талап етті.

Сырдария облысында орыс шаруаларын қоныстандыру Маевтың жоспарында көрсетілгендей Орынбор-Ташкент даңғыл жолы бойында орналасуы тиіс болған поселкелер бұл аудандарда аз мөлшерде ғана салынды. Осы жол бойында орналасқан Сырдария облысына қарасты Перовск уезінде 1882 жылы 2 поселке, 90-жылдары тағы 2 поселке құрылса, Қазалы уезінде орыс селолары мүлдем болмады. Себебі, бұл уездерде егін шаруашылығына қолайлы құнарлы жерлер аз еді [33]. Қоныс аударып келген Еуропалық Ресей шаруалары су жүйелері жүргізілген, сұы мол, жері құнарлы Шымкент және Әулиеата уездеріне - Талас Алатауына қарай ағылды.

Бұл жерде бір айта кететін нәрсе, облысқа келген қоныс аударушылардың саны 1891 жылдан кейін артты - оған дейін 20

поселке құрылып, онда не бәрі 7702 адам ғана өмір сүрді. Ал 1891 жылдан бастап бұл көрсеткіш бүтіндей өзгерді. 1891-1892 жылдардағы Ресейде орын алған ашаршылық салдарынан бұған дейін де өлкеге келе бастаған өз еркімен қоныстанушылардың стихиялы қоныс аударуы үдегей түсті. Осы жылдары 22 жаңа село пайда болды. Жаңадан келушілердің көпшілігі бұрынғы поселкелерде орын тепті. 1895 жылы облыста 45 орыс поселкесінде 15330 адам өмір сүрді [34, 50-51], ал 1900 жылы - 48 поселкеде 20 мың тұрғын болды.

Сырдария облысында ең бірінші орыс поселкесі Өулиеата уезінде Верный-Ташкент даңғыл жолы бойында Қара Балта деген атпен құрылды. 1875-1876 жылдары Михайловка, Чалдовар, 1877 ж. Дмитриевка поселкелері пайда болды. 80-жылдары бұл жерде 8 поселке, 90-жылдары 9 поселке құрылып, 1901 жылы барлығы 1586 қожалық орналасқан 23 поселке салынды [35].

Шымкент уезінде негізінен 1887-1897 жылдар аралығында құрылған 18 поселкеде 1901-жылы 1007 қожалық өмір сүрді. Бұл уезде орыс селолары көп жағдайда почта даңғыл жолы бойында-Шымкент-Верный және Шымкент-Орынбор бағытында орналасты [36].

1886-1896 жылдар аралығында облыстағы орыс поселкелерінің саны 8-ден 45-ке дейін жетіп, орыс шаруаларының жалпы саны 10 жыл ішінде 1255-тен 1600-ге дейін өсті.

Сырдария облысына қарасты, негізінен қазақ болыстарынан тұратын Ташкент уезінде XIX ғ. сонында пайда болған 10 поселке суландыру жүйелерімен байланысты болды. Алғашқы поселке 1881 жылы Ташкентке таяу жерде Никольск деген атпен пайда болды. Бұдан соң Троиск селосы 1886 жылы құрылып, 4140 десятина суландыру жүйелері бар жердің 1340 десятинасы поселкелер қарамағына беріліп, қалған болігі канал құрылышына қатысқан жергілікті тұрғындар иелігінде қалдырылды.

1892 жылы Ташкент уезінде б поселке құрылып, оның үшеуі (Черняев, Кауфман және Саратов губерниясының немістері орналасқан Константиновское) Орынбор даңғыл жолы бойына салынды.

Коныс аудару мәселесімен тек жергілікті өкімшілік қана айналысты. Облыс басшысы жоғарғы бақылаушы билігін алғып, жергілікті жерлерді - уезд бастықтары басқарды. Олар өздеріне берілген билікті пайдаланып, заң бойынша ешқандай рұқсат қағазынсыз өлкеге көшіп келген қоныс аударушыларды өз еліне қайтарып жіберудің орнына, оларды өз мақсаттары үшін пайдалана білді. Өз еркімен келушілерге жергілікті халықтың жерін тартып алғып

беруден тайынбады. Жерінен айырылған қазақ шаруаларының қайда барып күн көретіндігі оларды алаңдатпады да [37]. 1891-1892 жылдары Ресейдегі ашаршылық салдарынан орын алған стихиялы қоныс аудару кезінде, орыс шаруаларына көмек көрсету үшін Шымкент, Түркістан, Қазалы, Перовск, Әулиеата қалаларында уақытша комитеттер құрылды. Әскери министр арқылы қазынадан мұжықтарға қырық бір мың сом жәрдем ақша алынды. Бұл қаражат үй жайларды жалға алуға, азық-түлік және дәрі-дәрмекке, еңбек малдары мен тұқымдық дәндерді, ауыл шаруашылығына қажетті құрал саймандарды сатып алуға жұмсалды.

Қоныстандырудың алғашқы кезеңінен 90-жылдарға дейін қоныс аударушылардың көпшілігі орта шаруалар болды. 1891-1892 жылдардағы Орталық Ресейде орын алған ашаршылықтан соң қоныстанушылардың басым бөлігін кедей шаруалар құрды.

Түркістан генерал-губернаторы кеңесінен әскери министрлікке 1891 жылғы 8-қарашада жолданған хабарламада: “Биылғы империяның ішкі губернияларында егіннің шықпай қалуына байланысты Түркістан өлкесіне 1000 отбасы келді (5000 жан) және 1300 отбасы келеді деп күтілуде. Бұл қоныс аударушылардың көпшілігінің жағдайы өте нашар. Олардың тіпті тұратын қоныс алуға және егін егуге де шамалары келмейді” [38, 127], - делінді.

90-жылдары Түркістан өлкесінің әкімшілігі артық жердің жоқтығына байланысты жылдан жылға артып жатқан шаруалардың көшіп келу ағынын тоқтатуын сұрап, үкіметке хаттар жолдаумен болды [39].

XIX ғасырдың соңғы ширегінде Орта Азияга қоныс аударушылар негізінен Ресейдің Астрахань, Харьков, Воронеж, Самара, Орынбор, Саратов, Тобыл, Ставрополь, Курск, Пенза, Симбирск губернияларынан келді.

Қоныстанушылардың негізгі бөлігі жері өте құнарлы болып келген Ташкент-Верный даңғыл жолы бойында орналасты. Пайда болған поселкелер, Маев-Кауфман жоспарына сәйкес, әскери-полициялық тірек пункттері есебінде бағаланды. Сырдария облысы әскери губернаторы 1891 жылғы есебінде: “Жергілікті тұрғындар қыстауларының ортасында пайда болған орыс селолары әскери жағдай туда қалғанда үлкен маңызға ие болады. Жалпы алғанда поселкелерді маңызды жергілікті қыстауларды қоршай орналастыру пайдалырақ болар еді. Бұл мәселе де бірінші кезекте Ташкент қаласы тұруы қажет” [40] - деп баяндады.

Осылайша, стихиялы жүрген қоныс аудару қозғалысын патша әкімшілігі өздерінің әскери агрессиялық мақсатына бағындыруға тырысты.

Патша үкіметінің XIX ғасырдың соңында жүгізген қоныс аудару саясатына қорытынды жасайтын болсақ, бірінші кезекте, орыс шаруалары арқылы өлкені отарлаудың негізінде әскери-стратегиялық, қоғамдық-саяси және әлеуметтік-экономикалық мақсат мұдде жатқандығын, және осының нәтижесінде жауап алған терриорияларда қоныстанушылар арқылы империя әкімшілігі мықты сүйеніш жасағандығын айтуда қажет.

Самодержавиенің қоныс аудару саясатын бос жатқан кең байтақ жерлерді игеру мақсатында емес, керісінше, жергілікті халықты игерген, өндеген жерлерінен ығыстыру негізінде жүргізілді. Орта Азияны жауап алған уақыттың алғашқы кезеңінде өлкеге қоныс аударушылар аз мөлшерде тек шақырумен келген болса, 1886 жылдан бастап, мұнда өз бетімен қоныстанушылардың стихиялы көшіп келуі үдейе түсті. Олардың көшілігі ауқатты, тұрмысты шаруалар емес, керісінше өз елінде әбден азып-тозғандар болатын. Қоныстанушылардың басым көшілігі Түркістан генерал-губернаторлығының далалы облыстарына (Жетісу және Сырдария), яғни көшпенділер орналасқан жерлерге - олардың жерлерін жалға немесе тартып алғып орнықты. XIX ғасырдың ортасынан 1906 жылға дейін қоныс аударушылар қорына Жетісу облысынан 752197 десятина, ал Сырдария облысынан 159561 десятина жер алғанды [80, кесте]. Осылайша, Еуропалық Ресей мен Сібірден келген славян шаруаларының қоныс аударуынан Түркістан өлкесінің байырғы облыстары саналатын Самарқан, Ферғана, Закаспий облыстарында орналасқан отырықшы егіншілерге қараганда, қазақ халқы көбірек зиян шекті. Мұндағы егін шаруашылығына жарамды жерлердің барлығы дерлік игеріліп, XIX ғасырдың соңында өлке қоныс аударушылардың келуі үшін жабық деп жарияланды. Бірақ бұл нұсқауға қарамастан, өз еркімен қоныс аударушылардың үлкен толқыны ағыны толастамады.

Әдебиеттер

1. Лепсинский Н. *Самовольные переселенцы и переселенческое законодательство.* // Вопросы колонизации., 1914. № 14,-С. 116.
2. Леденев Н.В. *История Семиреченского казачьего войска.* -Верный, 1908.
3. Шонанұлы Т. *Жер тағдыры-ел тағдыры.* -Алматы, 1995.
4. КР ОММ., 23-к., 1-т., 8-іс, 2, 23-25 - п.

5. Вопросы колонизации, 1911. №9, 210-6.
6. Русский вестник. 1890. №1 -С.. 198.
7. Терентьев М.А. История завоевания Средней Азии. – СПб., 1906. – Т.3. – 496 с.
8. Иванов А. Русская колонизация в Туркестанском крае //Русский вестник. 1890. №16.
9. КР ОММ., 39-к.,1-т., 2426-ic, 1-2п; 2-т., 24-82-ic, 123- п.
10. Проект Всеподданейшего отчета генерал адъютанта К.П.Кауфана по гражданскому управлению и устройству в областях Туркестанского генерал губернаторства (1867-1881).Ташкент, 1882.
11. КР ОММ., 39-к.,1-т., 239-ic, 38- п.
12. КР ОММ., 19-к.,1-т., 26-ic, 139-140 п.
13. Материалы для статистики Туркестанского края, под ред. Маева, вып. 1., 1872.
14. ФР ОММ, 1-к., 16-т., 2257-ic, 8-8-п.
15. КР ОММ., 15-к.,1-т., 246-ic, 1-17 п.
16. Материалы по истории политического строя Казахстана. т.1./ Сост.Масевич М.Г. - Алма-Ата, 1960.
17. КР ОММ, 44-к., 11-т., 8-ic, 15-п.
18. ФР ОММ, 1-к., 16-т., 2257-ic, 91-93 п.
19. КР ОММ., 19-к.,1-т., 26-ic, 139-140 п.
20. Обзор Семиреченской области за 1882 год. -Верный, 1884.
21. Гейер И. Крестьянская колонизация Сырдаринской области. -Ташкент, 1892.
22. Глебов А. Что могут дать переселения крестьянству -Спб.,1907.
23. Кауфман А.А. Переселение и колонизация. -Спб., 1905.
24. КР ОММ., 44-к.,1-т., 48419-ic, 3 п;
25. Восточное обозрение. Материалы для истории колонизации Туркестанского края. -Спб.,1885. №18.
26. ФР ОММ, 1-к., 16-т., 8-ic, 7 - п.
27. ФР ОММ, 1-к., 16-т., 13-ic, 4 және 8 - п; 15-ic, 448-п.
28. Гаврилов Н. Переселенческое дело в Туркестанском крае. -СПб., 1911.
29. Вестник Европы, 1891. №8, -С.806-807.
30. ФР ОММ, 17-к., 1-т., 32702-ic, 5-6 п.
31. Шкапский О. Аму-Дарыинские очерки. К аграрному вопросу на нижней Аму-Дарье. -Ташкент, 1900.
32. Записка главноуправляющего землеустройством и землемерием о поездке в Туркестанский край в 1912 г. Приложение всеподданейшему докладу. -Спб., 1912
33. ФР ОММ, 16-к., 1-т., 354-ic, 2- п.
34. Всеподданейший отчет по Туркестанскому генерал-губернаторству за 1889-1891гг. -Спб., 1895. -С. 50-51.
35. ФР ОММ, 1-к., 10-т., 156-ic, 55- п.
36. Сонда, 2-т., 1905-ic, 3-п.
37. Вестник Европы, 1891. №8, -С. 806- 807.
38. Вощинин В.Л. Переселение. // О земле, вып. 1, пос. издат, 1921.
39. ФР ОММ, 17-к., 1-т., 30702-ic, 5-6- п.
40. ФР ОММ, 269-к., 1-т., 8-ic, 35- п.

АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ӨНЕР

930.15845

2014 ЖЫЛЫ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ СЫҒАНАҚ ҚАЛАСЫНДА ЖҮРГІЗІЛТЕҢ ЗЕРТТЕУЛЕР

CONDUCTING RESEARCH ON MEDIEVAL CITY SYGNAK IN 2014

С.ЖОЛДАСБАЕВ*

М.БАХТЫБАЕВ**

Б.НУРХАНОВ, С.МУРГАБАЕВ, Л.МАЛДЫБЕКОВА, М.АМАНТУРОВ,
Қ.АРЫНОВ***

Түйіндеме

2014 жылды «Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданындағы ортағасырлық Сығанақ қалашығына археологиялық қазба және зерттеу жұмыстарын жүргізу» атты ғылыми жобаны орындау барысында т.ғ.д., профессор С.Ж.Жолдасбаевтың жетекшілігімен Қ.А.Ясаяи атындағы Халықаралық қазақ-түрк университеті Археология ғылыми-зерттеу орталығының Сығанақ археологиялық экспедициясы қаланың солтустік қақпасында және қақпа маңындағы аландада (қазба №13) қазба жұмыстарын жүргізді.

Ғылыми жоба «Қызылорда облыстық Мәдениет басқармасының Қызылорда облыстық тарихи және мәдени ескерткіштерді қорғау жөніндегі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі тараپынан 262 «Облыстық мәдениет басқармасы», 005 «Тарихи-мәдени мұралардың сақталуын және қол жетімді болуын қаматамасыз ету» бағдарламасы аясында қаржыландырылды.

Зерттеудің негізгі мақсаты Ортағасырлық Сығанақ қаласында зерттеу жүргізіп, материалдық және рухани мәдениетін, шаруашылық дәстүрін, әлеуметтік-экономикалық ахуалының негізгі элементтерін қалпына келтіру болып табылды.

Түйін сөздер: Қазба, кесік, қабырға, ор, алаң, қақпа, Сығанақ.

Summary

Archaeological excavations and research at an archaeological site Syganak, Zhanakorgan district Kyzylorda region "funded State municipal institution" for the Protection of Monuments of History and Culture of Kyzylorda management culture of

*тарих ғылымдарының докторы, профессор, Археология ғылыми-зерттеу оргалығының директоры, Түркістан-Қазақстан.

Doctor of historical sciences, professor, director of the Research center of Archaeology, Turkestan-Kazakhstan.

** Археология ғылыми-зерттеу оргалығының аға ғылыми қызметкері, Түркістан-Қазақстан Research center of Archaeology, Senior Researcher, Turkestan-Kazakhstan.

*** Археология ғылыми-зерттеу оргалығының ғылыми қызметкерлері, Түркістан-Қазақстан Research center of Archaeology, Research associate, Turkestan-Kazakhstan.

Kyzylorda region "on budget program 005 "Preservation of Historical and Cultural Heritage and access to them" The object of study is medieval settlement Syganak. The objectives expedition included: conducting excavations at the northern entrance to the settlement Syganak (excavation Number 13).

In 2014 field of season Syganak archaeological expedition International Kazakh-Turkish University named H.A.Yasawi under the direction of Doctor of History, Professor S.Zh. Zholdasbayev were made on archaeological excavations the northern entrance (excavation №13), that is, structures related to the complex of the northern city gates.

Key words: excavation, mark, wall, ditch, area, gate, Syganak.

2014 жылы Сығанақ археологиялық экспедициясы археологиялық қазба жұмыстары ортағасырлық Сығанақ қаласының солтүстік қақпасына, сонымен қатар қақпаның жанындағы алаңына салынды. Қазба алдында солтүстік қақпа аймағы толығымен ағаштар мен шөптерден тазартылды. Сонымен қатар жобасы сыйылып, суретке, бейнекамераға түсірілді.

Қазба жұмыстарының алдында репер нүктесінен солтүстікке қарай 24x24м жерге 3x4м көлемді шаршылар салынып, солтүстік қақпаның екі жеріне қазба жұмыстары басталып кетті (1-сурет). Қақпаның оң қапталындағы мұнараның үстіне көлемі 15x6 метр келетін кесік және қақпаның кіреберіс аланына Θ-4, Θ-5 шаршыларына қазба жүргізілді. Қақпаның оң жақ бөлігіне салынған кесік 12 яруска дейін тереңдетілді (2-сурет). Қақпаға салынған кесіктің 5-6 ярусынан қорған дуалының қаланды кесектері шыға бастады. Осы ярустары дуал іргесінен жалпы биiktігі 120 см келетін жартылай сакталған хум, түбек, екі дана майшам және бояулы-бояусыз керамикалық бұйымдардың сынықтары табылды. 11 ярустың тоғызыншы және он үшінші метріне дейін биiktігі 60 см жобасында көпір тіреуі тәрізді тапталған саз қабаты анықталды. Осы саз қабатының ортасынан аумағы 1,2 м келетін қоқыс тастайтын шұңқыр орны анықталды. Сонымен қатар қақпаның сол жақ бөлігін анықтау мақсатында екінші қазба салынды. Қазбаны тереңдету кезінде ұзындығы 1,4 метр келеті үш қатар күйдірілген кірпіш қаландысы шықты. Қаланды сынық кірпіштерден қаланған. Барлық кірпіштердің тегіс беті бір жақтама қойылған, яғни оңтүстік-шығыс жағы бір тегіс. Осы бөліктің жоғарғы қабатынан табылған археологиялық жәдігерлер:

Шыңылтырылған сегіз бұрышты қыш қантама. Бұрыштан бұрышқа 16 см, қалындығы 2,1 см. Бетіне ақ, көк, сары (сирек кездесетін түс), жасыл түстермен өсімдікті-геометриялық өрнек түсірілген. Сақталуы орташа.

Ұршық басы. Ешкінің тұбітін иіруге арналған. Тұбіт нәзік болғандықтан оның ұршығы да шіңішке болып келеді еken (Сұнақата ауылшының тұрғыны, Әрмек тоқушы шебер Дүйсебаева Орыншаның айтуы бойынша). Табанының аумағы 5 см, биіктігі 3,5 см. Кесінді көрінісінде ұшбұрыш тәрізді. Ортасында 0,7 см тесігі бар. Сонымен қатар қоладан жасалған безбен табылды.

Сонымен қатар, солтүстік қақпаның кіреберіс алаңының оң қапталына қазба салынды (3-сурет). Қазба бір күрек бойы қазылғаннан кейін шіріген қамыс пен пахса қабаты шыға бастады. Сонымен қатар осы күрек бойынан биіктігі 60 см көлемінде қос тұтқалы боялмаған құмыра (Ә-4) және сырлы, сырсыз керамикалық бұйымдар табылды. Осы қабатты анықтау масатында екінші күрек бойы қазба тереңдетілді. Осы қабаттан екі ошақ орны анықталды (Ә-4). Аршылған бірінші ошақтың аумағы 40x48 см, ошақ аузынан оттығына қарай сопақша болып жасалған. Көлемі 25x25x5 см келетін күйген кірпіштерді тігінен қалау арқылы жасалған. Сақталған тереңдігі 30 см. Тұбінде күл қалдықтары анықталды. Ішкі сылағының қалындығы 1,5 см. Сылағы сазбалышықтан иленгендіктен оттың әсерінен қызғыш тұске енген. Ошақтың аузы 15-20 см көлемінде. Ошақтың алдынан 100x80 см көлемді ташнау анықталды. Ташнаудың ортасында көлемі 25x25x5 см, ортасында диаметрі 1 см тесігі бар бүтін кірпіш, ал қалған бөліктеріне сынған кірпіштер қиуласа төсөлген. Қазбаның солтүстік бұрышынан екінші ошақ орны аршылып, күл аралас бос топырактардан тазартылып жобасы фото суретке түсірілді. Ошақтың сақталған биіктігі 5 см. Ошақтың аузы, яғни батыс бөлігі күйдірілген қыштан тік қаланған. Осы кірпішке жалғаса аумағы 25x25x5 см келетін бір қатар қыш кесектер төсөлген. Ошақтың деңгейінен ұзындығы 10 см болатын қатты тотықкан темір жебе ұшы табылды. Қақпа алаңының батыс бөлігін тазалау барысында тоғыз қоқыс тастантын шұңқыр аршылып, олардың іші бос топырактардан тазартылды. Шұңқырлардың аумақтары 90-120 см, тереңдіктері 0.3-1 м. №1 шұңқырды тазалау барысында керемикалық бұйымдар мен мал сүйектері табылды (Ә-6). Сонымен қатар жобасы сыйылып, фото суретке түсірілді. Бұл қоқыс шұңқыры бірінші құрылыш кезеңінің еден деңгейінен басталды. Шұңқырдың ішкі бөлігі еден деңгейінен 50 см төмен жерінен қыш құмыраның бүйірі анықталды. Сонымен қатар құмыра орналасқан деңгей 20 см өртенген күл қабатынан тұрады. Қазба барысында Ә-5 шаршысынан оңтүстік бұрышынан №2 қоқыс шұңқыры аршылып тазаланды. Аумағы 1,2 м, тереңдігі 0,5 м. Шұңқыр ішін бос

топырақтардан тазарту барысында ірілі-ұсақты мал сүйектері мен сынған керамикалық бұйымдары теріліп алынды. Б-5 шаршы метрдің батыс бұрышынан №3 қоқыс шұнқыр орны анықталды. Шұнқырдың аумағы 1,2 м. терендігі 0,1 м. Қоқыс шұнқыры бос топырақтан тазартылып, жобасы сзыылды. Қазбаны солтүстік-шығысқа жалғастыру барысында Θ-3 пен Б-3 шаршы аралығынан № 4 қоқыс шұнқыры орны анықталды. Бұл шұнқыр қазбаның бастапқы деңгейінен 1 м. терендіктен аршылды. Аумағы 1,5 м. терендігі 1 м. Шұнқыр бос топырақтан және күлден тазартылып суретке түсірілді. Ішінен керамикалық бұйымдар мен мал сүйектері теріліп алынды. Шұнқырдың онтүстік-шығыс бөлігі толығымен бұзылған. № 5 Қоқыс шұнқыры Б-1 және Б-2 шаршысынан бастапқы қазба деңгейінен 2 метр терендіктен анықталды. Шұнқырдың іші күлден толығымен тазаланды. Шамасы бұл қоқыс шұнқырына ошақ күлі тасталуы мүмкін. Шұнқырдың аумағы 1,65 метр, терендігі 0,4 м. Осы анықталған № 5 қоқыс шұнқырының онтүстік бөлігінен 1,3 метр аралықтан қабыргаға жартылай кірген ошақ табылды. Бұл ошақ Б-1 шаршысының онтүстігінде, қазбаның батапқы деңгейінен 1,9 метр терендіктен ошақ орны анықталды. Ошақ қорған дуалының жиегінен жанама орналасқан. Ошақтың жалпы көрінісі жұмыртқа тәрізді. Ұзындығы 55 см. сақталған биіктігі солтүстік-шығысы 35 см. онтүстік-батыс бөлігі 8 см. Ені 15-30 см. аралығынды. Ошақтың алдын тазалау барысында күйдірілген кірпіштер қаландысы анықталды. Шамасы бұл қаланды кірпіштер ошақ алдындағы ташнауы болса керек. Ташнау кірпіштерін тазалау барысында яғни Б-2 шаршысының шығыс бұрышынан арабша жазулары бар мыс тәнге табылды. Табылған мыс тәнгенің сақталуы орташа. Ошақтың шығыс бұрышында аумағы 1 м. келетін жартылай сақталған шұнқыр орны аршылды. Сақталған биіктігі 70 см. Г-1 шаршыдан № 6 қоқыс шұнқыры анықталып, бос топырақтан тазартылды. Аумағы 1,5 м, терендігі 0,5 м. Шұнқыр ішінен мал сүйектері мен керамикалық ыдыс сынықтары теріліп алынды. Сонымен қатар Г, Д-1 шаршыларының ортасынан № 7 қоқыс шұнқырының орны анықталды. Шұнқырды құланды бос топырақтан тазалау барысында сынған керамикалық бұйымдар, хумның сынған бөліктері мен ірі мал сүйектері теріп алынды. Шұнқырдың аумағы 1,5 метр, терендігі 2 метр. Бұл шұнқыр қорған дуалының жиегіне салынған. В-1 шаршысын қазу кезінде сынған хум табылды. Бұл хумның астынан биіктігі 89 см екінші бүтін хум табылды. Бетіне сынған хумның түбі қойылғандықтан ішіне топырақ түспеген. Шамасы

хұмдарды бір-бірінің үстіне қойған болуы керек. Г-1 шаршысын қазу барысында бастапқы қазба деңгейінен 2,5 м терендіктен № 8 қоқыс шұңқыры анықталды. Г-1 шаршысының оңтүстік бұрышында орналасқан, шұңқыр бос топырақтан тазартылып, жобасы түсірілді. Шұңқырдың аумағы 1,5 метр, терендігі 0,4 метр. Ішінен сыйған керамикалық бұйымдар, мал сүйектері теріліп алынды. Д-1 шаршысының сотустік-шығыс бұрышынан № 9 қоқыс шұңқыры табылды. Аумағы 1,6 м, терендігі 0,6 м. Қоқыс шұңқыры бос топырақ пен күлден толығымен тазартылды. Сонымен қатар Д-1 шаршысының оңтүстік бөлігінен хұм табылды. Ернеуінің аумағы 35 см, биіктігі 90 см. Бұл кездесіп отырған қоқыс шұңқырлары жоғарғы құрылыш кезеңінің сол замандарда пайдаланылған шұңқырлары болып табылады. Шұңқырлардың көп болуына байланысты астынғы құрылыш орындарын анықтау мүмкін болмай отыр. Бұл шұңқырлар құрылыштарды толығымен бұзып кеткен.

2014 жылы САӘ археологиялық қазба жұмыстары Сығанақ қаласының солтүстік қақпа орнына және қала кіреберісінде (қақпа жанында) орналасқан алаңында жүргізілді. Зерттеу барысында қазба жұмыстарының жобалары сыйылыш, суретке және бейнетаспаға түсірілді.

Жүргізілген зерттеулер нәтижелері тәменгідей болды:

1. Сығанақ қаласының солтүстік қақпасы кезінде қала үшін өтеп маңызды қызмет атқарғаны анықталды. Себебі, бұл қақпа қаланың орталық алаңымен тікелей байланысты. Ал, орталық алаң қаланың негізгі сауда орталығы болғаны анық. Сонымен қатар, осы қақпа арқылы қаланың әкімшілік бөлігіне өтетін жол болған.

2. Қаланың соңғы тіршілік жасасған уақытында бұл қақпаны белгісіз себептерге байланысты бекітіп тастаған. Соның өзінде топографиялық жобаларда оның орны белгілі болып отыр.

3. Қақпаның жоғарғы қабатынан табылған керамикалық бұйымдарына қараганда соңғы қызмет жасасған кезеңі XVI-XVII ғғ. жатады. Жалпы алғанда қақпаның төрт құрылыш кезеңдері анықталды. Ең тәменгі (ерте) құрылыш қабатында табылған жәдігерлер Алтын Орда дәүіріне жатады. Екінши құрылыш қабаты Әмір Темір, ал үшінші қабат Ақ Орда мен Қазақ хандығы дәүірлеріне жататындығы анықталды.

Келесі жылы да осы нысанда қазба жұмыстарын жалғастыру көзделіп отыр.



Сурет 1 – Солтұстік қақпа. Жалпы көрінісі



Сурет 2 – Кесік



Сурет 3 – Алаң. Қазбаның жалпы көрінісі

СЫН

ӨЛЕҢ СЫНЫНЫң ӨРЕН ЖҮЙРІГІ POETRY CRITICISM OF THE BEST

А.ДОСЫБАЕВА*

Түйіндеме

Мақалада көрнекті ғалым, сыншы, филология ғылымдарының докторы, профессор Қ.Ергебектің «Өлеңсөз» аталатын кітабына ғылыми талдау жасалған. «Өлеңсөз» – қазақ поэзиясына арналған сын мақалалар жинағы. Кітап сыншының соңғы жылдары поэзия жанры жайында жазылған көркем әдеби сын зерттеулерінен тұрады.

Кітт сөздер: Өлеңсөз, сын, дәстүр, қазақ поэзиясы, поэзия сыншысы

Summary

This article is an analysis on the scientific book "Olensoz". "Olensoz" is dedicated to the collection of critical essays. The book consists of poetry writing from the study of fiction in recent years.

Key words Olensoz, criticism, tradition, Kazakh poetry, poetry of criticism

Қазақ әдебиетінде қырық жылға жуық қалам қуатымен тынымсыз еңбектеніп келе жатқан әдебиет сыншысы, филология ғылымының докторы, профессор Құлбек Ергебек жайлы белгілі қоғам қайраткері, Халық жазушысы Әбіш Кекілбаевтың: «Ергебековты Ергебековтей бақайшығына дейін жіліктей шағып, жіліктей зерттең, жіліктей түсіндіру үшін тағы бір Ергебеков керек. ...танқалдыра біледі. Тамсандыра біледі» -деп тебірене пікір білдіруінің өзі-ақ, Құлбек Ергебектің қазақ сынының шашасына шаң жұқтырmas жүйрігіне, Құлагеріне айналғанының айқын дәлелі. Өділ баға. Бұл – сыншының өз жанрында ғалым, сыншы ретінде үлкен тұлғага айналғандығының айқын көрінісі. «Сыншы бола тұрып тұлғага айналмаса – «дүние бос», – дейді сыншының өзі де. Осы пікір-байламының орнықтылығын оның соңғы кездері жарық көрген «Өлеңсөз», «Қарасөз», «Сарасөз» сын еңбектері дәлелдеп отыр. Әдебиет сыншысының бұл кітаптары Қ.Ергебек әдебиетке не берді, оқырманына нендей ой-пікірлер ұсынды дейтін сұрақ туғызады?

* филология ғылымдарының кандидаты, Қожа Ахмет Ясауи атындағы қазақ-түрік университеті Түркология ғылыми-зерттеу институтының аға ғылыми қызметкері, Түркістан-Қазақстан. International Kazah-Turkish University named Kh. A. Yasawi, candidate of Philology, Senior Researcher of the Research Center of Turkology, Turkestan-Kazakhstan.

Алдымен айтарымыз, атынан аңғарылғандай, кітаптарға сыншының әр кездері жазылған ең таңдаулы деген қазақ поэзиясы, қазақ прозасы, қазақ әдебиет сыннының ірі өкілдері жайында, қазақ әдебиетінің жанрлық-тақырыптық тұрғыда қалыптасу жолы туралы жазылған көркем әдеби сын мақалалары, естеліктері, эссе, ғылыми-сын зерттеулерінің іріктеліп, топтастырылғандығын айтар едік. Демек, таңдамалы. Өмір бойы жазған туындыларының таңдаулы айтулысын іріктең-сұрыптаң алу сапаға бастаған дер едік. Сұрыптау кітаптардың мазмұны мен сапалық деңгейін биқтете түскені айқын. Себебі, кітапқа негіз болған (мақала, естелік, эссе, сын зерттеулерінің) еңбектерінің қай-қайсысы болсын маңызды, қазіргі әдеби үдерістің көкейкесті мәселелерін қозғайды. Біз сөз еткелі отырған алғашқы «Өлеңсөз» аталатын кітабы түгелімен қазақ поэзиясына арналып, соңғы жылдары поэзия жанры жайында жазылған көркем әдеби сын зерттеулерінен бас құраған.

Қазақ поэзиясы – шалқар ұғым. Қазақ табиғатынан ақын халық. Қазақ өзінің руханият тарихын өлеңмен жазған халық. Содан да болуға тиісті, қазақ әдебиетші, сыншы ғалымдарының дені поэзия зерттеушісі болып келеді. Алайда, негізгі жанр болғаны себепті поэзияның табиғи сұрыпталысы қатаң келетіні секілді, поэзия тарихы мен табиғатын зерттеген әдебиетші сыншылар да іріктелүмен келеді. Қазақ поэзиясы туралы мәнді сөз айта алған азамат еңбегі азды-көпті кейінгі ұрпақпен қайта басылып жүздесіп отырады. Елеулі сөз айта алмаған әдебиетші, сыншы еңбегі де, есімі де ызым-қайым. Әріден Ж.Аймауытовтың Мағжан Жұмабаев поэзиясы туралы мақаласы, М.Әуезовтің Абай, Б.Кенжебаевтың Сұлтанмахмұт, Қ.Жұмалиевтің Махамбет, Ө.Тәжібаевтың Қасым туралы мақала, зерттеулері ел есінде. Бұлардың тысында талай монографиялық зерттеулер, зерттеу очерк кітаптары тарих шаңына көміліп қалды. Бұгінгі қазақ поэзиясы туралы Ө.Кекілбаев, Қ.Мырзалиев, Т.Медетбеков мақалаларын бөлекtekеп атар едік. Бірыңғай поэзия сыннына маманданған Т.Шапай, Ө.Балқыбек, Ө.Қайырбеков, А.Кеңшілікұлы секілді санаулымыз және бар. Сыншы Құлбек Ергөбекті де поэзия сыншысы атауга толық хақымыз бар. Бұған дейінгі «Арыстар мен ағыстар», қолымыздагы «Өлеңсөз» бізге сондай хұқық береді. Оған қоса айттар бір жай ол сексенінші жылдары «Сылдырап өңкей келісім...» атап қазақ поэзиясы антологиясын құрастырды. Қала берді «Шынашақ» атап қазақ балалар поэзиясы антологиясын құрастырганы және бар. «Арыстар мен Ағыстар» поэтика анықтау кітабы бірыңғай ақындар фотопортреті,

фотосуреткөр Берсінбек Сәрсеновтің ақындар өмірінен жасаған фотоколлаждарымен көмкерілген болатын. Осының баршасы қолымыздығы «ӨЛЕҢСӨЗ» кітабына жаттығу, дайындалу жолдары. Енді, міне «Өлеңсөз» кітабы.

«Өлеңсөз» тұтасымен қазақ поэзиясына арналған сын мақалалар жинағы. Сын кітабының өзге әріптестерінің жарық көріп жататын еңбегінен бір ерекшелігі де осында. Сын кітабының тарихи хронологиясы да, құрылым композициясы да ұтымды ойластырылыпты. Өзара гармониялық бірлікті жазылған жинақ «Дарын даралығы» және «Жанр жаңалығы» аталатын екі бөлімнен тұрады.

«Дарын даралығы» атаған бірінші бөлімі – тұлғалық талдау. Қазақ поэзиясы тарихында өшпес із қалдырып дүниеден өткен, әйтпесе өлеңсөзді ар тұтып еңбектеніп келе жатқан айтулы ақындарымыздың шығармашылық портреті. Олар «Дүлдүл ақын, дүлей жыр» (С.Торайғырұлы), «Сүлей ақын, сыршыл жыр» (Ә.Тәжібаев), «Бұлбұл ақын, бұла жыр» (С.Мәуленов), «Бауырмал талант, биязы жыр» (К.Мұсірепов), «Қазақ поэзиясының сәулеткери» (К.Шаңғытбаев), «Тоқашқа айналған Торқысбек...» (Т.Бердияров), «Айда өмір сүріп жатқан ақын...» (Ә.Нұргалиев), «Құндерді ашқан парактап...» (Т.Медетбек) «Жарылмаған жанартай...» (Ж.Ерман), «Жазылған жыр, жазылмаған мақала жайлы сыр...» (Т.Көпбаев), «Қазақ өлеңінің бозторғайы» (С.Дөнентаев), «Жана алмай маздап жас кеткен» (Ғ.Балақадырұлы), «Жалынғұмыр жалғасы» (Б.Ізтөлин), «Бала Прометей» (С.Ерубаев), «Қазақтың қыздарына қайран қалам» (Мәриям Мұқанова), «Арманды ақын қызы» (З.Қалауова), «Тынымсыз қалам тынысы» (М.Әлімбаев), «Жастық шақ жыршысы» (А.Шамкенов), «Сырлы саз, жырлы саз» (С.Жиенбаев), «Жақсылық жасауға асық еді» (Қ.Ідірысов), «Махаббат – пірім, сенгенім..» (Ж.Қыдыров), «Ақын еді ол жүрегіне гүл өскен» (С.Асанов), «Мейір гүлдеген жүрек» (Ә.Дүйсембиеев) аталады. Әр буын қазақ ақындарының шығармашылық портреттері. Мақала атауларына көз жүгірткеннің өзінде көп нәрсеге көз жеткіземіз. Сын мақала тақырыбының өзі өлең жолдарындағы өзара ұйқасып, ұштасып, өзара сабактасып жатады. Осы арқылы сыншы ұлт поэзиясының өсіп-өркендеуіне жол көрсетуді мақсат тұтады. Сын мақалаларда қазақ поэзиясының белгілі бір тұлғасын назарға ала отырып, оның поэзиясын жан-жақты қарашылық бар. Әр қырынан қарап терең талдаушылық бар. Мақала тақырыбы ғана емес, мақалалардың ішкі ағыны, талдау мәнері өлең болып төгіліп,

поэтикалық жолдар секілді бір-бірімен үйлесіп, ұндесіп жатады. Сол секілді мақалаларға тән мінез – ақынның өлеңдегі мінезін, мінезден туатын ерекшелікті буын ұстагандай дәл тауып, оны ақынның өзімен жарыскандай көркем тілмен талдай білуі. Мақалалардан поэзияны сүйген ақынкөңіл сыншының мінезі аңғарылады. Поэзия сыншысының талдау тілі тұтқыр болса айып емес пе?! Сыншы әзелден талдау мақалаларын жүрек жұпарын жұмсап, сүйіп сөйлеп, тіл құнарын аямай жұмсап, төгіліп талдайды. Сыншы еңбегін кезінде М.Әлімбаевтың «Жырга бергісіз сырлар» атап, «Егемен Қазақстан» газетінде етектей мақала жазғаны содан шығар. Егер жүрекке жүрек ашылmasa, ақын жүргегіне ақындық көңілмен барып кіrmесе ақынның поэтикалық сырьы ашылар ма, өлеңдік өрнегі сырын алдыра par ма?! Сыншының ақынды, оның поэзиясын зерттеудегі өзіндік мәнері осындей. Оны сыншы атанып жүрген замандастарынан ерекшелейтін, сөйтіп даралайтын да осы әдеби мәнер.

Тағы бір аңғарылатыны – сыншы поэзиядағы ерекше тұлғаға назар аударады. Тұлға жайында саралай сөйлеп, айтулы туындыларын толғай талдайды. Сұлтанмахмұт Торайғырұлы, Мағжан Жұмабаев, Қасым Аманжолов, Әbdілда Тәжібаев, Сыrbай Мәуленов, Тоқаш Бердияров, Мұқағали Мақатаев, Өтежан Нұргалиев, Жұматай Жақыпбаев, Темірхан Медетбек расында қазақ поэзиясының қадауқадау тұлғалары. Бұл аталған ақындар жайында қазақ сынныңда көтеп жазылды. Алайда, өзгені шыырлау, өзгені қайталау Құлбек Ергөбектің сыншылық мінезіне жат. Ол өлеңді өзінше оқиды, өзінше көреді, өзінше таниды, өзінше талдайды. Әдебиет сыншысына керекті ең басты қасиет те осы болса керек. Табигаты сыншы бола тұра, заты зерттеуші болғандықтан шығар, бір бастап зерделеген ақын шығармашылығы жайында әр қырынан келіп, әлденеше рет оралып, жазып отырады. «Дүлей ақын, дұлдұл жыр» атаган Сұлтанмахмұт Торайғырұлы жайында үш дүркін, «Айда өмір сүріп жатқан ақын...» атап Өтежан Нұргалиев жайында екі мәрте арнайы жазыпты. «Сүлей ақын, сыршыл жыр» деп таныған Әbdілда Тәжібаев жайында тіпті көп жазыпты. Көзі тірісінде-ақ, «акындар ағасы» атанған ақын Ө.Тәжібаевпен арадағы сұхбаттардан тек Тәжібаевтың ғана емес, күллі әдебиетіміздің кешегісі мен бүгінгісі, жетістігі мен кемшілігі таразыға түсіп отырады. Ақынның ағынан жарылып, аманаттай айтқан ақжарма ойларын бүкпесіз ортаға салып, оны қолға ұстатқандай жіліктеп жеткізуі сыншының білім-білігінің молдығы, таным-түйсігінің дарқандығы. Қ.Ергөбек «Қазақ поэзиясының сәулеткери» деген

мақаласында ақын Қуандық Шаңғытбаевтың өлеңдерінің қайталанбас қадір-қасиетін ақынның ғұмырнамасымен сабактастыра сыр етіп, оның шығармашылық жолын, ұлт әдебиетіндегі орнын анықтап береді. Ал Сағи Жиенбаевтың поэзиясының бағасын: «Сағи ақын жырлары бейне мелдір бастау. Шөліркеп келіп бас қойсаң сузының қанады, мұнданып жүрсөң өзіңмен сырласып, шерінді тарқатады. Бейне бір сырныңды сыртқа шашпас жан досыңмен сырласып отыргандай боласын», – деп тағы түйіндей түседі. Сыrbай Мәүленовтей сыршыл, мұншыл ақын жайында «Бұлбұл ақын, бұла жыр», «Мазаң жүрек, маздаған жыр» атап екі дүркін мақала жариялапты (Қазіргі таңда оны ақын жайында сын кітабына, сыр кітабына айналдыра жазып жүрсе керек.)

Ол жұрт жиі жазған ақындардың поэзиясынан гөрі көбіне әдебиетте көп атала бермейтін, бірақ шынайы таланттарға назар аударады. Мәселеге нақтырақ келсек, Ғұбайдолла Балақадыровты жұрт білмейді. Сыншы мақаласынан танып отырмыз, Мағжанның ақындық мектебінің түлегі екен. Ол жиырмасыншы жылдары саяси қысымға шыдай алмай өзін-өзі өлтірген ақын. Сыншы осы ақын поэзиясын «Ақ жол» сияқты кезіндегі газет-журнал беттерінен іздең, тауып «Жана алмай маздал жас кеткен...» деп аталағын мақала жазды. Баймагамбет Ізтөлин де жалындан шығып, жас кеткен ақынның бірі болатын. Сыншы оның әдеби мұрасын С.Мұқанов архивінен тауып, ол жайында «Жалынғұмыр жалғасы» атап мақала жазған. Қосжан Мұсірепов талантты бола тұра әдебиетте көп әнгіме арқауына айнала қоймаған ақын. Көп жыл елеусіз, ескерусіз кеткен ақын жайында жазылған сыншы мақаласы елеулі дер едік. Өмірдегі еменнің иір бұтағындағы қысық, қыңыр мінезіне орай әдеби орта қабылдай қоймаған ақынның бірі – Өтежан Нұргалиев. Сыншы Өтежан Нұргалиев жайында да «Еменнің иір бұтағы», «Айда өмір сүріп жатқан ақын» атап екі мәрте мақала жазып, «заманымыздың ұлы ақыны» деп түйген. Құлбек Ергөбек «Жақсылық жасауға асық еді» атап Қабдікәрім Ыңдырысовты, «Сырлы саз, жырлы наз» атап Сағи Жиенбаевты, «Мейір гүлдеген жүрек...» атап Әнуарбек Дүйсенбиевті, «Махаббат – пірім, сенгенім...» деп Жүсіп Қыдыровты, «Ақын еді ол кекірегіне гүл өскен...» деп Сабырхан Асановты, «Рух туын жықпай өткен қаламгер...» атап Бекен Өбдіразаковты өз тарапынан ашқан, ақындық мәнерін, бір-бірінен ерекшеліктерін анық танып, халыққа қайыра танытқандай етіп мақала жазады. Поэзия сыншысы, зерттеушісі ретінде Қ.Ергөбектің тағы бір ерекшелігі – ақынның шығармашылық лабораториясына ене жазады. Ақын табиғатын өлеңден, өлең ерекшелігін ақынның өзінен (мінезінен)

іздеп табады. Ақынның өзімен жарыса жазып, керкем тілмен жараса талдағанда өлеңдегі айтылған ой да, айтылмақ ой да қос-қабат қамтылып жатады.

Сын жанрына тән мәнер – жинақтау және талдау болса, Қ. Ергөбек осының екеуін егіз, қатар ұстап, жарасымды сабактастырып келеді. Өлеңнің тұтас табиғатына, оның бүтін-бітім болып жаратылуын жақсы көретін сыншы өлең жанындағы жалқынды сәулені, жалынды ойды анық танып жанымен беріле жақтаса, өлең тәніндегі орайымен табылған жалқы өрнекті жол, қазық болып тұрған жалғыз детальға да назар аударуды сірә да ұмытпайды. Басқаша айтсақ, поэзияны талдағанда жалпыдан жалқыға, жалқыдан жалпыға бара біледі. XIX ғасыр басында Потебня негізін салған бір өлеңге шолу жасайтын дәстүр бойынша «бөлшектік талдауды» қазақ әдебиетінде орнықтыру мақсатынан болар, «Бір өлең талдау» мәнеріне жиі барады. Қазақ әдебиетінде профессор Бейсембай Кенжебаев, Тәкен Әлімқұлов, Мұзафар Әлімбаев бастап берген «Бір өлең талдау» дәстүрінде Құлбек Ергөбек те бақ сынап, байқап көріп жүр. «Жапырақтар» кімнің өлеңі?» (С.Торайғырұлы), «Түрік халықтары гимні» (М.Жұмабайұлы), «Майға сәлем!» (С.Мұқанұлы), «Сәбитке...» қалай туған?» (Қ.Аманжолов), «Құлаган – «Қазақ...», құлатқан – қазақ...» (Ә.Тәжібайұлы), «Тал бесіктен – Жер бесікке дейін» (М.Мақатаев), «Балдырғанда» туған өлең» (М.Мақатаев), «Жүрек әні» (Б.Әбдіразақов) аталағын бір өлең талдау мақалалары сөзімізге дәлел. Ол мақалаларда С.Торайғырұлының, С.Мұқановтың, Қ.Аманжоловтың, Ә.Тәжібаевтың, М.Мақатаевтың, Б.Әбдіразақовтың бір-бір өлеңі назарға алынып арнайы талданады. «Бір өлең талдауда» бос сөзге орын жоқ. Жалпы шолуға баруды да көтермейді бұл форма. «Бір өлең талдау» – нақты, затты талдау. Онда сыншы талдауға өзіндік жаратылу тарихы бар тағдырлы өлеңді нысанана алады. Сөйтеді де жеке өлеңді сыртқы фактурасынан бастап ішкі жан-дүниесіне үніліп байқайды, тереңіне бойлайды. Онда соғып тұрған жүрек лұпілі, лұпілді жеткізетін поэтикалық құрал, поэтикалық құралды таңдал ала білетін ақындық талант, таланттың ізденіс кепілі болып табылатын – шеберлік... осының бәрі-баршасы Құлбек Ергөбектің сыншылық талдауында қамтылады. Ол «Бір өлеңді» талдау арқылы бүтін ақындық тағдырды өріп шыға алады. «Бір өлеңді» талдау арқылы бүтін ақындық тағдырға үкім айта алады. Ең бастысы сыншының «Бір өлең талдауы» формасы әралуан. Бірінде «Жапырақтар» кімнің өлеңі?» деп Сұлтанмахмұт Торайғырұлы өмірінен трилогия жазған Дихан Әбілевке сұрау салып

хат жазады, Мағжандай маңғаз ақынның «Түркістан» аталатын өлеңін тарихпен сабақтастырып талдайды, өлеңі отқа тиген дауылдай Қасым ақынның «Сәбитке» аталатын өлеңінің соғыс жылдарында майдан даласынан хат-өлең күйінде С.Мұқановқа жазылған қолжазбасын тауып алады. Ол көлемді қолжазбаны ала отырып ақынның 20 жол өлеңі мен қаралай жазған хатынан «Сәбитке» аталатын 8 жол өлеңді қалай тұлғалап шығарғанын ашады. С.Мұқановтың «Майға сәлем!» аталатын өлеңін жазуына оның курсас досы Алексей Сурковтың ықпал еткені анықталады. Ә.Тәжібаевтың кезіндегі КПСС Орталық Комитетінің қаулысына ілінген, сталинизмді ашық сыйнайтын «Біз де қазақпыш» поэтикалық драмасын талдау, қаралау протоколдарын ала отырып ашады. М.Мақатаевтың «Бесік басында» аталатын өлеңін «Алматы ақшамы» (№172-173; 27 және 28 шілде 1990 ж.) газетінің екі санында талдау, оған ақын Мұзафар Әлімбайұлы қолма-қол үн қатып, мақала жазады. Мақала «Алматы ақшамы» газетінің келесі санында («Алматы ақшамы», №174(624) жарық көреді. Онда синшы мақаласын қазақ әдеби сыйнындағы жаңалық ретінде бағалай отырып, ақын өлеңін одан әрі өзінше талдау бар. Б.Әбдіразақовтың «Жүрек әні» аталатын бір өлеңін талдау арқылы өлеңдегі биографизмді табады, арнау өлеңнің поэтикалық болмысын ашады. Сыншының бұл саладағы мақалалары қазақ әдебиетіндегі жаңалық дерлік. Тың жаңалық болмаса, қатардағы қарапайым көрініске таңдана қоймайтын Герольд Бельгердің «Анализ одного стихотворения» – на мой взгляд, принципиально новое явление в казахской критике. Книга Кулбека Ергобека, посвященное казахской поэзии, дает не только углубленное представление о национальной поэзии, но и определяет горизонт ее перспектив.» – («Книголюб», №4/2005.) деп бағалауы да біздің ойымызды тиянақтай түседі.

Ал, кітаптың «Жанр жаңалығы» аталатын екінші бөлімі – бүтінгі қазақ поэзиясы проблемалық мәселелеріне арналған. «Абай мен Есенин жағасына жармаспай-ақ...», «Қазақ поэзиясының дәулеткері», «Күлкі сыры мен сымбаты», «Көзайым», «Қолжазбадан кітапқа немесе жабық рецензияның ашық сипаты», «Бір өлен», «Фотоөнер тұтқыны» және қос Қадыр», «Мейірімсіз қара жер сөзіме менің қарашы...», «Өсер жасқа өріс кен» атты мақалалардың арқауында жатқан мәселелер негізінен өткен жылдар поэзиясының тақырыптық, жанрлық, стильдік ізденістерін қамтып айтуда арналады. Құлбек Ергөбек Сүйінбай, Жамбыл, Омар Шепеұлы, Айтбай Белгібайұлы сияқты халық ақындары шығармашылығын да ешкімге ұқсамай, ешкімге ұқсатпай

өзінше талдай жазды. Бұл орайда оған ғалымдық зерделілік, сыншылық ілкімділік, архив ақтарғыштық, тың мәлімет тапқыштық мінезі көмекке келеді. Бір қарағанда халық ақындары жайында архивтік деректер сақталмаған сияқты. Ал Құлбек Ергебек архивтік дерек іздейді, табады, тапқан дерегін халық ақындары шыгармашылық табиғатын ашуға сәтімен пайдаланады. «Сүйінбай – жырдың пырағы», «Жылға созылған жоқтау...», «Мейірімсіз қара жер, сөзіме менің қарашы!...», «Халық жырының ақберен ақсақалы» сияқты мақалалары тың деректі ақындық табиғатқа ұластыра сөйлеуімен бағалы деп білеміз. Әрине, бұл мақалаларда Қ.Ергебек әдебиет сыншысынан ғөрі әдебиет зерттеуші ғалымға көбірек айналады. Орыстың эстет ақыны И.Анненский: «Эстетическая критика стремится стать искусством, для которого поэзия была бы лишь материалом.» – деген еді. Сол секілді Құлбек Ергебек талдауында өлең шіркіннің бар жан қалтарысы ашылып жайнап шыға келеді. Тіпті талдау мәнері жан-жақты болған сәтте поэзия талдау материалы ғана болып қалады да сыншының мақаласы өнер дүниесіне айналып дербес өмір сүре бастайды. Бұл – сыншының асқан шеберлігін көрсетеді.

Қорыта келгенде айтарымыз, қазақ әдебиетінің бұлақ көзінен сусындал, әділдіктің ақ жолында жүрген сыншы қазіргі әдеби үдеріске өте сергек, оның қаламына арқау болмаған бірде-бір маңызды, күрделі шыгарма жоқ екен. Поэзия жанрында жазған тұтас дәүірді айқындар, дәстүр түзер ірі тұлғалар, әдеби тенденция анықтар аса айшықты айтулы шыгармалардың барлығы-баршасы дерлік сыншы ой-елегінен өтіп жатады. Құлбек Ергебек өз шыгармашылығына қандай тақырыптарды арқау етсе де, тереңнен қазып, көтеріп отырған мәселенің тамырына терең үзілестін, оны барлық қырынан қамтып, тебірентіп айтып, зейінмен зерделеп, зиялышықпен зерлеп, оқырман ықыласын оятатын әдебиет тамыршысы. Оятып қана қоймайды, оқырманының талғам таразысын тазартады. «Өлеңсөз» сын кітабында әдебиетші қазақ поэзиясының бары мен жоғын, асылы мен жасығын адал саралай отырып ақындармен бауырласып кетеді. «Өлеңсөз» Қ.Ергебектің өлең сыншының өрен жүйрігі екеніне кепілдік береді. Талантты сыншының бүтінгі қазақ сыншының көш басында танымпаз тұлға ретінде парасаты мен абыройына қылау түсірмей еңбектеніп келе жатқаны мақтаниш.

Ол – өлеңсөз өнерінің өрен жүйрігі!

ТҰЛҒА

А.З.ВАЛИДИ ТОҒАН

МЕНИҚ ОТБАСЫМНЫҢ МӘДЕНИ БАЙЛАНЫСТАРЫ

Егер сіз менің туған-туыстарымның мәдени келбетін көз алдыңызға елестектің келсе, біздің рудан аты отанымыздың шегінен тысқарыда белгілі болған бірде-бір адамның шықпағанын көресіз. Алайда, Суклыкай руы өкілдерінің халықтың ішкі өмірінде рөлі болғандығы белгілі. Менің ұлы атам Валиттің үйінде XIX ғасырдың бірінші жартысында көптеген мереке-жындар мен мәжілістер өткізіліп тұратын, кантондық^{*} бастықтар, орыс генералдары, губернаторлар, танымал молдалар, шейхтар мен ишандар қонақта болатын-ды. Үйде қымыз пісетін күбілер мен көнерген кілемдер сақталынған, және бұл заттарды әлдеқандай бір бей алтыншы ұрпаққа жататын біздің арғы атамызға сыйға тартқан екен.

Біздің әкелеріміз бен арғы аталарымыздың әскери естеліктері

Жора-жолдастарымыздың көшілігі ата-бабаларымызбен бірге башқұрт әскерилерінде қызмет еткен адамдар еді. Олардың арасынан бізге ең жақындары – бізден алты шақырым жердегі Макар ауылында тұрған Қармыштың ұрпақтары мен Алагуян ауылының тұрғыны Қасқынбай ұрпақтары. Қасқынбайдың ұлы, Шамседдин және менің әкем мен Үәли-молданың кіші інісі унтер офицер қызметін атқарған еді. Қармыш ұрпақтарынан болмыс жасы едәуір ұлғайған Гумер-қажы кантондық бастық болған. Үәли-молда және менің әкеме жақын болған бұл отбасыдан бірнеше оқытушылар мен офицерлер шыққан. Олар біздің ұлттық қозғалысымыз бен мемлекеттілігіміз үшін күрестің ең алдыңғы саптарында жүретін-ді. Бұдан да ертерек бұл отбасыдан майор шеніне ие болған офицер – Юсуф Қарамышев те шыққан еді. Халқымыз Юсуф майор қақында өлеңдер шығарған. Олар, көбінесе «Курайда» орындалып жүрді. Бұл мелодиялардың ноталары достарым, марқұм д-р Таған және проф. Янски тарапынан жазылып алғынып,

* Кантон – кейібір мемлекеттердегі экімшілік-аумактық бірлік.

оларды Вена Фылымдар Академиясы басылымы жариялаған. Патша армиясында әскери қызметте болғандықтан, біздің руымыздан орысша білетін жандар көп шыққан. Әскерге шақырылғанға дейін Уәли-молда медреседе оқыған, Сырдария аумағында, әкем – Дағыстанда қызмет атқарған, мұның өзі олардың араб және парсы тілдерін жақсы менгереуіне мүмкіндік туғызды. Уәли-молда араб және парсы тілдерінде еңбектер жазған, бірақ ол кезде мен кішкентай болғандықтан, одан түрік тіліндегі Едігей, Исаоғлы Ахмет сияқты дастандарды ғана окууды үйренген едім. Шәмілдің Гунибдегі бұрынғы ставкасында^{*} қызмет еткен кезінде әкем 1905 жылғы революцияға дейін-ақ бұл шейхтың Дибр әл-Інди атты әрі ғалым, әрі хатшысымен танысып, араб тілінде хат жазысып тұрған. Оның бұл тілді жақсы менгереуіне басқа да жағдайлар себепші болған. Әкемнің Дағыстанда қызметі біткеннен соң онда тағы да бір жыл қалып, араб тілін менгереуін жалғастырған. Гумер-ағай деп аталатын бір дағыстандық әр жылы ұлы атамыз Валитке келіп, оның ұлдарына, оның ішінде Уәли-молдага да араб және парсы тілдерін үйретіп жүрді.

1860 жылға дейінгі кезде башқұрт әскерлерінде немес орыс әскери бөлімшелерінде қызмет еткен және әскери мектептерде оқыған башқұрт жастарының арасында орыс мәдениетіне деген қызығушылық байқалмаған. Юсуф майор және басқа офицерлер қызметтен босаған кездерінде әскери формасында өздерінің ауылдарына қайтып келіп жүрген, бірақ олардың орысша әндептіп, орыс музыкасын өуелете орынданап жүрген кездері немесе европалық билерге деген әуестігі болмаған-ды. Қарамышевтердің үйінде ешқандай европалық немесе орыс үлгісіндегі жиһаздар болмаған, үй бүйімдары мен баубақшаларының орналасу үлгілері Түркістанның сырдариялық тұрғындарының тұрмысы мен дәстүрлерінен аумайтын-ды.

Совет кезінде кейбір тарихшылар сол кезде орыс мәдениетінің башқұрттарға деген әсері күшті болғандығы жөнінде еңбектер жариялаған еді, алайда бұл шындыққа мұлдем қабыспайтын және мұның бәрі орыстардың бүгінгі насиҳатының әсерінен басқа ештеңе де емес. Ол кездегі орыстардың техника саласындағы артықшылығын сөзсіз мойындауға тұра келеді, бірақ рухани өмірде басқа халықтар секілді башқұрттар да ішкі дербестігін толық сақтай алған, ал ахлақтық жағынан шұбәсіз, олардан артықшылығы мығым еді және

* Ставка – орда.

А.З.Валиди Тоган. Менің отбасымның мәдени байланыстары...

бұл талас тудырмайтын факт. Біздің арамызға дүкеншілер немесе ұсталар ретінде келіп қоныстанған орыстар тез арада біздің тілімізді үйреніп алды, ал олардың балалары кейінректе исламның ықпалында қалып кете берді, басқалары Ресей заңдарының тиым салуына қарамастан, тіпті ислам дініне де өтіп жатты. Башқұрттардың тұрмысының ерекшеліктерін сипаттап жазған орыс авторлары да бар еді. XIX ғасырдың орта шенінде Орынбор губерниясының генерал-губернаторы, тегі поляк генерал Іоанн Макаров деревнясында майор Юсуф Қарамышевтің үйінде қонақта болып, башқұрттың тұрмыстық өзгешелігін сезіне таң-тамаша қалған. Және башқұрт өуендерін зейін қоя, әсерлене тыңдал, халқымыздың әдет-ғұрыптарының өзіне ғана тән ерекшеліктерін сақтап өмір сұруғе кеңес берген еді. Және Түркияда да европа өркениетінің ғажайыптарын көре-біле жүріп өз халқының рухани қазынасынан бас тартуға және одан теріс айналуға дейін барған интелегенттерді әр уақытта кездестіріп жүрміз. Кейбір түрік ғалымдары жеңімпаз Махмұд Сұлтанды европалық, өсіресе италиян Ренессансын құмартса бағалаған қайраткер ретінде көрсеткісі келеді, алайда бұл тарихи шындыққа жанаспайды. Махмұд II² европа мәдениетіне басқа мәдениеттің өкілі ретінде қараған, ислам мәдениетіне шын жүргегімен берілген және өз мәдениетінің ұлылығын мақтандыши сезіммен тілге алғып жүрген жан еді. Ал, орыс мәдениетімен жіті араласуға мәжбүр болған XVIII-XIX ғасырлардағы башқұрт зияллылары мен руханиларының да ұстанымдары сондай болған, олар өздерінің мәдениетін жақсы білген, мұның түп-тамыры Орта Азияның ұлы өркениетіне барып тоқайласқандықтан, олар бұл мәдениет құндылықтарын ықжадағаттылықпен бағалайтын-ды.

Бұхара мен Хиуада тәрбие көрген молдалар

Біздің отбасымыз көбінесе мұсылман діни қызметкерлерімен тығыз қарым-қатынаста болған. Олардың арасынан ең алдымен Стерлитамак тұрғындары Шарафутдин мен Камал, Сайран деревнясының тумасы және оның ұлы Бекболат молда, Юмагуж ауылының тұрғыны Сұлтангарей, Күншактық Галлям, Стерлибашеволық Нығметулла мен Зейнолла, ал шығыс Оралдан Муллакай деревнясындан Фабдулла ұлы Сайт, Құлбақтылық Ханнан және Троицкалық Зейнолла ишан атты танымал шейхтер және басқа ноғайлардың үрпактары есте сакталынып қалған. Олардың барлығы

араб және парсы тілдерін менгерген, терең діни білімдері бар жандар еді. Олар XIV ғасырдың соны, XV ғасыр басындағы Нақышбанди Мухаммедтің³ ислам философиясынан нәр алған – суфизм (сопылық) орденнің жақтаушылары болып, медреселер ұстаған және кітап оқу олардың күнделікті әдетіне айналған еді. Уәли молда да, менің әкем де надан, ой-өрісі шектелген фанатик^{*} молдалармен араласудан бойын аулақ ұстаған. Бұл молдалардың арасынан троицкалық Зейнолла ишан мен Муллакайлық Ғабдолла ғалымдығымен танылған-тын. Бұхарада білім алған Ғабдолла молда ислам ғылымында аса абырайлы еді, араб және парсы тілдерінде өлеңдер жазған, ұстаз ретінде құрметке бөленген, Нақышбанды суфизімінің «Мұджадид-и Халиди» деп аталатын үнді мазхабының жолын ұстанатын-ды. Олардың медреселері Бұқара және нақ Хиуа медреселері дәстүрлерінің жолын қуған. Алайда олардың ешқайсысы да Қазан төңірегіндегі Тунтарлық фанатик молдаларға немесе Башкортостандағы көптеген надан ишандарға ұқсамайтын-ды. Олар өз заманының саяси өмірі туралы түсінігі мол, өзіндік ой-пікірлерге ие жандар болатын.

Фарып Сайрани және Хызыр-молда

Бұлардың ішінен біздің отбасымызға Стерлитамак ноғайларының ұрпақтары көп өсерін тигізген. Олар өздерін Қырымнан келген Ноғай Ойбақты мырзаның ұрпақтары ретінде білетін, Қазандық Курсави мен Маржани, батыс Сібірлік Шарбақты Хаким сынды ғалымдармен, Бұхара уламаларымен жіті байланыста болған, өзіндік саяси түсініктері бар жандар еді. Немере ағам Уәли-молда және әкем олардың медресесінде оқыған. Олардың кейбіреулері дүнияуи білімдерді менгеріп, математика және тарихи ғылымдарға ден қойған-тын.

Ноғай медресесін бітірген ең танымал тұлғалардың бірі жоғарыда есімі тілге алынған Бекболат-молданың інісі Фарып Сайрани еді. Ол Құрыш деревнясында тұрған Катай руынан шыққан Низамиддинмен бірге оқыған. Олар қазандық ғалым Маржанидің «Әл-тариқат әл-мутхла» атты шығармасына назар аударып (онда исламды жаңғырту бойынша өз заманына лайықты алдыңғы қатарлы реформаторлық идеялар алға тартылған-ды), математика және философияға қызығушылық танытты, бұл саладағы білімдерін ұздіксіз

* Фанатик – дінді нық тұтқан адам; бір идеяга бар ынтастымен берілген адам.

A.3. Валиди Тоган. Менің отбасымның мәдени байланыстары...

жетілдіріп отырды. Және өткен ғасырдың бірінші жартысында Бұхарага барған. Онда бұл ғылымдармен айналысу ісі құлдырап кеткендіктен, көзілі құлазыған Сайранни өз отанындағы Уәли-молдағы хат жазған. Ол хат «Ақаид Насафи» кітабының соңына тігілген екен. Әкем бұл хатты ұлы татар ғалымы Ризаитдин Фахретдиновқа және тарихшы Мурат Рәмзиге жөнелтеді. Олар бұл хатты жариялады. Farып ол кездегі Бұхараның діни қызметкерлерін былайша сипаттаған: «Олардың бастарындағы чалма^{*} тау сияқты көтеріліп тұрады, ал даңққұмарлығында шек-шекара да тоқтам да жоқ, соған қарамастан надан және екіжүзді болып келеді».

Оның басқа бір хаты Шихабетдин Маржанидің шығармасында жарық көрген. Farып Сайранни өзінің досы Низамитдинмен бірге ғылымды қуып Бұхарадан Гератқа^{**} кеткен, одан әрі қарай Қабулға, одан соң, Бағдадқа барған. Дегенмен ол жерлерде де олардың жаны жай таппай, 1856 жылы қайыршылықта көздері жұмылды. Кейбіреудердің айтуынша, оларды өздеріне қол жұмсағандай кейіпте тауып алған-мыс. Ақырында, шындықты іздең, қоғамдық өмірді жаңалау мақсатымен қауіп-қатерге толы әрекет пен сапарға шыққан екі адамның тағдыры өз заманының ұлы трагедиясы екендігі мәлім болды. Олар ислам мәдениетінің, тіпті Бұхара, Герат, Рей және Бағдат сияқты орталықтарында да қоғамдық ой-пікірдің терең дағдарыста болғандығын көріп-білгендейтін, ешбір оңалмайтын қамығу мен түнілуге берілді.

Біздің Юрматтық руымыздың ішінде ислам мәдениетінің жағымды жақтарына Farып Сайранни ғана ден қойған жоқ. Мысалға бізден төрт шақырым жердегі Бужа деревнясында тұрған Хызыр-имам геометрияның бастауларын жақсы білген. Әкемнің қалауымен мен ол кісіден геометрия пәні бойынша дәріс алды. Ол Тамерланның немересі ортағасырлық математик Ұлықбектің әдістемесін пайдалана отырып, салынып жатқан мешіттердің қыбласын дәл анықтай алды. Бірақ, имам ортағасырлық математика ұғымдарының шекарасынан аса алмай қалды. Өйткені бұл ғылымның Ресей мен Еуропадағы жаңа жетістіктерінен хабарсыз қалған еді. Ол қарапайым құралдардың жәрдемімен жақын арадағы ең үлкен таулардың – Үлкүм мен Алатаудың биiktігін есептеп шығарды. Хызыр-молда соңғы жылдарын

* Чалма – сәлде.

** Герат – қазіргі Ауғанстандағы Хират қаласы.

Бажық ауылында имамдық қызметте өткізді, менің орыс тілін жетік менгереуге деген ынта-ықыласымды дәріптең жүрді және менің инженер болуымды қалаған еді. Ол қайтыс болған соң, одан үйренген әдіспен салынып жатқан бірталай мешіттердің қыбласын анықтадым. Менің балалық кезімде онтүстік Орал башқұрттарына, әсіресе ұлттық мәдениет пен тұрмыс ерекшеліктеріне Хиуаның тигізген әсері көзіме шалынатын-ды. Мысалы, тойларда «Хиуа шапанын» жабу (кигізу) әдетінің күшінде болғандығы белгілі. 1920 жылы қыстың күні Хорезмде болғанымда мұнда қыста да сары рендең бірақ шүберек материалмен қапталмаған біздердегі сияқты сол бір фасонмен тігілген тонды киіп жүретіндігін; мұрт пен сақал қою ұлгісі де біздікілерден ешбір айырмашылығы жоқтығын байқадым. Қысқасын айтқанда, әкеме жақын жүрген адамдар Бұхара мен Хорезм мәдениетінің қатты ықпалында болған, бірақ өріс алған көшпелі тұрмыс салтына байланысты бұл әсерлер XIX ғасырға келіп біртіндеп бәсендей бастады және одан соң жойылды. Бұл адамдардың мәдени орталығы біздің ауылдың онтүстігіне қарай жеті шақырымдай жердегі Сайран деревнясында, сондай-ақ бізден сондай қашықтықтағы жердегі (солтүстік-шығыстағы) Макарово ауылында орналасқан. Яғни, Фарып Сайранидің және Юсуф майордың деревняларында. Жаулап алушылық саясатын көздеген орыстар Қытай мен Тибет арасындағы кең-байтақ кеңістікте орналасқан елді мекендерді тәптіштей зерттеп, қарастырган, алайда Оралдағы ауылдар олардың назарынан тыскары қалған. Орынборда үйымдастырылған географиялық қоғам онтүстік Башкортостанның мәдени орталықтарының бірі болған Зианчурин ауылының жағдайын қарастыра зерттеп, бірнеше мақала жариялаған, бірақ мұндай зерттеулер біздің жаққа дейін жетпеген. Башкортостан мен Татарстанда – Сайран, Сельджи, Япажы, Сарт Хасан атаулы ауылдардың болуы, мұнда осынау атаулармен аталған тұлғалардың өмір сүргендігін (мұны қабір үстіндегі ескерткіштегі жазулар да білдіреді) және олардың батыс Түркістанда орналасқан «Сайран», «Сельджи», «Яванч» сияқты мәдени орталықтарда өскендігін, кейінректе біздің отанымызға келіп жайғасқанын көрсетеді.

Казан мектебінің ықпалы

Башқұрттар мен тептіярлар тұрған Утяқ деревнясының имамы Сатық-оғлы Кафидің қызына үйленгеннен соң менің әкемнің Бұхара мен Хиуа мәдениетіне бауыр басқан молдалар мен байланыстары

А.З.Валиди Тоган. Менің отбасымның мәдени байланыстары...

біршама әлсіреп, ол Қазанға бет бүрган діни қызметкерлермен қатынастарын жолға қойған. Баяғыдан бері Утяк деревнясынан назар аударуға лайықты ғылыми қайраткерлер шыққан. Олардың бірі Кускар ұлы Әмірхан (1826 жылы қайтыс болған) Дағыстанда, Стамбулда, Мысырда және Хиджазда оқыған, ғалым болып жетілген, оның өзі де және оның ұлы ғалым теолог Ахметхан да ислам теологиясының дамуына өздерінің үлесін қосқан. Қажылық сапардан қайтқаннан соң, олар Қазан төңірегіндегі жерлерде имамдар болып қызмет атқарған. Анамыз жағынан туыс болып келетін Утягұлдің (1859 жылы қайтыс болған) ұлы Әбзелил-хазіреттің Утякта медресесі болған және ол Хиуада, жаңа Үргеніш қаласында оқыған. Менің нағашы атам, Сатлықтың ұлы Кафи (1900 жылы дүние салған) Хиуа мен Бұхарада оқыған. Екеуі де парсы тілін өте жақсы білген. Біздің деревнямызға шешемнің келуіне байланысты парсылық мәдениет және парсы тілін менгеру ісінің өрісі кеңейді. Егер әкем маған араб тілін үйретсе, анам парсы тіліне машықтандырыды. Қазаннан аса қашық емес жерде орналасқан Әмірхан мен оның ұлы Ахметхан Утяктегі туған-туысқандарын Қазандағы оқуға тартты. Сондықтан нақ Утяктің өзінде Хиуа мен Бұқараға оқуға жіберуге қарсы адамдар көптеп табылды, олар «Қазанның жақтастары» деп те аталды. Олардың арасынан шыққан, шешем жағынан немере ағам болып келетін Сатықоғлу Хабибназардың маған тигізген өсері мығым болды. Ол он бір жасқа толғанымда мені өз медресесіне қабылдады.

Қазандық атақты ғалым Маржаниді біздер Шигаб-Хазірет деп танитын едік. Оның исламның негіздері туралы батыл да еркін ойларына Бұхара бағытын ұстанған молдалар тілекестігін білдіріп, тәнті болды. Бірақ Шигаб-Хазірет өзінің тарихи еңбектерінде қазақтар мен башқұрттарға қарата кемсітетін сөздерді айтқандықтан, біздер оның пікірін құп алмадық. Маржани араб саяхатшысы Ибн Фадланның шаманизм, фетишизм туралы бір сөзін дұрыс түсіндіре алмаған, башқұрттарда фаллюс^{*} культінің болғандығын жазған. Бұл ретте араб тілін өте жақсы білген, Муллакай деревнясының тұрғыны Абдулла-

* Фаллюс (фалл, фаллус) – еркектің жыныстық мүшесі немес кейбір халықтарда ол табигаттың бастаулашын туыннататын символ ретінде бейнеленуі // Толковый словарь Ефремовой www.efremova.info words\ fallos. Html. Алайда айта кету керек фаллюс стихиясына бұрынғы қазақтарда ұрпақ жалғастығын, шаңырақ беріктігін, әuletтің құт-берекесін қамтамасыз ететін қасиет дарылтылып, қастерленетін. Тіпті, сундетке отырғызылған баланың фаллюстан алынған терісінің жұрынын төбедегі мәткеге қыстырып қоятын әдettі мен 50-жылдары өз көзіммен көрген едім (тәржіман - автор).

Хазірет қатты ашуланып, менің өкемнің көзінше Маржанидің «Мустефад әл-ахбар» кітабын өртеп жібереді.

Менің рухани дамуыма, жоғарыда есімдері тілге алынған үш зиялышдан басқа тағы бірнеше адам қомақты әсерін тигізді. Солардың бірі – Дивана Муллагұл.

Дивана Муллагұл

Шешем парсы тілін жай ғана тіл ретінде емес, ХІІ ғасырда өмір сүрген сопылық ақын Аттардың⁴, сондай-ақ мистикалық мазмұндағы өз өлеңдерін түрік және парсы тілдерінде туындаған XVIII ғасырдың ақыны, бұқаралық сопы Аллаярдың поэтикалық тілі ретінде менгерген-тін. Анам біздің үйге жиі-жій келіп жүретін дәруіштің «қықпалында» есейді. Дәруішті диван Муллагұл деп атайдын (менің балалық шағымда оның жасы елулер шамасында еді). Ол қыпшақ руынан болатын және біздерде көп таныла қоймаған Түркістандық (Сырдария маңындағы Ясы қаласы) Ахмет Ясауи⁵ (1105-1166) сопыларының мазхабын ұстанған-тын. Діни мазмұндағы мистикалық өлеңдерді оқыған кезінде ол экстазға^{*} беріліп, басын жан-жағына бұра секіретін. Әкем Нақылбанди сектасынан^{**} еді. Онда жалбарыну іштей, дыбысталмай айтылатын болған. Бірақ та жалбарынулары дауыстап айтылатын басқа секталардың ғибадатын естігенде ол барынша ләззаттана тындалап, намаз оқылып біткеннен соң, сопылық мінәжатын арапша оқи бастайтын және өзі де Муллагұлді басын алға, артқа қарай изеумен секіре түсуге үндейтін (парсы тілінде мұны «эрре», яғни «ара», ал түрікшеде – «қарғу» деп атайды). Намаз оқылғаннан соң үйде Муллагұл тарапынан дауыстап айтылған бұл жалбарынуларды апам сүйсіне тыңдайтын. Дәруіш тарапынан түрік және парсы тілдерінде мәнерлеп оқылған өлеңдерді ол тіпті жаттап алатын, кейбіреулерін жазып алатын, маған олардың мағынасын түсіндіріп, оларды жаттап алуымды талап ететін-ді. Мұның бәрі діни, моральдық-этикалық мазмұндағы өлеңдер болатын. Бұл өлеңдерде ХІІ ғасырда өмір сүрген ұлы түркілік сопы ақыны Ахмет Ясауден бастау алатын суфизм рухы өте күшті, жанынды тебірентетін түрде бейнеленген еді. Мысалы: «Ақиқат жолы қандай деп өзінің жолын тапқан әулиелерден сұрасам қалай болар еді? Басымды иіп, аяғыңа жығылсам. Биік таулардың шынына шығып тақуа болсам деймін. Шұбатылған ала бұлтарды

* Быть в экстазе – есерлене желігү.

** Секта – бұл негізгі діннен белінген топ.

А.З.Валиди Тоган. Менің отбасымның мәдени байланыстары...

шакырып, тасқынды жаңбыр жаудырта алсам деймін. Қуарып қалған ағаштарға жан бітіріп, неге ғұлденген бау-бақшага айналдырмасқа? Ақсүңқар болып аспан астына дейін неге ұшып бармасқа? Ондағы түнерген бұлттарды қанаттарыммен қақ айырып, сан-санақсыз тұз аңқустарын аулауға шыға алсам ба деймін? Алланың атын тоқсан мың рет қайталай құстармен бірге ұшсам деймін, бұлбұлдармен бірге шетшетке дейін неге ұшып бармаймын?»

Бір көріністі еш уақытта ұмытпаймын. Мерекелік бір күні Муллагұл біздің үйде қонақта болатын. Әкем де, Муллагұл де пайғамбар өмірінен алынған бір оқиғаның мән-мағынасын мешіт алдында жиналған жұртқа түсіндіріп жатты: әлдеқандай мереке күні бір жетім бала сәндептіп жасақталған түйелерге мініп келе жатқан байбатшалардың балаларын көріп, «менің де түйеге мінгім келеді» деп жылап жіберген екен. Мұны байқап қалған пайғамбар оны жұбату үшін арқасына мінгізіп алып жиналған жұртқа қарай жүгіре жөнеледі. Әбу Бәкір оның бұл әрекеті мен қылышы пайғамбарға лайық емес дегендеге, пайғамбар: «Олай болса баланы арқалаган түйенің төлемін өтеп, оны бос қоя бер» деп жауап қатыпты. Әбу Бәкір балаға алты жаңғақ беріп түйе рөлін ойнаған пайғамбарды босатып алышты. Әкем жиналған жұртқа қаратса түрік тіліндегі мына бір өлең шумағын (олар ХІІ ғасырда өмір сүрген Шамс Тәбризиге⁶ тиесілі екен-міс) тақпақтай жөнеліпті: Егер күнәсіз бала, салт аттыдай мініп алған «түйенің» кім екендігін білсе, өзінің пайғамбарын он сегіз мың ғаламға да сатпаған болар еді. Бұл өлеңдерді әкем терең тебіреніспен он рет қайталады. Негізінде, бұл кішігірім театр қойылымы еді. «Жас бала болғандықтан, ол кімді түйе етіп мінгенін білмеді, бірақ та білгенде ол өзінің пайғамбарын күллі өткінші өлемге де айырбастамаған болар еді».

Осынау көнілге жұбаныш болатын азғантай ғана көрініс сондай әдеттен тыс, терең мағыналы сипат алыш, менің «өткінші» жанымды жарагалағандай сезімге бөлентіп, ақырында көзіме еріксіз жас алдырыды. Бұл ретте әкем – Әбу Бәкір, ал Муллагұл – пайғамбар рөлін ойнады. Ол діни мазмұндағы кейбір өлеңдерді әндептіп айтатын-ды, ал әуенін курай^{*} деп аталағын флейтеде^{**} ойнаған. Исламның дәстүрлерін ересектердің де, балалардың да алдында жаныңа жайғастыра, жандандыра өзгеше орнықты ете білді. Оның айтуынша, атақты Шамс Тәбризи өлеңдерді түрікшеде ғана емес, парсы тілінде де жазған. Бұл,

* Курай – бұл қазақшадағы курай (сыбызығы сияқты). Бұл жөнінде өлең де бар.

** Флейта – сырнай.

шын мәніндегі жоғары деңгейдегі қызу қанды дәруіш еді. Ол мұсылмандарды өзінің өлеңдерімен және діни экстазға түсіумен таңтамаша қалдыра, шабыттандыра білді. Муллагұл бізге орыс-жапон соғысы кезінде келген еді. 1918 жылы біздің ұлттық әскерлердің болімшелерімен ауылымда, үйде Муллагұлдің дәптерін көрдім. Менің әке-шешем муллагұл қайтыс болғаннан соң бұл дәптерге бұрындары Муллагұлден түрік және парсы тілдерінде естіген өлеңдерді енгізіп жазып қойған екен. Әкем тірі кезінде Муллагұлмен бірге бірнеше рет қайталап айтқан болуы керек. Олар аса жоғары деңгейдегі шығармашылық туынды болып, көңілінчен шығатын, нағыз сұңғылалығымен, өзіден өзі есте мөрленгендей сақталып қалынады. Дәруіш жаман әдеттерге де бойын алдырып жүрген...

Бірде үйімізге Муллагұл кіріп келгенде, анам ешкі сойдыртып, ет астырады. Муллагұл бір түйір етті қолына алыш «бұл иттің сыбағасы» ғой деп, оны итке тастай салады. Апам оған ашуланып, басына ожаумен бір ұрады. Сонда муллагұл дереу парсы тілінде жауап қатып, бізден 150 шақырым жердегі ауылымда тұратын жұбайына айқайлас жүтінеді: «Рахиля, мұғаллимамені ұрып жатыр!» Анам бейшара оның сан рет қайталап айтқан өлеңдерін ұмытпады және кейінректе оларды дәптерге түсіріп жүрді. Олардың мағынасы мынаған саяды: «Астың тәбетінді ашатын хош иісі мені асхана жаққа жетеледі және басыма ожаумен салып жіберктізді». Әрине, бұл өлеңдер сол сәтте бірден туындаған суырып салма өлеңдер емес еді. Оның жадында сақталып қалған мыңдаған жолдарды жағдайға байланысты есіне түсірген болуы керек. Ол мені өте жақсы көретін және кішкентай кезімде-ақ түрік және парсы тілдеріндегі ақылға қонымды өлеңдердің менің жадымда сақталып қалуына күш салатынды. Мысалы, «Егер сен аққөңіл жорлаушыны кездестірсөн, Аллах сені сарқылмас байлыққа кенелтеді» немесе: «Ұлым менің, егер сенің басқа адамға тілің тиіп кетпесе, өзің Аллахтың шапағатына бөление аларсың» және тағы да; Құдай аспанда ұшқан құстарға, суда жүзетін балықты сиға тартты, сол сияқты адамның басқа адамға билігін жүргізе алатындағы ғұмыр беріп көңілін қоштайтың».

Бірақ соңғы өлең жолдарының мағынасын ол түсіндірмей, тек «Өскен кезде ғана түсінерсің» деді. Мен де қазбалап сүрай бермедім. Әкем кейде Муллагұлді қорғаштай бізben пікір таластыратын және оны, бәлкім, өулие және көріпкел шығар дейтін. 1918 жылы мен Башкортостан үкіметінің басшысы болғанымда әкем маған. «Сен муллагұл

А.З.Валиди Тоган. Менің отбасымның мәдени байланыстары...

өлеңдерінің мағынасын енді үққан боларсың» деді және жоғарыда келтірілген қостармақты шумақты есіме салды.

Муллагұлден естіген бұл үзінділерді 1922 жылы иран әдебиетінің білгірі өзірбайжандық Ахун Юсуф Талибзадеге айтып бердім. Ол бұл өлеңдердің бәрі XII-XIII ғасырлардағы иран ақыны Аттар мен Жалалиддин Руми⁷ шығармаларынан келтірілген үзінділер ғана деп маған ыжданаттылықпен түсіндіре бастады. Мысалға, біздің дәруішіміз селжүктердің билеушісі Санжар және қарахандық Арслан-қаған жиі-жиі сопыға, түріктің діни мистигі Ахмет ясауи құзырына жаяу келіп-кетіп тұратындығы бейнеленген өлеңдерді есінде сактаған еді. Сырдариядағы сол сопының тұрағы рухани орталыққа және сол заманда төу ететін жерге айналған, тәуап етушілер сопы есігін қысылып ұян жүзбен қағатын, өздерін жолдың шаңы құрлы көрмей, оның табалдырығын аттаған бойы аяғын сүйетін-ді. Мұның бәрін мен мағынасыз және жөнсіз ойдан шығарылған нәрсе ғой деп қабылдайтын едім. Алайда, бұл өлеңдер Руми туындыларынан алғынған үзінділер екен. Кішкентай бала болғандықтан, ол кезде дәруіштің маған не айтып не қойғанын түсіне алмаған едім, оны шындарап қабылдай алмаған едім, және тек кейінректе ғана оның ұлы шайырлардың мирасын жадында және өне бойында сақтап жүргендігін жете түсіндім... Қалай болғанда да Муллагұл менің парсы және шағатай поэзиясы әлеміне кіруіме атсалысты, Ясауи атымен байланысты сопылық мәндегі исламның қалайша тараң, халықтың игілігіне айналғанын көрсетті. Ол өздерінің міндеттерін ресми орындаітын молдаларға, сондай-ақ екіжүзді, шын пейілмен сөйлемейтін адамдарға еш уақытта жақындаамайтын. Діни мәселелерге орай, әкемнің де кей-кейде исламның жөн-жосықтарын орындауда артықша қатаандық танытатындығын айыптай сөйлейтін. Мысалы, әкем менің әлі де тіптен жас бала екендігіме қарамастан азанғы (таңғы) намазға тұрғызатын. Муллагұл мені оятуға қарсы болып: «Ол әлі кішкентай жас бала, сондықтан намаздың ләzzатін сезінбейді, мәжбүрлеуден қандай мағына шығады?» – дейтін.

Тағы да бір жағдай есімде сақталып қалды: Ес білгеннен бері үйіміздің қонақ бөлмесінің қабырғасында бір оғаш сурет ілулі тұратын. Оның шетінде Ясауи, Аттар және басқа сопылардың өлеңдері жазылып, ал орта тұсында үш дәруіштің бастары салынған еді: үшеуі де жылап отыр, олардың көз жасы көл болып, бір деревняға жайылып кеткен-міс және бұл дәруіштер тоқтаусыз: «Ах, бұл махабbat – Алла, Алла!» деп айқайлап жібереді-міс. «Бұл не? Олардың арасында Құдай

жоқ қой, біз оның тұрағының қай жерде екенін білмейміз ғой, оны сүюге бола ма? Мәжнүннің Ләйлөні сүйгеніндегі Құдайды сүюге бола ма? Ол Ләйлә емес қой» деп сөзімді бітірмesten-ақ, әкем шапалақпен тартып жіберді: «Әй, доңыз, тілінді тартпайсың ба?» деп дүрсө қоя берді. Муллагұл дереу әкем мен менің арамызға тұрып алып, былай деді: «Ұстаз сен не істеп тұрсың? Бұл балада өзірге діни рух жоқ қой. Егер бұл рухты қолмен жасай алатын болсақ, құдай оны жасамаған болар еді. Бұл бала түбінде ғалым болар, бірақ ишан бола алmas, мүмкін старшина болар, бірақ шейх немесе оның мұриді болmas». Старшина Ресейде болыс бастығы есептелінеді, ол башқұрттың әскери басқармасындағы майор шеніне сәйкес келеді. Әкем дәруіштің мұндай ара тұсуіне қарсы емес еді. Муллагұл «орыс уламасы» деп аталатын, яғни өкіметтің ресми рұқсатымен ғана өздерінің міндеттерін орындағын молдаларды жақсы көрмейтін. Сол себепті ол менің немере ағам Хабибназармен, сондай-ақ біздің деревнядағы Бұқаралық сипаттас фанатик имам Кашиф-молдамен қатынаста болмаған, өйткені олардың екеуі де арнайы рұқсатпен ғана өздерінің міндеттерін орындаған жүрген жандар еді. Муллагұл қайтыс болғанда мен 14 жаста едім, сондықтан оның бар қадір-қасиетін бағалай алмадым. Тек ол қайтыс болған соң ғана ата-анамның ақылымен оның мені жаттауға мәжбүрлекен өлеңдерінің терең мәнін ұға алдым. 1918 жылы оның дәптерін тауып алып, әкем мен шешемнің ол дәптерге қосып жазғандарын оқығаннан соң ғана қаршадайынман мені олардың қандай ұлы құндылықтармен сусыннатқандықтарын түсіндім.

Орыс тіліне жаттығу

6-7 жасымда-ақ араб және парсы тілдерімен бір қатарда маған орыс тілін де үйрете бастаған. Үш тілді ерте кезден мұқияттап оқып-тоқу маған көп уақытымды үнемдеуге мүмкіндік берді. Есейген шағымда тілдерді табандылықпен үздіксіз үйренудің есесіне енді көптеген ғылымдарға қызыға қарап, кітаптарды көп оқуға уақытым болды. Мені неге ерте орыс тілін үйреніп-білуге ден қойдырды? Себебі мынада екен. Орыс армиясында қызмет етіп жүрген кезінде әкем орыс тілін білмегендіктен, көптеген келеңсіздіктерге тап болған. Ол басынан кешкен мына бір оқиғаны айтып отыратын. Намаз оқуға кіріспестен

А.3.Валиди Тоган. Менің отбасымның мәдени байланыстары...

бұрын және поллюциядан^{*} соң мұсылман міндепті түрде жуынып, дәрет алуға тиіс. Әскер қатарында жүрген әкемнің де осындаі міндептін орындауы ләзім еді. Түнде кезекші офицер әкемнің дәрет алғып жатқанын көріп, оны жазага тартады – ол құм толтырылған ауыр қапты арқалаған күйі бірнеше сағат бойы постыда тұруға міндептелді. Ауыр жүк езіп, әлсіреген әкем жазасын өтеп жатқан кезде жанынан орыс үкіметіне адал қызмет ететін топтың – «шамғалдың» өкілі – әскери қызметте жүрген дағыстандық бей өтіп бара жатып тоқтай қалады да қалың унiformадағы^{**} орыс офицерінен: «Оның күнәсі неден деп сұрайды. Офицер әкем кінәсінің мәнін айтқаннан соң, шамхал орыс офицеріне: «Оны менің жазалауыма рұқсат етіңіз» – деп әкемді өзімен бірге ертіп кетеді. Орыс тілін білмеген әкем онымен арабша сейлеседі, сонда шамхал өте риза болып жазалау мерзімі біткеннен соң оны орыс офицеріне табыстыайды да оған: «Бұл өте жақсы адам, оны өзіңе ординарец^{***} етіп ал», – деп кенес береді. Сейтіп, менің әкем орыс армиясының ординареци болған, бірақ тілді білмегендіктен, қызметі өте ауыр жағдайда өтіп, көптеген жазалаулар алған. Сонда ол егер үйленіп, ұл бала сүйетін болсам, оны ең алдымен орысша білетіндей етіп тәрбиелеймін, деп өзіне өзі сөз берген еken. Біздің ауылда орыс мектебі жоқ еді, ондай мектеп көрші Макарово ауылында ашылған-тын. Бірақ әкем мені ол жаққа жібермеді. Ол өзінің медресесіне қалалық орыс мектебін бітірген Абдурахман Миннибаев есімді мұғалімді шақырған. Ол маған орыс тілі сабағынан дәріс беруі керек еді. Екі жыл өткен соң біздің медресеге әкемнің тамырының баласы келе қалды. Ол да қаладағы орыс мектебін бітірген болатын. Ахмер атты деревнядан келген Шағыбек Өзбеков он бір жасқа келгенге дейін маған бастауыш мектебінің барлық бағдарламасы бойынша, оның ішінде орыс тілі де бар, дәріс беріп, мені жазбаша емтихандарға дайыннады. Макаров мектебінде емтихан тапсырдым, ол мектептің мұғалімі Мифтах Қарамышев емтиханнан өткендігім жөнінде құжатты табыстай келе, менің басқаларға қарағанда тілді менгеруім анағұрлым жақсы деп мақтады және Стерлитамактағы орыс

* Поллюция – (кейінгі латын тілінен алынған pollutio – ластану, былғану.) Ер адамның тұс көрген кезінде немесе, көбінесе жыныстық қатынастардан өзін тынып тұрған кездерінде ұрықтық ықтиярсыз жағдайдағы өз-өзінен ақтарылуы, шашылуы// slovarslor. ru\ slovar\bes\p\polljutsija. Html.

** Униформа – бір үлгідегі киім киген қызмет етуші.

*** Ординарец – белгілі бір командирдің тапсырмасын орындал тұратын әскери қызметкер.

мектебіне баруыма кеңес берді. Бірақ ата-анам орыс мектебінде оқуыма қарсы болып, мәні 1902 жылдың күзінде Утяқ селосындағы немере ағам Хабибназардың медресесіне апарды. Бұған ауылымыздың Хисам молданың «біздің құрметті молдамыз баласын орыс мектебіне беремін деп жатыр» деген зәрлі мысқылы да себепші болды.

Утяктегі оку (1902-1908)

Бұл ауыл бізден он төрт шақырым жерде еді, бірақ Хабибназардың араласып тұратын адамдары біздердікінен гөрі әлдеқайда өзгеше еді. Мен оның кітапханасы орналасқан бөлmede тұрып жаттым. Нағашы атамның бес ұлы және оның үш күйеу баласы да имамдар болып қызмет атқаратын. Ал немере ағам Хабибназарды жоғарыда аты аталған Кускардың көпес ұлы Әмірхан Қазанға әкеleп, ең атақты тәлімгер, ойшыл, көрнекті тарихшы Ш. Маржанидің медресесіне оқуға түсіреді. Ақырында, немере ағамның өзі Маржани медресесінде құрметті мұғалім, мұддарис^{*} көмекшісі болып қызмет атқарды, ислам тарихы бойынша «Мифтах ут тауарих» – «тарихтың кілті» атты еңбекті жариялады, медресе оқулықтары, әсіресе ислам философиясы бойынша түсініктемелер жазды. Араб тілінде жазылған еңбектерге түсініктемелер дайындал, бұл кітаптардың авторларының биографиясын да қоса келтірген. Ол арабшадан аударып, анекдоттар^{**} жинағын жариялады. Саяси мәселелер туралы түсініктерге ие еді, атақты Қырым ағартушысы – реформаторы Исмаил Гаспринский тарапынан 1883 жылдан бастап шығарылып тұрған «Тарджиман» газетін алдырып тұрған, ал суфизмде сол кездегі аса көрнекті шейх Троицкіде медресе ашқан тунгатар руының өкілі башқұрт Зейнулла – ишаның жолын ұстанды, Түркиядан жаңа прогрессивтік әдебейтерді жаздырып алып тұрды. Әкем сияқты ол да өз уақытының көп бөлігін араб тілінде жазылған философиялық және ахлақтық – дидактикалық мазмұндағы кітаптарды оқумен өткізді. Бірақ өзекті мәселелер бойынша олардың дүниетанымында өзгешеліктер де бар еді. Немере ағам Фламмарионның⁸ аудармасы бойынша күн жүйесінің құрылымын оқып, одан хабардар болған, Заманауи астрономиялық және математикалық түсініктерге толық ие еді. Ал әкем болса, бұл мәселелерге өзінің жалғыз ғана рухани тәлімгері, ХІІ ғасырдағы ислам

* Мұддарис – оку орны істерінің менгерушісі

** Анекдот – құлдіргі, ермек үшін айтылатын қысқа бір қақпайлар.

А.З.Валиди Тоган. Менің отбасымның мәдени байланыстары...

ойшылы әл-Фаззали⁹ көзқарасы тұрғысынан қараган. Ол Жердің домалақ, Айдың Жерден кішкене және Күннің Жерден әлдеқайда үлкен екендігіне сенген, ай мен күннің тұтылуы себебін түсінген, бірақ та Жердің өз осін айнала қозгалуына құдіктене қараган, өйткені Птоломейдің ықпалында болған Фазалли ұғымына сәйкес геоцентристік көзқарасты ұстануынан бір танбаған. Әкем Фазаллидің «Діни мағыналардың жаңаруы» еңбегінің кейбір тұстарына негіздел еліре вагаз^{*} айтатын. Кешке таман тез ұйықтап қалуы үшін бұл кітаптың басқа бір үзінділерін оқитын. Ол кезде менің жасым онда еді. Фазаллидің 1111 жылы қайтыс болғанын білмеппін. Әкем пайғамбар жасына жетіп дүниеден озсам жарап еді дейтін. Бірақ 80 жасында большевиктер қолынан қаза тапты.

Әкем де жыл сайын қырымдық ғалым Исмаил Гаспринскийдің газетін жаздырып алғып тұрды, ол ондағы аса маңызды хабарларды ғана оқитын. Әкемнің Гаспринскийдің газетте жарияланған жаңа реформаторлық идеясы қарастырылған мақалаларды түсінуге өресі жетпейтін-ді. Арапша жазылғандардың бәрінен ілтипатпен қарайтын, тіпті хабарландыру үшін берілетін беттердегі жарнамалық суреттерді де назарынан тыс қалдырмайтын. Шашқа қажет дәріні жарнамалаған Анна Жилағ атты әйелді даттамады. Сонымен, әкем фанатик молдалардан бойын аулақ салып жүрсе де, ол консерватизм позициясынан айныған емес. Хабибназар өзін алдыңғы қатарлы зиялыштар тобына жақынырақ ұстады. Мұның өзі менің немере ағама деген бейілдігімді күшетті.

ЕСКЕРТУЛЕН

¹Герберштейн Сигизмунд (1486-1566) – немецкий дипломат и путешественник; во главе дипломатической миссии императора Максимилиана I посетил Россию в 1517 и 1526 гг., автор «Записок о Московитских делах», содержащих географическое описание России и характеристику ее экономики, быта и религии, а также историю России с древнейших времен.

²Мехмет II (1784-1839) – Турецкий султан, провел реформы по «европеизации» страны.

³Накшбанде Бахааддин (ум. 1388/89) – основатель дервишского ордена «накшбандийя», шейх, резчик (накшбанд) по металлу, а затем палач при дворе чингизида Казан-хана. В Средней Азии влияние ордена упрочилось в середине XVв., В Индии орден играл значительную роль в XVI веке в период Монгольской империи. К этому ордену возводили себя также сектанты-ваисовцы, получившие

* Вагаз – уағыз.

распространение среди татар Поволжья во второй половине XIX века. В Турции, где шейхи накшбандий активно участвовали в антиреспубликанских выступлениях, орден был распущен и его храмы закрыты в 1925 году.

⁴Аттар (ок. 1119 – г. смерти неизв.) – персидско таджикский поэт-мистик, собрал в своих произведениях множество интересных рассказов, почерпнутых из восточного фольклора. Основное произведение – поэма «Беседа птиц» является одним из крупнейших литературных памятников суфизма. Ему принадлежат также «мухтар-наме», «Книга назидания», «Книга восхождения», антология «Жизнеописание шейхов» и др.

⁵Ясави Ахмед (ок. 1105-1166) – среднеазиатский суфийский поэт и проповедник. Широком распространением пользовался сборник его мистических духовных стихов «Хикмат» («Сокровенное»). В стихотворных произведениях призывал помогать нуждающимся, обличал жадность и лицемерие официальных представителей ислама. Стихи поэта многократно издавались в Казани и Ташкенте.

⁶Шамс Тебризи – суфийский поэт XIII века, учитель Джалалиддина Руми.

⁷Руми Джалалиддин (1207-1273) – персоязычный поэт-суфий, в Конье (Турция) создал суфийскую общину мевлеви, сыгравшую большую роль в общественной и политической жизни того времени и последующих веков. Здесь же были написаны лирическое диваны и ряд суфийских трактатов. Наибольшую славу принесла Руми созданная им и последние годы жизни поэма «Масиеви-и-маневи», содержащая толкованные основных положений суфизма.

⁸Фламмарион Камиль (1842-1925) – французский астроном. Широко известен как автор научно-популярных книг по астрономии, из которых наибольший успех имела «Популярная астрономия» (1880), переведенная на многие языки мира.

⁹Газали (1059-1111) – мусульманский богослов и философ. Наиболее распространение получил его труд «Возрождение наук о Вере», в котором изложены основы мусульманского богословия и этики. Известно также его «Опрровержение философов».

Аударған Сайран Ә.

(Жалғасы. Басы откен санда).

МАЗМУНЫ, CONTENTS

ТҮРКІ ЖАЗБА ЕСКЕРТКІШТЕРИ		
Сартқожаұлы К. (Астана) Sartkozhauly K. (Astana)	Суджинские надписи (новый перевод и толкование) Inscriptions of Sudjin (a new translation and interpretation)	3-19
ТІЛ ТАРИХЫ ЖӘНЕ ҚҰРЫЛЫМЫ		
Филиппов Г.Г. Винокуров И.П. Ефимова Л.С. (Якутск) Filippov G.G. Vinokurov I.P. Efimova L.S. (Yakutsk)	Вклад С.Д. Егиновой в развитие якутской лексикологии Contribution of S.D. Eginov in the Development of the Yakutia Lexicology	20-26
Файзула Г. Аманжолова К. (Түркістан) Faizulla G. Amanzholova K. (Turkistan)	Ески қыпшак тіл – қазіргі қыпшак тілдерінің негізі ¹ The old Kypshak language – the basis of the contemporary Kypshak languages	27-33
Абдиев А. (Нұкис) Abdiev A. (Nukus)	Применение слов, освоенных из других языков в эпосе «Алпамыс» Use of the word, the development from other languages in the epic "Alpamys"	34-43
ӘДЕБИЕТТАНУ ЖӘНЕ ФОЛЬКЛОР		
Мурзагулова З.Г. (Уфа) Murzagulova Z.G. (Ufa)	Проблема документализма и художественного вымысла в башкирских исторических романах The problem of fiction and documentary character in the Bashkir historical novels	44-47
Мәмбетов К. (Түркістан) Mambetov K. (Turkistan)	М.Дулатұлы – қазақ әдебиеттану ғылымына мол үлес қоскан ұлы тұлға M.Dulatuly - Kazakh Literary Science Maximum Contribution to a Great Personality	48-59
Арипжанова Т.О. (Шымкент) Aripzhanova T.O. (Shymkent)	Сырбаз сыншы Elegant Critic	60-65
Изелбаев М. (Уфа) Idelbayev M. (Ufa)	Бейсембай Кенжебаев һәм төрки телле халықтар әзәбиәтте ғилеме Science Literature of Turkic-Speaking peoples and Beisenbai Kenzhebaiuly	66-73

Салгараулы К. (Астана)	Кұдайлар дәуірі	74-91
Salgarauly K. (Astana)	Era of Gods	
Şengün A. Şengün A. (Türkistan)	Güney Kazakistan'da Halk Hekimliğinde Kurban ve Kurban kaniyla tedavi	92-99
Shengun A. Shengun A. (Turkistan)	Curing with sacrifice and blood of sacrifice in folk medicine in Southern Kazakhstan	

ТАРИХ ЖӘНЕ АРХЕОЛОГИЯ

Ергөбек Ш. (Алматы)	Қазақ хандарының саяси және құқықтық мүрттараты және оның ерекшеліктері	100-115
Ergobek Sh. (Almati)	Policies and Objectives of the Kazakh Khans, Rights and Its Features	
Әбушаріпұлы С. (Түркістан)	С. Қожанұлының мемлекетшілік туралы көзқарастары	
Abusharipuly S. (Turkistan)	Views of S. Kozhanuly on State	116-133
Динашева Л. Абдурахманова Н. (Түркістан)	XIX ғасырдың соңында Қазақстанның Оңтүстік облыстарында жүргізген қоныс аудару саясаты тарихынан	134-150
Dinasheva L. Abdurahmanova N. (Turkistan)	Of political history on the move in South Kazakhstan region for the Royal Russia in the late nineteenth century	

АРХЕОЛОГИЯ ЖӘНЕ ӨНЕР

Жолдасбаев С. Бахтыбаев М. т.б. (Түркістан)	2014 жылы ортағасырлық Сығанақ қаласында жүргізілген зерттеулер	151-156
Joldasbayev S. Bakhtybayev M. (Turkistan)	Conducting research on medieval city Sygnak in 2014	

СЫН

Досыбаева А. (Шымкент)	Өлең сыннының өрен жүйрігі	157-164
Dosybayeva A. (Shymkent)	Poetry Criticism of the Best	

ТҮЛІГА

3.В. Тоган Z.V.Togan	Менің отбасымның мәдени байланыстары The Cultural Attitude of my Family	165-180
-------------------------	--	---------

БАЙЛАНЫС

Түркология ғылыми-зерттеу институты
Түркістан/ҚАЗАҚСТАН

e-mail: turkologi@mail.ru

Басылым: Ахмет Ясауи университетінің «Тұран» баспаханасы

Редакцияның мекен-жайы:

161200, Қазақстан Республикасы, Оңтүстік Қазақстан облысы Түркістан қаласы

Тәуекешан данғылы № 7

Телефон. 8 (72533) 3-21-17

Факс: 8 (72533) 3-31-63

Журналдың электрондық нұсқасын turkology.iktu.kz сайтынан оқуға болады.

Авторлардың мақалаларындағы ой-пікірлер редакцияның
көзқарасын білдірмейді.

Техникалық редактор Ж.Танауова

Көлемі 70x100 1/16. Қағазы офсеттік. Шартты баспа табағы 11,5.
Таралымы 500 дана. Тапсырыс 630.